

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘӨЖ: 327:574:043

Қолжазба құқында

НЫШАНБАЕВ НУРБОЛАТ КАЙРАТОВИЧ

**Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі
мемлекет сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат принципі:
Қазақстан Республикасы мысалында**

8D03105 – Халықаралық қатынастар

Философия докторы PhD
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:
т.ғ.д., профессор М.А.Ауган

Шет елдік ғылыми жетекші: PhD доктор,
профессор И.К.Бонненфант
Таяу шығыс техникалық университеті
(Анкара қ., Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫН АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ РЕСМИ ҚҰЖАТТАР МЕН МӘЛІМДЕМЕЛЕР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	21
1.1 Көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасын зерттеудің теориялық негіздері.....	21
1.2 Көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың қалыптасуының геосаяси және трансконтиненталды алғышарттарын әдістемелік зерттеу ерекшеліктері.....	35
1.3 Орта держава тұжырымдамасы және Қазақстанның сыртқы саяси бағытының қалыптасуында векторлардың қалыптасу негіздері.....	51
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	65
2.1 Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасу кезеңдері.....	65
2.2 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы қалыптасуында халықаралық институттардың рөлі мен маңызы.....	79
2.3 Халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлық дипломатияның қазақстандық моделі.....	87
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ САЯСАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	106
3.1 Қазақстанның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық өзгерістерге бейімделуі.....	106
3.2 Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының жүзеге асуында Орталық Азия бағыты.....	123
3.3 Көпвекторлы саясаттың батыс бағытының болашағы: сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер.....	139
ҚОРЫТЫНДЫ... ..	154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	158

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
КВС	Көпвекторлы саясат
ХҚЖ	Халықаралық қатынастар жүйесі
СҚ	Сыртқы саясат
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
НАТО	Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы
АӨСШК	Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес
ЕО	Еуропалық Одақ
БРИКС	Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ОАӨ	Орталық Азия өңірі
ИҰҰ	Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы
ОД	Орта держава
КҚА	Қауіпсіздік және қарым-қатынас агенттігі
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫН АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ РЕСМИ ҚҰЖАТТАР МЕН МӘЛІМДЕМЕЛЕР

1. «Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасы» (2005 жыл)
2. «Қазақстан Республикасының 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы»
3. «Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы»
4. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» (1995 жыл, қабылданған 30 тамызда)
5. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2005 жыл)
6. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы
7. БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ЕАЭО, ИЫҰ шеңберіндегі Қазақстан қол қойған халықаралық келісімдер мен декларациялар
8. Қазақстан Президенттерінің (Н. Назарбаев, Қ. Тоқаев) сыртқы саяси бағытқа арналған Жолдаулары мен ресми баяндамалары

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда халықаралық қатынастар жүйесінде «көпвекторлы сыртқы саясат» тұжырымдамасына ғылыми концептуалдық тұрғыдан баға беріліп, Қазақстан Республикасының мысалында талданады. Зерттеу жұмысы аясында, халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы теориялық және әдістемелік негізде ғылыми талдау негізінде анықталып, сыртқы саяси модель ретінде мемлекеттің сыртқы саясатындағы рөлі анықталады. Халықаралық қатынастар жүйесінде, көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының рөлі анықталып, Қазақстан Республикасы мысалында, халықаралық институттар, аймақтық векторлары статусы және аймақтағы күштер балансы тұжырымдамалар негізінде талдау жүргізілді. Қазақстанның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық геосаяси өзгерістерге бейімделуі, дипломатиялық стратегияның мүмкіндіктері мен мәселелеріне ғылыми талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы, жаһандық саясатта алып державалар арасында геосаяси теке-тірестер артқан кезеңде, ерекше маңызды ие стратегиялық саясатқа айналды. Жаһандану қарсаңында көпвекторлық сыртқы саясат стратегиясы мемлекеттер үшін ықпалын арттырып, ұлттық мүддені қамтамасыз етуде. Қазақстанның геосаяси ерекшелігі мен мол табиғи ресурстары аймақтағы Ресей, Қытай және Батыс елдері арасында ішінара балансқа негізделген көпвекторлық сыртқы саясат стратегиясын қалыптастырды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 24 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан бейбітсүйгіш, ашық және сындарлы сыртқы саясатты ұстанады. Біз барлық елдермен өзара құрметке, сенімге және тең құқықты әріптестікке негізделген қатынастар орнатуға ниеттіміз» деп атап өткен болатын. Бұл мәлімдеме Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының мәнін айқын көрсетіп отыр. Қазақстан халықаралық құқыққа негізделген әділ, әрі көпполярлы әлемдік тәртіпті қолдай отырып, жаһандық деңгейдегі ынтымақтастық пен сенімнің нығаюына өз үлесін қосуға ұмтылып келуде. Елдің мұндай ұстанымы мемлекетті орта держава ретінде қалыптасып, халықаралық қатынастарда тұрақтылық пен диалогты алға тартатын жауапты акторға айналғанын көрсетеді [1].

Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап, сыртқы саясатты көпвекторлы ұстанымға негізделіп келеді. Сәйкесінше, бұл қағидаттың маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түсуде. Көпвекторлы сыртқы саясаттың нәтижесінде, Қазақстан халықаралық қатынастардағы негізгі қақтығыстардан және аймақтық қарама-қайшылықтардан өзін бейтарап ұстап, дербес сыртқы саяси бағытын қалыптастыра алды. Аталмыш стратегия Қазақстанға сыртқы саяси басымдықтарын теңгерімді түрде жүзеге асыруға, қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық және халықаралық аренада беделін нығайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстанның бітімгершілік миссиясы сыртқы саясаттағы негізгі басымдықтардың біріне айналып, елдің халықаралық аренадағы тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға бағытталған жауапты ұстанымын көрсетіп отыр. Қазақстанды - Азиядағы бейбітшілік платформасы ретінде сипаттауға толық негіз бар.

Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, сыртқы саяси бағдарын анықтау, елдің өзі үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағы үшін маңызды мәселе болды. 1992 жылдың мамыр айында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты мақаласында алғаш рет көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы ұсынылды [2]. Қазақстанның геосаяси орналасуы және аймақтағы негізгі халықаралық мүдделі күш орталықтарымен қарым-қатынасы халықаралық қатынастар саласындағы көптеген ғылыми зерттеулердің маңызды нысанына айналды. Бүгінде, халықаралық жүйе қарқынды трансформациялық процестерді бастан өткеріп, жаһандық тәртіп көп-полярлы жүйеге көшуде. Нәтижесінде, құрылымдық тепе-теңдікке негізделген көпвекторлы сыртқы саясат моделі айрықша маңызға ие болып отыр. Бұл модель сыртқы саясаттағы бейтарап ұстанымды сақтап, әрбір мемлекеттің ұлттық стратегиясын қалыптастыру үшін тиімді құралға айналды. Қазақстанның көпвекторлы саясаты халықаралық қатынастардағы тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайында сыртқы қауіптерді теңгеруге, елдің егемендігін нығайтуға және оның халықаралық беделін арттыруға бағытталған ұзақмерзімді стратегиялық шешім. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасуы, эволюциясы мен жаһандық өзгерістерге бейімделуі – халықаралық қатынастар теориясы мен сыртқы саясатты зерттеудің маңызды аспектілерінің біріне айналғаны сондықтан. Диссертациялық зерттеу жұмысында көпвекторлы саясаттың ғылыми негіздерін, оның халықаралық жүйедегі орны мен ықпалын, сондай-ақ Қазақстанның аймақтық және жаһандық деңгейдегі сыртқы саяси стратегиясын талданады. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының концептуалды негіздерін қалыптастырып, оның негізгі принциптерін айқындайды.

Зерттеудің өзектілігі жаһандық және аймақтық сын-қатерлерге бейімделе отырып, Қазақстанның сыртқы саясатының тиімділігін бағалау мен оны одан әрі жетілдіру жолдарын анықтауда. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық және практикалық негіздерін саралай отырып, халықаралық аренадағы орнын нығайтуға ықпал ететін ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар ұсынады. Жаңа геосаяси жағдайларда көпвекторлы сыртқы саясатты жетілдіру, тиімділігін арттыру және Қазақстанның халықаралық беделін одан әрі нығайту үшін кешенді және терең зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті болып отыр. Диссертациялық жұмыс бұл бағыттағы әдебиеттер ішіндегі ғылыми бастықты толықтыруда ықпал ететін болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының мемлекет стратегиясындағы рөлін Қазақстан Республикасы мысалында талдау.

Зерттеу жұмысында келесідей **міндеттерді** орындау көзделген:

- Халықаралық қатынастар теориясындағы көп векторлы саясаттың маңызы мен рөлін зерттеу.
- Қазақстанның көп векторлы саясат стратегиясының даму тарихын және оның негізгі басымдықтарын зерделеу.
- Қазақстанның маңызды халықаралық серіктестіктерін және келіссөздерін талдау арқылы саясаттың тиімділігін бағалау.

- Қазақстанның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесін талдау.

- Қазақстанның сыртқы саяси стратегияларының ұлттық мүдделерді қолдау және дамыту бойынша тиімділігін анықтау.

- Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын одан әрі жетілдіру үшін стратегиялық ұсыныстар дайындау.

Зерттеу нысаны. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты және оның қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны.

Зерттеудің пәні. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы көпвекторлы саясат стратегиясының мазмұны, оны іске асырудың ерекшеліктері және халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Диссертацияда 1991-2023 жылдар аралығындағы Қазақстанның көпвекторлық сыртқы саяси бағытының қалыптасу кезеңі қамтылады.

Зерттеудің деректік негізі. Диссертация жұмысының деректік негіздерін ауқымы мен бағыты бойынша бірнеше салаларға бөліп қарастыруға болады. Дерек көздерін мазмұны, бағыты, тілі, форматы бойынша келесідей категорияларға бөліп қарастырамыз.

Бірінші топ: Қазақстан және халықаралық ұйымдардың құқықтық актілер мен мемлекеттік органдар тарапынан жарияланған мәлімдемелер жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы сыртқы саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2014–2020 және 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамалары [3-5], Қазақстан Республикасының Ата заңы [6], Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңы [7], Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы заңнамасы [8] Қазақстанның сыртқы саяси бағыты мен ұстанымы бойынша жарияланған құқықтық мәлімдемелер мен ережелер. Аталмыш құжаттарда Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының қалыптасуы бойынша базалық деректер қамтылған. Сонымен қатар, аталмыш деректер Қазақстанның халықаралық аренадағы стратегиялық бағыт-бағдарын талдауға мүмкіндік береді.

Екінші топқа жататын дереккөздер – зерттеудің негізгі базасын құрайтын дипломатиялық құжаттар. Бұл топқа ең алдымен Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытына тікелей қатысты көпжақты және екіжақты келісімдер, стратегиялық құжаттар, дипломатиялық ноталар мен мәлімдемелер. Атап айтқанда, Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты аясында халықаралық ұйымдармен, БҰҰ жүйесімен жасалған келісімдер, мәдениет, қауіпсіздік және даму мәселелері бойынша қабылданған конвенциялар мен декларациялар. Аталмыш құжаттар Қазақстанның аймақтық және жаһандық деңгейдегі орта держава ретіндегі орнын, сондай-ақ ірі державалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау мақсатындағы дипломатиялық ұстанымдарын талдауға мүмкіндік береді [9–14].

Үшінші топқа жататын дереккөздер –отандық және шетелдік зерттеу институттары мен сараптамалық орталықтардың (think tank) аналитикалық баяндамалары[15-19]. Бұл дереккөздер Қазақстанның орта держава ретіндегі қалыптасуын және көпвекторлы сыртқы саясатының эволюциясын аймақтық әрі

жаһандық контексте салыстырмалы түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Аталған материалдар елдің сыртқы саясаттағы басымдықтары мен стратегиялық серіктестік бағыттарын анықтауда, сондай-ақ геосаяси маневр жасау қабілетін бағалауда маңызды аналитикалық негіз болып табылады [20-23].

Төртінші топ– мемлекет басшылары мен үкімет өкілдерінің ресми мәлімдемелері, сұхбаттары мен баяндамалары. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған жолдаулары [24–27], халықаралық мінберлердегі сөз сөйлеулері [28–31], сондай-ақ ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың сыртқы саясатқа қатысты баяндамалары мен концептуалдық мазмұндағы сөздері [32–35] Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының мазмұнын, ұстанымдарын және орта держава ретіндегі стратегиялық бағыт-бағдарын анықтауға негіз болды. Бұл дереккөздер Қазақстанның сыртқы саяси дискурсында теңгерімділік, егемендік және серіктестік принциптерін қалай ұстанатынын көрсетіп, елдің сыртқы саясаттағы рөлін бағалауға мүмкіндік берді.

Бесінші топқа жататын дереккөздер – анықтамалық материалдар мен ресми деректер жинағы, түрлі статистикалық мәліметтер [36-40], халықаралық рейтингтер, сыртқы саясатқа қатысты индекстер, сондай-ақ ресми ұйымдардың (мысалы, БҰҰ, ДСҰ, Дүниежүзілік банк) сайттарындағы мәліметтер [41–49] енді. Аталған дереккөздер Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының тиімділігі мен орта держава ретінде танылуына ықпал ететін негізгі факторларды талдауға, сондай-ақ елдің халықаралық аренадағы орны мен ықпалын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Бүгінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат мәселесі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттелуде. Диссертациялық жұмыста бұл бағыт аясында жарияланған ғылыми мақалалар, монографиялар, халықаралық конференция материалдары мен сараптамалық орталықтардың баяндамалары жан-жақты талданып, көпвекторлы саясат тұжырымдамасының зерттелу деңгейі айқындалды.

Халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саяси бағыт түсінігі көптеген ғылыми зерттеулерге негіз болды. Рейел Р. Хэнкс “Multi-vector politics” and Kazakhstan’s emerging role as a geo-strategic player in central Asia” атты мақаласында Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатына идеологиялық негізі жоқ, прагматикалық сипатқа ие дипломатиялық стратегия деп баға береді [57]. Идея ретінде, алғаш рет 1992 жылы Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы жөніндегі стратегия ретінде ресми жарияланған еді. Аталмыш стратегия бойынша, сыртқы саясаттың басты мақсаты- елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы орта құру, саяси-экономикалық реформаларды қолдау.

Халықаралық қатынастар жүйесінде, Контессе Н.П. зерттеуі бойынша көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымы - «әлсіз мемлекеттердің асимметриялық байланыс аясында, тәуелділік дилеммаларын жеңілдетуге мүмкіндік беретін қатынастық күш формасы» деп анықтаған [58]. Александр Кулидің, Қазақстан және басқа да Орталық Азия мемлекеттері Ресей, Қытай және АҚШ арасындағы бәсекелестікті ұлы державаларды бір-біріне қарсы қою арқылы өз мүдделеріне пайдалануға бағытталған, нөлдік емес (zero-sum game) формадағы

дипломатиялық көзқарастар жиындығы деп атайды [23]. Сәйкесінше, бұл стратегия Қазақстанның геосаяси орналасуы, халықаралық қатынастар тарихындағы өзге де алып державалар арасындағы «орта держава» мемлекеті ретінде қалыптасуына өзіндік моделін қалыптастыруға негіз болды.

Көпвекторлы саясаттың бағыты мен логикасын, тарихи қалыптасу эволюциясын теориялық негіздерін түсінуде реализм теориясы арқылы зерттеу орынды деп білеміз. Реализм теориясына сәйкес, күштер балансы танымы бойынша, мемлекеттер ықтимал гегемонның басым күшінен қорғану үшін, баламалы басқа мемлекеттермен одақтар құрады. Бұл ұзақ мерзімді стратегия болғандықтан, кейбір жағдаяттарда нақты таңдау жасау күрделі. Ықпалды, қарсы тараптар, "бандвагонинг" стратегиясын қалыптастырды. Бұл бағыт бойынша, екі немесе одан көп мүдделі тараптар арасында қалған мемлекет, тек бір бағытты, күштірек державамен одақтасады. Бұл стратегия мемлекеттің тәуелсіз саясат жүргізуіне мүмкіндік бермейді. Екіншіден, қай тараптың ықпалы басым, соңында «жеңіске» кімнің қол жеткізетінін дәл болжау қиындық туғызады [52]. Аталмыш теориялық парадигма көпвекторлы сыртқы саясат бағытының халықаралық қатынастар жүйесінде өзіндек ғылым объектісі ретінде зерттеле түсуіне негіз жасады. Стивен Уолт, күш теңгерімі (күштер балансы) стратегиясы тиімді бағыт, мемлекет әлсіз болғанда ғана, әрі баламалы одақтастар табылмаған жағдайда ғана елдер "бандвагонинг" стратегиясын қолданады деп қорытындылайды [59]. Қазақстан Республикасы мысалында, көпвекторлы сыртқы саясат доктринасын күш балансы стратегиясы да, "бандвагонинг" стратегиясы да толық түсіндіре алмайды. Себебі, бір мезетте өңірде ықпалға ие Ресей, ҚХР, АҚШ сында тараптармен саяси тығыз байланыс, екіншіден ЕО елдерімен кіріктірілген экономикалық қарым-қатынас Қазақстан үшін бір мезетте бірнеше тараптармен теңгерімді - тежемелі ұстанымына негізделген байланыс қалыптастыруына негіз болды.

Мазмұны мен бағыты бойынша халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы бойынша әдебиеттерді, батыстық академиялық әдебиеттер, ресейлік және қазақстандық зерттеу еңбектері деп жеке дара бөліп қарастырамыз. Аталмыш мақалалардың бөлінісі шартты, әрі нақты бір аймақтың ортақ түсінігін түсіндірмейді. Себебі, тілдік нарратив аясында көпвекторлы сыртқы саясат немесе батыстық әдебиеттерге кеңінен қалыптасқан мультивекторизм ұғымы әртүрді мәнде интерпретацияланып, ортақ тұстарымен қатар ерекшеліктері де бар. Сондықтан, шартты түрде тақырыптың зерттелу деңгейін ауқымды әдебиеттерге шолуда, батыстық, ресейлік және отандық әдебиеттер негізі деп бөліп қарастыруды жөн санадық.

Батыстық әдебиеттер. Көпвекторлы сыртқы саясат бағыты батыстық әдебиеттерде ерте кезеңдерден бастап зерттелгеніне қарамастан, бірнеше тұжырымдамалар арқылы сипатталып келген. Кейбір идеялық қарсы пікірлер болғанына қарамастан, барлық әдебиеттерге ортақ тұс - көпвекторлы сыртқы саясат парадигмасы күрделі, көпполярлы жүйе аясында геосаяси өзгерістерге прагматикалық жауап ретінде анықталуында.

Халықаралық қатынастар жүйесінде, көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы құрылымдық күштер мен халықаралық жүйедегі өзгерістер аясында, мемлекеттің қауіпсіздігі мен автономдығын арттыруға бағытталған қадамдар аясында

қалыптасады. Уальтс.К. "Халықаралық саясат теориясы" еңбегінде анархиялық жүйеде, шағын және орта мемлекеттер өз тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін сыртқы саяси байланысын барынша диверсификациялайды деп атап өтеді. Яғни, мемлекет үшін қауіпсіздік арқылы суверенді статусын қорғау басты мақсат етеді деп қорытындылайды [60]. Стефан Уальтс "Одақтар тарихы" (The Origins of Alliances) деп аталатын классикалық еңбегінде мемлекеттер қауіптің алдын алу үшін ұлттық мүддесі аясында одақтар құрып, сыртқы саясаттың құрылымдануы халықаралық саясат тарихында қалыптасқан ортақ даму жолы екендігін айтады [59]. Аталмыш еңбектер, көпвекторлы сыртқы саяси бағыт парадигмасын классикалық реализм теориясы тұрғысынан талдаудың негізін қалады.

Либерализм танымы аясында, көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың экономикалық және институционалдық байланысына ерекше мән берілген. Коэн. Р. пікірінше, орта державалы мемлекеттер әдетте алып державалармен байланыс қалыптастыруда өзара тәуелділік ұстанымын қалыптастыруға мүдделі. Себебі, тығыз экономикалық интеграция мемлекеттер арасында "өзара тәуелділік" қалыптастырып, ұзақ мерзімді бейбітшілікті сақтауға жол салады деп түсіндіріледі [61].

Александр Вендттің, "Халықаралық саясаттың әлеуметтік теориясы" кітабында сыртқы саясаттың қалыптасуына мемлекеттің тарихы мен құндылықтар жүйесі тікелей ықпал етеді деген ұстаным айтылады [62]. Қазақстан мысалында көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың қалыптасуында пост-кеңестік, исламдық, түркілік құндылықтар жүйесінің тікелей ықпалы болды.

Батыстық зерттеулер қатарында, көпвекторлы сыртқы саяси бағыт пост-кеңестік кеңістік аясында бірқатар ғалымдар зерттеді. Аталмыш зерттеулерге тән ортақ ерекшелік, Н.Ә.Назарбаевтың "Еуразия батыс пен шығыс арасындағы көпір" тұжырымдамасы аясына саяды. Көпвекторлы сыртқы саяси бағытты өркениеттер, құндылықтар арасындағы әлеуметтік баланс ретінде ғылыми негіздеген. Мысалы, М.Ларуель Қазақстанда ішкі саяси даму жолында, "ұлт қалыптастыру" процесі сыртқы саясат стратегиясымен тығыз байланысты болды деп түйіндейді. Яғни, көпвекторлы саясат, теңгерімді бағыт мемлекеттің ішкі саясатында, азаматтардың өзара байланысында да көрініс тапты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «ұлт қалыптастыру саясаты» сыртқы саясат мультивекторизм деген атаумен танылды [63]. Дж.Манкофтың зерттеуінде Қазақстанның Ресеймен тарихи байланысы, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саяси бағытын қалыптастыруда Еуразиялық идея формасында шешуші рөл атқарғанын талдады. Бұл ұстаным, Кули .А. [23], Хантер. Ш. [64], Шатц. Э. [65], Либман. А. [66] зерттеулерінде де айқын көрініс тапқан. Қазақстан көпвекторлы сыртқы саяси бағытын қалыптастыруда, шығыста ҚХР арқылы Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы, солтүстікте Еуразия Экономикалық Ұйымының негізі қалап, батыспен экономикалық серіктестік негізінде, Түркия және Ислам әлем елдерімен Түркі мемлекеттері ұйымы, Ислам Ынтымақтастығы ұйымы институционалды форматта қалыптасқан еді.

Батыстық әдебиеттердің келесі бір зерттеулер тобы, Қазақстанның мұнай, газ және минералдарға бай қоры ерекше назар аударып, көпвекторлы сыртқы саяси бағытының қалыптасуына ықпалын зерттеген. Негізгі идеясы, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестиция тартумен, шикізат өнімдерін жаһандық

нарыққа тиімді экспорттау мақсатында көпвекторлы сыртқы саясат тиімді болды деген пікірді ұстанады. Бұл бағыттағы зерттеулерде, Ергин. Д. [67], Чоу. Э. [68], Шаффер .Б. [69] сынды ғалымдар Каспий құбыры консорциумы арқылы Қазақстан инфрақұрылымдық тұрғыдан Ресейге тәуелділікті төмендетті деп түйіндесе, Помфрет.Р. [70], Олкотт. М.Б. [51], Анчески. Л. [71] энергетикалық байланыс пен батыстық компаниялардың Қазақстан нарығына кірігуіне ерекше мән береді.

Келесі бір әдебиеттер тобы, көпвекторлы сыртқы саяси бағытты аймақтық деңгейде емес, халықаралық шиеленістердің шешімін табуға бейтарап ел ретінде, медиаторлық маңызына ерекше мән берді. Мысалы, Хилл. Ф. [72], Тренин .Д [46], Қазақстанның Ресей мен Батыс арасындағы, Сириядағы қақтығысты реттеуде, бейтарап мемлекет ретінде маңызына ерекше назар аударды. Бұл топтағы еңбектердің басым бөлігі, классикалық әдебиет ретінде З.Бжезинскийдің "Шахмат тақтасы" еңбегіне сілтеме береді [73]. Аталмыш ғылыми еңбектер Еуразия даласының геосаяси маңызы мен жаһандық тұрақтылыққа ықпалына ерекше көңіл аударған.

Жалпы, батыстық әдебиеттерде көпвекторлы сыртқы саясатты «прагматикалық дипломатиялық дилемма» ретінде салалы негізде зерттелген. Сонымен қатар, белгілі бір деңгейде көпвекторлы сыртқы саясаттың ұзақ мерзімді және идеялық сипатта ерекшеліктері мен қатар шектеулері бар екендігі туралы біршама еңбектерде айқын жазылды. Мысалы, Лука Анчески [71] мен Эдуард Шац[65] сынды ғалымдар көпвекторлы саясаттың қалыптасуын Н.Ә.Назарбаевтың жеке көшбасшылығына тәуелділігін сынап, «пост-Назарбаев» кезеңі қарсаңындағы тұрақтылығына күмәнмен қараған болатын. Қазақстанның Ресеймен тығыз серіктестік қарым-қатынасы мен Батыс елдерімен ынтымақтастығы арасындағы геосаяси шиеленістерді күшейтетін қайшылықтарға ерекше назар аударып, көпвекторлы сыртқы саяси бағыт доктрина ретінде демократиялық ұстанымдарға негізделмегендігін сынаған.

Пейруз.С [74], Панье. Б. [75] зерттеулерінде Қазақстанда саяси институттардың демократиялық реформалар негізінде жаңартылмай, биліктің орталықтандырылуы сынды мәселелер көпвекторлы стратегияның тұрақтылығына нұқсан келтіретінін атап өткен. Александр Кули Қазақстанның Ресей, Қытай және АҚШ секілді, аймақтағы бәсекелес державалармен бір мезгілдегі байланысы стратегиялық емес [23], қысқа мерзімді тактикалық қадам деп түсіндіріледі. Жалпы алғанда, батыстық әдебиеттер Қазақстанның көпвекторлық саяси бағытын зерттеуде, экономика, энергетика және қауіпсіздік тараптарынан зерделеп, Қазақстанды жаһандық жүйенің толық, бейтарап саяси субъектісі

Ресейлік әдебиеттер. Көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде, посткеңестік кеңістік пен Қазақстан сыртқы саяси стратегиясы контекстінде ауқымды зерттелді. Батыстық зерттеушілерге қарағанда, ресейлік әдебиеттерді көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы прагматикалық қадамға қарағанда, идеологиялық дипломатиялық ұстаным ретінде қарастырылған. Ресейлік ғалымдар еңбектерінде көпвекторлы сыртқы саясат мульти - полярлы әлемдік тәртіп қарсаңында шағын және орта мемлекеттер үшін адаптивті модель ретінде зерттелген. Мысалы, Дугин. А.Г. [76] көпвекторлы

сыртқы саяси бағытты ұлы державалар арасындағы геосаяси теке-тірес қарсаңындағы "тәуілсіздікті қамтамасыз ету" тактикасы ретінде қарастырған. Қазақстанның геосаяси рөлі Еуропа, Азия және Ресей арасында байланыс ретінде көрсетілген. Ресейдің бұрынғы Сыртқы Істер министрі, Примаков. Е.М. [77] "көпвекторлы сыртқы саяси бағыт" тұжырымдамасына алғашқы анықтама бергендердің бірі болды. Автор пікірінше, көпвекторлы стратегия посткеңестік елдерге тән өтпелі кезеңдік стратегия. Примаковтың Е.М. ресми баяндамаларында Қазақстан ХХІ ғасырда аймақта күштер балансын тиімді қалыптастыра алған ел ретінде көрсеткен.

Ресейлік зерттеулерде Қазақстандық көпвекторлы стратегия сәтті жүзеге асқан модель ретінде қарастыратын әдебиеттерде кеңінен қалыптасты. Мысалы, Чуев В.Ю. зерттеуінде Қазақстанның көпвекторлы саясаты тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың Ресей, Қытай және АҚШ арасында тепе-теңдік орната білген дипломатиялық қарымына ерекше көңіл аударды. Малашенко. А.В. [78] зерттеуінде Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) аясындағы рөлін ерекше бағалайды. Автор пікірінше, көпвекторлылық дипломатия Қазақстанға Ресейдің ықпалымен интеграциялық үдерістерге белсенді түрде қатыса отырып, тәуелсіздігін сақтауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Арбатов. А.Г. [79] Қазақстанды Орталық Азиядағы маңызды саяси күш ретінде танып, аймақта ірі державалар арасындағы байланысты теңестірудегі рөліне ерекше мән береді. Труханов. Е.Ф. [80] Қазақстанның аймақтық дипломатиядағы көшбасшылық рөлін ерекше назар аударған.

Ресейлік зерттеушілер Қазақстанның көпвекторлы саясатын икемді дипломатияның табысты және бірегей үлгісі ретінде анықтайды. Көпвекторлы сыртқы саяси бағыт Қазақстанға әлемдік ойыншылар арасында тепе-теңдік сақтап, егемендігін нығайтып, экономикалық даму қалыптастыруға күшейтуге мүмкіндік береді. Алайда, халықаралық саясаттағы мүдделер қақтығыс арта түсіп, геосаяси шиеленіс артқан сайын көпвекторлы саясаттың өзектілігі артуда.

Қазақстандық зерттеушілер. Көпвекторлы сыртқы саяси бағыт тұжырымдамасы қазақстандық ғалымдар арасында қызу талқыланып ғана қоймай, ғылыми-академиялық әдебиеттерде ауқымды түрде зерттелді. Көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамалары халықаралық қатынастар ғылымында белгілі бір ғылыми дискурс аясында бірізді зерттелінгенімен, отандық ғылыми айналымда Қазақстандық көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы жеткіліксіз деңгейде көңіл бөлініп отыр. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саяси бағытын қалыптастырудағы, көпвекторлы сыртқы саясат Азия мен Еуропа арасындағы дипломатиялық көпір болуына негіз болды.

Бүгінде халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат мәселесі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылып келеді. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын зерттеген отандық ғалымдардың еңбектері бұл тақырыптың теориялық және қолданбалы аспектілерін терең түсіндіруге бағыттталып, маңызды ғылыми нарратив қалыптастырды. Сыртқы саясат пен көпвекторлы дипломатия мәселелері келесі отандық зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған: Лаумулин М. [81], Акимбеков С. [82], Байзакова Қ. [83], Кукеева Ф. [84], Мукан С. [85],

Губайдуллина М. [86], Ауған М. [87]. Аталған авторлар еңбектерінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының мәні мен мазмұны, геосаяси тепе-теңдік саясаты, державалар арасындағы бейтарап ұстаным және дипломатиялық көпжақтылық тәжірибесі ғылыми негізде қарастырылған. Бұл еңбектер көпвекторлы саясаттың аймақтық тұрақтылыққа, сыртқы саяси маневр жасау қабілетіне және ұлттық мүдделерді бейбіт жолмен ілгерілетуге ықпалын айқындайды.

Қазақстан Республикасы мысалында көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың қалыптасу ерекшеліктері, институционалдық негіздері және ішкі-сыртқы факторлармен байланысы келесі еңбектерде арнайы зерттелген: Изтаева В.А [88], Муратбекова А.М. [89], Байкушикова Г.С. [90], Кожирова С. [91], Ермекбаев А [92], Деловарова.Л.Ф [93], Жекенов .Д.Қ [94]. Аталған авторлар Қазақстанның көпвекторлы саясатын қалыптастырудағы саяси-тарихи алғышарттарды, элиталар рөлін, ішкі саяси тұрақтылықпен байланысын, сондай-ақ сыртқы саяси шешімдердің қабылдану логикасын зерттеуге назар аударған. Бұл еңбектерде Қазақстанның сыртқы саясатындағы тепе-теңдікті сақтау қағидасы нақты тарихи кезеңдер мысалында егжей-тегжейлі сипатталған.

Отандық ғалымдардың зерттеулері көпвекторлы сыртқы саяси стратегияны мемлекеттік доктрина ретінде қарастырғанымен, орта держава ұстанымы тұрғысынан теориялық және салыстырмалы талдаулар жүргізу қажеттігі сақталып отыр. Диссертацияда дәл осы ғылыми олқылықты толтыру көзделеді. Қазақстанның көпвекторлы саясаты алғаш рет халықаралық қатынастар теориясы шеңберінде орта державалар стратегиясының бір көрінісі ретінде жүйеленіп, теориялық және практикалық үлгі ретінде ұсынылады. Отандық зерттеушілер, Қазақстанның халықаралық аренада ұстанымын сақтап, геосаяси тепе-теңдікті қамтамасыз етудегі көпвекторлы саясаттың ерекше рөлін атап өтеді.

Қазірде көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар практикалық жүзеге асырылу тетіктері де зерттеліп келеді. Зерттеушілер Қазақстанның жаһандық өзгерістерге икемделу қабілетін, ірі державалар арасындағы өзара тепе-теңдік сақтау стратегиясын, сондай-ақ көпвекторлы саясаттың елдің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге қосқан үлесін зерттеу аясында жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдануда. Бұл зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның болашақ сыртқы саясаты үшін маңызды аналитикалық негіз бола алады.

Екіншіден ғылыми зерттеулерде елімізде орын алған маңызды саяси реформалар мен өзгерістерді егжей-тегжейлі талдап, зерделенбеді. Мәселен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы билік транзитінен кейін қабылдаған «Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында» [5] 2022 жылғы қаңтар оқиғасы, елімізде саяси құндылықтарды жаңартып қана қойған жоқ, сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясын маңызды өзгерістер алып келді. Осы тұрғыда Қазақстанның халықаралық саясаттағы орта держава ретіндегі жолындағы, көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың рөлі мен ықпалын зерттеу кезек күттірмейтін қажеттілік.

Көпвекторлы саясат тұжырымдамасын зерттеуде қазақстандық ғалымдар

бұл ұстанымның халықаралық қатынастардағы Қазақстанның өзіндік ерекшелігін қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударады. Зерттеулерде көпвекторлы саясаттың Қазақстанға сыртқы серіктестер арасында тепе-тең байланыс орнатуға және геосаяси қысымдарды азайтуға мүмкіндік бергені баса айтылады. Мысалы, Зардыхан Ж.[95] бұл саясатты Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтудағы негізгі құрал ретінде қарастырса, Қожирова С [91]. еңбектерінде көпвекторлықтың мәдениет аралық диалогты дамытудағы рөлі талданады. Бұл бағытта ерекше көзге түскен тұжырымдамалардың бірі – көпвекторлы саясатты тек сыртқы қатынастарда ғана емес, ішкі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық даму үшін қолдану мүмкіндігі. Осы орайда, қазақстандық зерттеушілер бұл саясаттың елдің халықаралық беделін көтерудегі прагматикалық қырларына назар аударып, оның ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму моделі ретіндегі әлеуетін зерттеуде.

Орта держава елдеріндегі көпвекторлы сыртқы саясат стратегиясының рөлі мен маңызын Қазақстанның мысалында зерттеу, халықаралық қатынастар ғылымында күштер балансына негізделген көпвекторлы сыртқа саясат бойынша қалыптасқан ғылыми ізденіс көкжиегін толықтырады. Қазақстан орта держава статусындағы ел ретінде, соңғы отыз жылда қалыптасқан өзіндік көпвекторлы сыртқы саясат моделінің рөлі мен маңызы қалыптасты.

Көптеген қазақстандық зерттеушілер халықаралық қатынастардағы геосаяси процестер, сыртқы саясаттағы бейтараптық ұстаным және қауіпсіздік мәселелерін кеңінен қарастырады [81–100]. Сонымен қатар, сыртқы саясаттың эволюциясы мен оның ұлттық мүдделері сабақтастығы да бірқатар еңбектерде көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық негіздері мен орта держава стратегиясы ретіндегі ерекшеліктерін арнайы зерттеуге арналған жұмыстар саны шектеулі. Бұл бағытта тек кейбір авторлардың еңбектерінде ғана [80-91] көпвекторлы дипломатияның жекелеген аспектілері қарастырылып келеді. Аталған зерттеулер көбіне Қазақстанның геосаяси орналасуы мен көпжақты байланыстар жүйесіндегі орнын сипаттауға бағытталған.

Отандық саяси ғылымда Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасу процесі, оның халықаралық жүйеде ұстанып отырған тепе-теңдік доктринасы арнайы зерттеу нысанына толық айнала қойған жоқ. Бұл ретте, Қазақстанның көпвекторлы саясатына әсер ететін факторларды, оның институционалдық тетіктерін, сондай-ақ орта державаларға тән дипломатиялық стратегиямен байланысын зерттеу өзекті болып отыр. Сонымен қатар, жаһандық өзгерістер жағдайында көпвекторлы саясаттың жаңа бағыттарын айқындау қажеттілігі туындап отыр.

Жалпы, қазақстандық ғалымдардың көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы бойынша зерттеулері Қазақстанның халықаралық аренадағы өзіндік орнын қалыптастырудағы маңызды. Көпвекторлы саясат ұғымы елге ірі державалар арасындағы теңгерімді сақтауға, аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және жаһандық өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік берді деген ұғым қалыптастырды. Сонымен қатар, бұл саясат тек сыртқы қатынастарда ғана емес,

елдің ішкі тұрақтылығын нығайту және оның экономикалық-әлеуметтік дамуындағы стратегиялық құрал ретінде де маңызды екенін дәлелдеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі халықаралық қатынастар ғылымының классикалық және заманауи теорияларына сүйенеді. Бұл теориялар көпвекторлы сыртқы саясаттың мәнін, мазмұнын және оның халықаралық жүйедегі іске асу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық базасын геосаясат тұжырымы, неореализм, күштер балансы теориясы, өзара тәуелділік теориясы және секьюритизация тұжырымдамалары құрайды.

Геосаясат теориясы Қазақстанның халықаралық қатынастардағы орнын айқындауда маңызды рөл атқарады. Бұл теория аясында мемлекеттің географиялық орналасуы оның сыртқы саяси стратегиясына тікелей әсер ететіні қарастырылады. Қазақстан Еуразия жүрегінде орналасқан, Ресей, Қытай, Орталық Азия және Каспий аймағымен шектесетін транзиттік мемлекет ретінде аймақтық және жаһандық деңгейдегі геосаяси өзара әрекеттестіктің тоғысқан нүктесі болып табылады. Осы факторлар Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын жүзеге асыруда оның икемділік пен бейімделу қабілетін арттырады.

Неореализм және күштер балансы теориясы халықаралық жүйедегі анархиялық сипаттағы қатынастар жағдайында мемлекеттердің аман қалу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрекеттерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Кеннет Уолтцтың [60] құрылымдық реализм тұжырымына және Джон Миршаймердің шабуылдаушы реализм концепциясына сүйене отырып [101], Қазақстанның көпвекторлы саясаты — бұл жаһандық және аймақтық державалар арасында тепе-теңдікті сақтау арқылы мемлекеттің егемендігін және қауіпсіздігін нығайту жолындағы саналы стратегиялық таңдау.

Өзара тәуелділік теориясы, әсіресе Роберт Кеохейн мен Джозеф Найдның еңбектері негізінде [61], Қазақстанның экономикалық дипломатиясының көпвекторлы сипатын ашуға мүмкіндік береді. Бұл теория халықаралық сауда, инвестициялар, энергетика, көлік және инфрақұрылым салаларындағы көпжақты әріптестік механизмдерін саралауға бағытталған. Қазақстан ЕО, Қытай, Ресей, Түркия және АҚШ сияқты әртүрлі мемлекеттермен ынтымақтастық орната отырып, экономикалық өзара тәуелділік арқылы өзінің стратегиялық салмақтылығын арттыруға ұмтылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі аралас әдістерге (mixed methods) сүйенеді. Бұл тәсіл сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістердің өзара үйлесімін қамтамасыз етіп, зерттеудің жан-жақтылығын арттырады. Диссертацияда салыстырмалы әдіс, тарихи-ретроспективті талдау, дискурстық әдіс, сондай-ақ эмпирикалық материалдарды өңдеуде контент-талдау қолданылды. Аталмыш әдістер көпвекторлы сыртқы саясаттың эволюциясын, стратегиялық бағыттарын және тиімділік факторларын саралауға мүмкіндік берді [103].

Зерттеудің ғылыми негізде бірізділігін қамтамасыз ету үшін институционалдық, жүйелік және құрылымдық-функционалдық әдістер пайдаланылды.

Институционалдық әдіс Қазақстанның халықаралық ұйымдармен, әсіресе БҰҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ және ЕАЭО секілді құрылымдармен ынтымақтастығын

қарастыруға мүмкіндік берсе, жүйелік тәсіл сыртқы саясаттың ішкі және сыртқы факторлармен байланысын талдауға бағытталған. Құрылымдық-функционалдық әдіс мемлекетаралық қатынастардың тұрақтылық пен теңгерімділікке бағытталған тетіктерін анықтауға септігін тигізді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің жиынтығы зерттеліп отырған құбылысты жан-жақты қамтуға, теориялық және практикалық қырларын ашуға, нәтижелердің ғылыми құндылығын арттыруды қамтамасыз етті. Алынған нәтижелер Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлін тереңірек түсінуге, сондай-ақ бұл саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық негізін құрайтын тағы бір маңызды бағыт – халықаралық қатынастардағы конструктивизм теориясы. Бұл теория мемлекеттердің сыртқы саяси әрекеттері тек материалдық мүдделерге емес, сонымен қатар идеялар, нормалар, ұлттық бірегейлік және әлеуметтік құрылымдар арқылы қалыптасатынын айтады. Қазақстанның көпвекторлы саясатын осы тұрғыдан қарастырғанда, елдің өзіндік бейбітшілік сүйгіш бейнесін қалыптастыруы, ядролық қарусыздануға қосқан үлесі және «орта державаның» жаһандық саясаттағы жаңа рөлін тануға ұмтылысы конструктивистік талдаудың негізі бола алады. Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ секілді ұйымдарда бейбітшілік пен тұрақтылықты насихаттаушы имиджін қалыптастыруға белсенді түрде қатысып келеді. Бұл имидж – елдің халықаралық беделін арттырудағы және сыртқы әріптестерімен теңгерімді қарым-қатынас орнатудағы символикалық капиталы ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, зерттеуде *орта держава* теориясының да алатын орны ерекше. Орта державалар әдетте аймақтық тұрақтылыққа ықпал етіп, халықаралық делдалдық миссияларға араласатын мемлекеттер қатарында көрінеді. Қазақстанның сыртқы саясаты осы сипаттамаларға сай келеді: ядролық қарудан бас тартуы, Сирия келіссөздеріндегі арағайындық рөлі, «Астана процесі» секілді бастамалар мен Біріккен Ұлттар Ұйымындағы белсенділігі елдің орта держава ретінде қалыптасып келе жатқанын айқындайды. Зерттеуде Қазақстанның сыртқы саясатындағы прагматикалық теңгерім мен нормалық ұстанымдардың ұштасуы теориялық тұрғыдан талданады.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, зерттеу барысында *сценарийлік талдау* (scenario analysis) мен *форсайт әдісі* (foresight methodology) де қолдануға ұсынылады. Бұл тәсілдер сыртқы саясаттың даму болжамдарын жасауға және ықтимал сценарийлер арқылы Қазақстанның болашақта көпвекторлы саясатты қандай бағытта жүргізетінін модельдеуге мүмкіндік берді. Форсайттық талдау Қазақстанның геосаяси контекстінде болашақ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді алдын ала анықтауға, сондай-ақ сыртқы саясаттың бейімделу стратегияларын ұсынуға бағытталған.

Зерттеу барысында халықаралық құқық нормалары мен олардың Қазақстанның көпвекторлы саясатына ықпалы да қарастырылады. Әсіресе, келісімшарттық міндеттемелер, бейтараптық пен егемендік қағидалары, шекаралық мәселелер және халықаралық міндеттемелер аясында жүргізілетін

көпжақты келіссөздер Қазақстанның сыртқы саясатына нормативтік негіз ретінде талданады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатын қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің өзгермелі жағдайында теориялық, әдіснамалық және қолданбалы тұрғыдан кешенді талдау нәтижесінде келелі ғылыми жаңалықтар анықталды. Көпвекторлы сыртқы табиғаты мен мазмұны қазіргі көпполярлы әлемдегі мемлекеттердің бейімделу механизмдерін зерттеудің өзекті бағытына айналды. Жаһандық тұрақсыздық, әлем елдерінің түрлі блоктарға қосылуы, жаңа сын-қатерлер жағдайында көпвекторлы дипломатиялық стратегия – Қазақстан секілді «орта держава» елдері үшін өміршең стратегиялық таңдау ретінде маңызын арттыруда.

Диссертацияда қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде қалыптасқан көпполярлық жаһандық тәртіп жағдайында Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық және әдіснамалық негізде қайта қарастыруды мақсат етті. Көпвекторлы сыртқы саясат тек сыртқы саяси маневр жасау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ел ішіндегі тұрақтылықты сақтау, институционалдық тепе-теңдікті қамтамасыз ету және ұлттық мүддені әртүрлі бағытта қорғай алатын стратегиялық механизм ретінде қарастырылды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы бастамалары мен аймақтық дипломатиялық рөлі халықаралық беделін нығайтып, жаһандық шешімдер қабылдау процесіне қатысатын маңызды актор ретінде орнықтыра түсті.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мынадай аспектілермен сипатталады:

- Алғаш рет, көпвекторлы сыртқы саясат ұғымының теориялық негіздері мен халықаралық қатынастар теориясындағы орнына авторлық интерпретация берілді. Тұжырымдама тек прагматикалық бағыттағы әдіс емес, сондай-ақ баламалы күштердің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған ұтымды стратегиялық механизм ретінде қарастырылды;
- Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, стратегиялық сипатта "орта держава" ретіндегі қалыптасу жолында маңызды құрал ретінде анықталды. Көпвекторлы сыртқы саясаттың ерекшеліктері, көпжақты дипломатия аясында ұйымдармен байланысы, аймақтық, жаһандық деңгейдегі рөлі мен бастамалары халықаралық ортада мойындалған нақты мысалдар арқылы дәлелденді;
- Геосаяси, экономикалық, мәдени және цифрлық өлшемдер арасындағы тепе-теңдік саясаты тұңғыш рет жүйелі, кешенді түрде талданып, векторлардың бір-бірімен байланысы мен өзара толықтырушы рөлдері ұлттық мүддені қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие екендігі тұңғыш рет ғылыми негізделді;
- Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы бастамаларының аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық интеграциялық үдерістерге ықпалына терең сараптамалық баға берілді. Атап айтқанда, АӨСШК, Астана процесі, ядролық қарусыздану, «Жаңа Жібек жолы» жобалары аясындағы Қазақстанның дипломатиялық қадамдары халықаралық қауіпсіздік архитектурасының бір бөлігін құрайтын фактор ретінде анықталды;
- Билік транзиті кезеңінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, батыстық әдебиеттер сынаған, «тұлғалық харизмадан» тәуелсіз, институционалдық негізге сүйенетін тұрақты әрі стратегиялық бағыт ретінде

өзінің өміршеңдігін көрсетті; бұл жағдай елдің сыртқы саяси ұстанымының жүйелілігін дәлелдеп, жаһандық сын-қатерлер жағдайында бейтарап әрі прагматикалық позициясының тиімділігімен ұштасып, Қазақстанды халықаралық қатынастарда мәмілешіл және сенімді әріптес (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, ТМО т.б.) ұйымдар аясында ретінде танытты;

Диссертация жұмысы аясында Қазақстан Республикасының көп векторлы саясатының әр аспектілерін тереңдете зерделей отырып, халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстанның рөлін түсінуге жаңа тұрғыдан көзқарас ұсынады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық негіздерін талдауымен қатар, практикалық іске асу механизмдерін анықтауымен ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижесінде анықталған теориялық қорытындылар мен талдаулар практикалық саясатқа қатысты бірқатар ұсыныстар жасауға негіз болады. Атап айтқанда, көпвекторлы саясатты жүргізудің стратегиялық тетіктерін жетілдіру, сыртқы саяси шешімдер қабылдауда тепе-теңдік пен бейтараптық принциптерін сақтау, және жаңа жаһандық сын-қатерлерге бейімделу жолдарын қарастыру өзекті. Бұл ұсыныстар Қазақстанның сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық құрылымдар мен халықаралық саясат саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Диссертацияда ұсынылған материалдар жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар және дипломатия мамандықтары бойынша білім беру процесінде кеңінен қолдануға жарамды. Диссертация зерттеу қазіргі жаһандық тұрақсыздық жағдайында Қазақстанның сыртқы саясаттағы прагматикалық бағытының маңызын түсіндіруге, табысты дипломатиялық тәжірибесін таратуға және халықаралық қатынастар теориясына үлес қосуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері болашақта мемлекеттік сыртқы саяси стратегияларды әзірлеу кезінде ескерілетін ғылыми-тәжірибелік негіз ретінде қызмет ете алады.

Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері, Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне, Сыртқы істер министрлігіне көп векторлы саясатының ғылыми негіздерін нығайтуға, отандық ЖОО мен институттарға нақты ұсыным беруде, Қазақстанның сыртқы саясат концепциясының ғылыми негіздемесін күшейтуде, мүмкін векторларын бағалау тұрғысынан практикалық құндылығы жоғары. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен деректері Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «шығыстану», «аймақтану», «халықаралық қатынастар», «саясаттану» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат, магистратура студенттерінің оқыту бағдарламасын дайындауда көмекші құрал бола алады. Диссертация қазақстандық жоғары оқу орындарында, қазіргі заманғы халықаралық қарым-қатынастар теориясы, Қазақстанның аймақтық және жаһандық саясаттағы көшбасшылығы туралы зерттеулер ауқымын толықтыруға ықпал етеді.

Зерттеудің қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.

1) Көпвекторлы сыртқы саясат – Қазақстанның орта держава ретінде халықаралық жүйеде орнығуының стратегиялық негізі болды. Зерттеу барысында көпвекторлы сыртқы саясаттың теориялық тұғыры мен

практикалық жүзеге асырылу тетіктері жаңа әдіснамалық тұрғыдан пайымдалып, тек прагматикалық құрал ретінде емес, жаһандық, аймақтық күш орталықтары арасында тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған рационалды стратегия ретінде қарастыру ұсынылды. Қазақстанның көпвекторлы саясаты ұлттық біртұтастықты сақтау, саяси тәуелсіздікті бекемдеу және халықаралық аренада елдің беделін нығайту мақсатында қалыптасқан ұтымды дипломатиялық механизм ретінде ғылыми тұрғыда дәлелденді.

2) Қазақстанның геосаяси орналасуы – көпвекторлы сыртқы саясаттың мазмұнын айқындайтын құрылымдық фактор. Еуразияның жүрегінде орналасқан Қазақстан «Солтүстік–Оңтүстік» және «Батыс–Шығыс» бағыттарындағы геоэкономикалық ағындардың түйіскен торабында орналасуы, жаһандық көлік, логистика және энергетикалық жобалардың белсенді қатысушысы болуына ықпал етті. Қазақстан трансконтиненталды дәліздердегі орталық буын рөлін атқарып, өзінің геосаяси салмағын арттыруға мүмкіндік берді.

3) Көпвекторлы саясат ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жан-жақты механизм ретінде танылды. Қазақстан сыртқы саясатта бәсекелес державалармен бейтарап, тепе-тең қарым-қатынас орнату арқылы ішкі тұрақтылықты сақтауға, институционалдық дамуды ілгерілетуге және жаһандық турбуленттілік жағдайында тәуекелдерді оңтайлы басқаруға қол жеткізді. Бұл модель ұлттық мүддені сыртқы қысымдардан қорғайтын және ішкі саяси тұтастықты қамтамасыз ететін кешенді қауіпсіздік жүйесі ретінде сарапталды.

4) Көпвекторлы сыртқы саясаттың жүзеге асырылуы Қазақстанның жаһандық бастамаларға белсенді қатысуы арқылы дәлелденді. АӨСШК (СІСА), Астана процесі, ядролық қарусыздану бойынша көшбасшылық және «Жаңа Жібек жолы» жобасындағы белсенділік – Қазақстанның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қосқан үлесінің айқын дәлелі. Бұл бастамалар елдің сыртқы саясатының тек прагматикалық емес, сонымен қатар нормалық-құндылықтық сипатқа ие екенін көрсетіп, жаңа дипломатиялық мәдениеттің қалыптасуына негіз болды.

5) Қазақстанның көпвекторлы саясаты халықаралық ұйымдармен тиімді интеграциялану мен көпжақты дипломатияның жаңа моделін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдарда белсенді позиция ұстанып, әлемдік тәртіптің бейбіт жолмен дамуына ықпал етуші сенімді әріптес ретінде танылды. Бұл фактор елдің жаһандық және аймақтық деңгейдегі беделін арттыруға қызмет етті.

6) Көпвекторлы саясаттың теориялық пайымдалуы халықаралық қатынастар саласындағы «орта державалар теориясына елеулі үлес қосты. Қазақстан тәжірибесі арқылы құрылымдық анархия жағдайында бейтараптық, прагматизм және көпжақты өзара тәуелділік негізінде өміршең, тұрақты сыртқы саясат жүргізуге болатындығы дәлелденді. Бұл модель халықаралық қатынастар теориясындағы неореализм мен неолиберализм шеңберінен шығып, альтернативті, практикалық маңызы зор стратегиялық бағытты көрсетеді.

7) Билік транзиті кезеңінде Қазақстанның сыртқы саяси бағытының сабақтастығы мен институционалдық тұрақтылығы көпвекторлы саясаттың өміршендігін дәлелдеді. Жаңа саяси кезеңде де бұл саясат тұлғалық харизмаға емес, стратегиялық институционалдық логикаға негізделіп, Қазақстанның сыртқы қатынастарда келіссөз жүргізу қабілеті жоғары, прагматикалық және сенімді әріптес ретінде қалуын қамтамасыз етті. Бұл фактор халықаралық ұйымдармен өзара сенімді арттыруға, сыртқы сын-қатерлерге бейімделуге және бейбіт дипломатияға негізделген имиджді одан әрі нығайтуға мүмкіндік берді.

Зерттеуді апробациялау. Зерттеу жұмысы академиялық адалдық пен ғылыми этика қағидаттарына толық сәйкес жүргізілді. Зерттеу нәтижелері негізінде барлығы 12 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 7 мақала — ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі БҒССҚБТУ ұсынған отандық ғылыми басылымдарда, 3 мақала — Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық журналдарда, ал 2 мақала — халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдар жинағында жарық көрді. Зерттеу аясында Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты, қазіргі халықаралық аренадағы көпжақты дипломатиялық қатынастары мен халықаралық ұйымдармен ықпалдастығы тақырыптары интернет-платформалар мен отандық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланды.

Диссертация жұмысының құрылымы. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады. Жалпы диссертация жұмысының көлемі — 174 бет.

1 КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Диссертацияда, автор Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты тұжырымдамасын ауқымды түсінуге ықпал ететін негізгі ғылыми теориялар аясында концептуалдық талдау жүргізді. Ғылыми теориялар аясында автор көпвекторлы сыртқы саясат стратегиясының негізгі ерекшеліктерін, принциптерін және іске асыру механизмдерін, сондай-ақ жаһандық, аймақтық жүйедегі өзгерістерге бейімделу модельдерін анықтады. Бұл тараудың бірінші бөлімінде, көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасын - күштер балансы, дипломатия және халықаралық саяси жүйенің құрылымдануы секілді нақты бағыттар аясында талқыланады. Екінші бөлімде, көпвекторлы сыртқы саясат доктринасы Қазақстанның сыртқы саясаты контекстінде зерттеліп, әлемдік және аймақтық мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәжірибесіне баса назар аударылады. Қорытынды бөлімінде автор қолданған зерттеу әдістері сипатталып, орта держава тұжырымдамасы аясындағы Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясын құрылымдық тұрғыдағы қалыптасуы ерекшеліктеріне назар аударылады.

1.1 Көпвекторлы сыртқы саясат ұғымын зерттеудің теориялық негіздері.

Көпвекторлы сыртқы саясат – халықаралық қатынастар жүйесінде, мемлекеттер арасында бір мезетте баламалар күш орталықтарымен, халықаралық ұйымдармен, берік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған стратегиялық көзқарас. Идеялық негізі прагматикалық ұстанымға негізделген бұл тұжырым, геосаяси тұрақсыздық барысында бейтарап ұстанымда, саяси одақтар мен ұйымдар шеңберінде дипломатиялық шешімдер қабылдауға негізделген.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі жаһандану мен мемлекетаралық байланыстың күрделенуі нәтижесінде терең трансформациялық өзгеріске ұшырауда. Нәтижесінде, көптеген мемлекеттер, әсіресе орта держава деңгейіндегі елдер, ұлттық мүдделерін тиімді қорғау мақсатында көпвекторлы сыртқы саясат стратегиясын белсенді қолдануда. Сондықтан да халықаралық қатынастар теориясында көпвекторлы сыртқы саясат ұғымының мәнін, ерекшеліктерін және қолданылу заңдылықтарын теориялық тұрғыда айқындау қажеттігі туындап отыр.

Көпвекторлы сыртқы саяси стратегия формасы бойынша «инклюзивті» бағыт ретінде халықаралық саясатта антикалық кезеңдерден бастап қолданылып келуде. Концепция ретінде, XXғ II жартысында, Қырғи-қабақ соғысынан кейін қалыптасса да, мазмұны тұрғысынан, орта мемлекеттердің күш теңгеріміне негізделген стратегиясы формасында ерте кезеңдерден белгілі [106].

Жалпы, көпвекторлы сыртқы саясат моделі халықаралық қатынастар жүйесінде кеңінен таралып, көптеген зерттеу еңбектеріне негіз болды. Теориялық тұрғыда, классикалық реализм және нео-реализм [101] теориялары аясында алғашында зерттелсе, соңғы жылдары әлеуметтік конструктивизм [62], либералды институционализм [61] теориялары аясында да зерттеліп келуде.

Халықаралық қатынастардың нео-реалистік теориясы күшті державалар арасында таңдау жасау күрделі жағдаятта қалған екінші деңгейлі елдер өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теңгерімділік стратегияларын таңдайды деп қорытындылайды. Шындығында халықаралық қатынастар тарихынан белгілі, тараптар арасында нақты даму бағыты мен ұстанымын айқындамау, — «мемлекеттік қауіпсіздігін сақтау және статус-квоны қорғауда» бірнеше маңызды эволюциялық даму кезеңдерін қамтыды [101]. Егер қандай да бір тараптан қауіп көзі ауқымды болса, мемлекет әрқашан өзіне тиімді, сенімді серіктесті таңдайды.

Қазақстанның геосаяси орны мен аймақтағы мүдделі тараптармен қарым-қатынасы халықаралық қатынастарға ғылымында бірнеше ғылыми зерттеулерге негіз болды. Бүгінде халықаралық қатынастар жүйесі қарқынды трансформациялық кезеңді бастан өткеріп, жаһандық тәртіп көпполярлы жүйеге ауысуда. Сәйкесінше, әрбір мемлекеттің, саяси институт ретінде бейтарап ұстанымы мен ұлттық стратегиясын қалыптастыруда, құрылымдық, балансқа негізделген көпвекторлы сырт саясат моделі ерекше маңызға ие. Көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы, бүгінгі таңда державалар арасындағы балансқа негізделген сыртқы саяси бағыт қалыптастырған елдерге қарата қолданылғанымен, ғылыми негізде ұғымның тарихы қолданыс аясы өте кең. Халықаралық қатынастар тарихы көрсеткендей, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, геосаяси қақтығыстардың алдын алуда, күштер арасындағы тепе-теңдікті сақтау мақсатында қолданылатын тиімді құрал ретінде танылуда.

XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі Еуразия континентіндегі геосаяси өзгерістер, XX ғасырда II дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан халықаралық тәртіпті өзгеріске ұшыратып, бүгінде аймақтағы елдердің саяси бағыты мен ұстанымдарын прагматикалық сипатта қайта анықтауға ықпал етуде. Қазақстанның қазіргі таңдағы сыртқы саяси бағытының тәуелсіздік алғаннан берге кезеңдегі қалыптасуына бірнеше маңызды факторлар әсер етті.

Геосаяси орналасуынан бөлек, тарихи қалыптасқан байланыстар, Қазақстан территориясы арқылы өткен Ұлы Жібек жолынан бастап, бүгінгі таңдағы «Бір белдеу, бір жол», Еуразия Экономикалық Одағы, Транскаспий сауда коридорының жаңаруы, Қазақстанды халықаралық жүйеде логистикалық, саяси-экономикалық байланыс тұрғысынан Еуразия континентінде маңызды саяси акторға айналдырды. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты ресми дерекнама ретінде, «Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамалары» құжатында, ғылыми зерттеу еңбектерінде, академиялық баяндамалар мен ресми құжаттарда айтылған ұғымдардан бөлек, академиялық зерттеулерде негізгі зерттеу объектісіне айналды [3-5]. Соңғы онжылдықтағы Батыс пен Ресейдің, Қытайдың байланысындағы дағдарыс кезеңі қарсаңында, Қазақстанның көпвекторлы ұстанымы бойынша, академиялық зерттеу алаңында терең ғылыми анализді талап ететін ғылыми сұрақтар қалыптастырды. Диссертация тақырыбы, аталмыш кезең аясында ғылыми ғана емес, сонымен қатар тұжырымдамалық, әдістемелік тұрғыда халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдасының мәні мен мазмұнын Қазақстан Республикасы мысалында зерттеуге алғышарт қалыптастырды.

Қазақстанның аймақтағы саяси күш орталықтарымен байланысының

қалыптасу траекториясын зерттеу сыртқы саяси бағыттың қалыптасуындағы көпвекторлылық тұжырымдасының негізін қалыптастырып отыр. Халықаралық қатынастар тарихы көрсеткендей, көпвекторлық сыртқы саясат тұжырымдамасы әдетте мүдделі екі немесе одан көп мүдделі топтар арасындағы байланыс аясында ұлттық мүддені қорғаумен ерекшеленеді. Бұл тұрғыда, халықаралық қатынастар жүйесінде бірегей қалыптасқан көпвекторлық саяси бағыттың Қазақстан Республикасы мысалында қолдану моделі мен өзіндік ерекшелігін анықтау бүгінгі таңда жеткілікті деңгейде зерттелмей отыр. Аймақта мүдделі тараптардың ұстанымдарында қарама-қайшылықтар қалыптасқанда "көпвекторлы сыртқы саяси бағыт" тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жаһандық саясатты Қазақстанның тәуелсіз саяси институт ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етті. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, елдің сыртқы саяси бағыты тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың бейнесімен, ықпалымен байланыстырыла түсіндірілетін әдебиеттер легі қалыптасты. Көпвекторлы сыртқы саяси бағытты институциялы стратегияға қарағанда, жеке саяси тұлғаның ғана билігіне негізделген тактикалық бағыт ретінде қаралды. Тұңғыш Президент, Н.Ә.Назарбаевтың 2019 ж 19 наурызды, биліктен кететіндігі туралы мәлімдемесе, пост-Назарбаевтық кезеңдегі көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың тұрақтылығы, өміршеңдігі бойынша маңызды мәселелерді алға шығарды. Қазақстанның 1991-2019 жылдары аралығында қалыптастырған саяси, экономикалық тұрақтылығы, Орталық Азия және Еуразия аймағында сәтті жүзеге асқан біртұтас имиджі, халықаралық әлеуетті экономикалық институттармен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасының сәтті жүзге асуында көпвекторлы сыртқы саяси бағытының ықпалы мен маңызы ерекше болды. 2019 жылғы кезектен тыс президент сайлауы барысында, қазақстандық дауыс берушілерді ғана емес, халықаралық қауымдастықты алаңдатқан мәселенің бірі көпвекторлық сыртқы саяси бағыттың сабақтастығы, өміршеңдігі болды. Аталмыш сұрақтар, бұқаралық сипатта талқыланып, саяси дискуссияға негіз болғанымен, қажетті деңгейде терең зерттелмеді. Сондықтан, диссертация аясында билік транзиті аясындағы көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының біртұтастығын, халықаралық қатынастар жүйесіндегі тәжірибе аясында зерттеу ғылыми тұрғыда өзекті.

Кесте 1- Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының теориялық негіздері

№	Теориялар	Негізгі мазмұны	Көпвекторлы саясатпен байланысы
1	Геосаясат тұжырымы	Геосаяси орналасу мен державалар арасындағы кеңістіктік бәсекеге мән береді	Қазақстанның геосаяси орналасуы көпвекторлы ұстанымға ықпал етеді
2	Неореализм және күштер балансы	Мемлекеттердің мүддесі күштер тепе-теңдігі арқылы қорғалады	Қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау үшін тепе-тең саясат қажет

3	Өзара тәуелділік теориясы	Мемлекеттер арасындағы экономикалық және саяси өзара байланыс маңызды	Әртүрлі елдермен өзара тиімді серіктестік орнату стратегиясы
4	Секьюритизация теориясы	Қауіпсіздік мәселелері мен ұғымдардың саясилануы талданады	Сыртқы саясаттың қауіпсіздік дискурсына сәйкестігі
5	Конструктивизм	Мемлекеттердің әрекеті әлеуметтік құрылымдар мен нормаларға негізделеді	Ұлттық мүдде мен нормаларға сай көпвекторлы бағыт қалыптастыру
6	Орта держава теориясы	Орта державалар рөлі мен олардың ықпалы зерттеледі	Қазақстанның аймақтық рөлін орта держава ретінде түсіндіру

Халықаралық қатынастар ғылымында, академиялық зерттеулердің басым бөлігі, классикалық түрде Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси бағыттарының қалыптасуын зерттеу «пост-кеңестік» нарратив негізінде әдебиеттермен шектеледі. Посткеңестік таным жүйесін, барлық аймақ елдеріне бірдей теліп, әрбір елдің сыртқы саяси құндылықтары мен ұстанымдарына қажетті деңгейде көңіл аударылмаған. Бұл үрдіс, тек пост кеңестік Орталық Азия елдеріне ғана емес, тұтастай алғанда жалпы Азия елдеріне тән. Оның ішінде, Ресей мен Қытай сынды маңызы әрі ықпалды саяси күштер арасында орналасып, диверсификациялық экономикалық қалыптастырып, көпвекторлы саяси бағыты қалыптастырған Қазақстанның тәжірибесі, бүгінгі таңдағы халықаралық саясаттағы ықпалды күштер арасында орналасқан, Қазақстан секілді елдерге ортақ ғылыми таным жүйесін қалыптастыруы үшін өзекті. XX ғасырдың соңғы декадасындағы, Кеңес Одағының саяси институт ретінде ыдырауы, XXI ғасырды «экономикалық ғажайып» қалыптастырған Қытайдың рөлінің артуы, Ресей мен Украина арасындағы геосаяси теке тірестің күрделенуі, бүгінде Қазақстанның халықаралық саясаттағы маңызы мен рөлін арттырып отыр. Қазақстанның территориясы, аймақтағы геосаяси өзгерістер аясында Батыс Еуропа мен Шығыс Азия арасында логистикалық, стратегиялық маңызды аймаққа айналдырды. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жариялаған көпвекторлылық бағытының экономикалық, қауіпсіздік тұрғыдағы мазмұны тіптен арта түсті. Көпвекторлы саяси бағытты зерттеу, Қазақстанның аймақтық және жаһандық тұрақтылықты сақтаудағы рөлін ашуға көмектесуде. Аталмыш стратегия арқылы Қазақстан бірнеше маңызды халықаралық блоктармен және одақтармен қарым-қатынас орнатып, өзінің тәуелсіздігін және ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік алады. Мұндай саясат әскери және стратегиялық тұрғыдан келісімге жетуге және шиеленістерді алдын алу бойынша қалыптасқан танымды ғылыми сипатта зерттеу өзекті болып отыр.

Қазақстан әлемдік қауымдастыққа интеграциялану жолында көптеген мәселелерге тап болды, олардың шешімі жаңа сыртқы саясатты жүзеге асыру жолдарын талап етті. Тақырыптың ғылыми өзектілігі жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуымен анықталып отыр. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуына ретроспективті көзқарас, оны іске асыру кезінде кездескен

проблемаларға тиімді жауап беруге және өзгеріп жатқан әлемде өз орнын табуға мүмкіндік береді.

Халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы дипломатия негіздері ауқымды түрде зерттелгеніне қарамастан, соңғы ширек ғасырдағы геосаяси өзгерістер мен либералды институционализмге негізделген әлемдік тәртіп дағдарысы қарсаңында, Қазақстан мысалында, Еуразиялы мемлекет ретінде көпвекторлы сыртқы саяси бағытты зерттеу бүгінгі таңда ерекше маңызға ие болып отыр. Қазірге белгілі, зерттеу нәтижелері мен ғылыми әдебиеттер ішінде қарама-қайшылықты пікірлермен қатар, эволюциялық бірізді пікірлерде қалыптасты.

Көпвекторлы сыртқы саясат стратегиясының теориялық негізін түсіну үшін, халықаралық қатынастар теориясының негізгі парадигмаларын, атап айтқанда, реализм, либерализм және конструктивизм бағыттарына сүйенген жөн санаймыз. Реализм танымы тұрғысынан алғанда, көпвекторлы саясат мемлекеттің қуаттылық тепе-теңдігін сақтау және ұлттық қауіпсіздігін нығайту мақсатында әртүрлі күш орталықтарымен қарым-қатынас орнату құралы ретінде қарастырылады [60]. Либерализм теориясы көпвекторлы саясатты экономикалық интеграцияны күшейту және халықаралық институттар арқылы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндігі ретінде сипаттайды [61]. Конструктивизм теориясы аясында, бұл ұғым мемлекеттің сыртқы саяси идентификациясы мен имиджін қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастырып, көпвекторлы сыртқы стратегия саяси дискурстар мен нормалардың ықпалымен түсіндіреді [62].

Көпвекторлы сыртқы саясатты талдауда орта держава тұжырымдамасы ерекше орын алып отыр. Орта держава теориясы бойынша, ресурстық шектеулі елдер әлемдік саясаттағы өз орнын нығайту үшін дипломатиялық икемділікті арттырып, халықаралық қатынастардағы әртүрлі субъектілермен белсенді қарым-қатынас орнатады [105]. Бұл тұрғыдан алғанда, көпвекторлы саясат орта дәрежедегі мемлекеттердің сыртқы саяси стратегиясының басты құралдарының біріне айналады.

Кеңес Одағы халықаралық қатынастар жүйесінен саяси субъектісі ретінде жойылған кезеңнен бастап, Қазақстанның халықаралық саясаттағы маңызы мен ықпалы арта түсті. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, Қазақстан көпвекторлы сырты саяси бағыт аясында дамып келуде. Ресми дерекнамалар аясында, көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың мәні мен мазмұны туралы алғашқы мәлімдеме, Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың, «Правда» газетінде жарияланған мақаласы болды. Аталмыш мақалада, «Қазақстанның теңгерімді, көпвекторлы сыртқы саясаты барлық мемлекеттермен достық және бейбіт қарым қатынас аясында дамуды назарға алып, Қазақстанның мемлекеттік мүддесін қорғауға бағытталған.»- деп көрсетілген [2].

Көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы, Хэнкс зерттеуіне сәйкес, прагматикалық ұстанымдарға негізделген, идеологиялық негізі жоқ саяси байланыс формасы [57]. Көпвекторлы сыртқы саясаттың мақсаты саяси процес аясында өз мүддесін қамтамасыз ету. Сәйкесінше, халықаралық саясат тарихынан білетініміздей, бұл стратегия реализм теориясы ұстанымдарына толықтай сай келеді. Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінің дербес

субъектісі ретінде, сыртқы саяси байланысында, ең төменгі «шығынмен» ауқымды мақсатқа жетуге негізделеді. Соңғы жылдары Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саяси бағыты бойынша жарияланған академиялық әдебиеттер сипаты бойынша дискриптивті әрі ұлттық мүддені қамтамасыз ету бойынша бірегей бағытта дамып отыр. Ипек Пинар зерттеулерінде, Қазақстанның көпвекторлық сыртқы саясатының негізгі түбірі газ және мұнай табиғи қорларына тікелей байланысты деп түйіндейді. Ипек Пинар зерттеуінің қорытындысы бойынша, көпвекторлы сыртқы саясаттың қалыптасуына табиғи қазба байлықтарды жаһандық нарыққа шығару жүйесі, ішкі саяси мәселелер және саяси көшбасшының ұзақ мерзімді саяси көрегендігі басты рөлі атқарған [107]. Канас Виталино, НАТО-ның арнайы өкілі, «Қазақстан және НАТО» деп аталын сараптамасында Қазақстанның АҚШ, ҚХР, РФ, және ЕО байланыстарына талдай келе, көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың негізгі мәні қауіпсіздік мәселелерінде жатыр деп қорытынды жасайды [108]. Идан мен Шаффер пікірінше, Қазақстанның сыртқы саяси бағытының қалыптасуында геосаяси орналасу факторының орны ерекше. Теңізге тікелей шығу мүмкіндігінің болмауы, Қазақстанды барлық бағыттағы көршілерімен тең дәрежеде байланыс қалыптастыруына негіз болды [109]. Себастьян Пейруз, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық теңгерімсіздік негізінде қалыптасқанына ерекше назар аударады [74]. Жалпы, аталмыш әдебиеттер негізінде тұжырымдамалық негізде көпвекторлы сыртқы саясаттың прагматикалық, бірнеше факторларға байланысқа қалыптасып, дамығандығына көз жеткіземіз.

Халықаралық қатынастар жүйесінде, көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы жүйелі зерттеуді қажет етіп отыр. Теориялық сипатта, барлық саяси тараптармен мүдделі байланысты қолдайтын, өзара тиімді байланыс қалыптастыруға бағытталған стратегия. Инклюзивті дипломатия аталу себебі, халықаралық қатынастар тарихында әдетте орта және кіші державалардың сыртқы саяси бағытында тұрақтылық қалыптастыруға негізделген ұстаным ретінде айқындалады. Мәні бойынша ұзақ мерзімді, стратегиялық көзқарас. Тарихтан белгілі, мұндай стратегиялық ұстанымдар әдетте, Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия елдері, Оңтүстік Еуропа, және Орталық Азия елдерінде кеңінен танымал стратегия.

Көпвекторлық сыртқы саясат моделінің кең түрінің бірі «кешенді теңгерімдеу» деп аталатын модель. Аталмыш модель, орта держава мемлекеттеріне тән, мүдделі тараптар арасында прагматикалық шешім қабылдауға негізделген.

Теориялық тұрғыда, көпвекторлы сыртқы саясат модельдің бағыттары нақты салалық бағытта дамиды. Мысалы, бір тараппен энергетика бағытында байланысын арттырса, екінші тарапы қауіпсіздікке негізделіп, келесі бір бағыты идеялық сипатта қамтылады.

Қырғи қабақ соғысынан кейінгі кезеңде, көпвекторлы дипломатия Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдерінде жергілікті мүдделі тараптармен кооперация жасауда, қарсы тұруда немесе дипломатиялық алшақтауда көрініс тапты. Алайда, аталмыш аймақ елдерінде белгілі бір тарапқа қарата анықталған бірегей стратегиялық бағыт айқын көрінбеді. Мысалы,

Океания және Үндіқытай түбегіндегі елдердің сыртқы саясатында Қытайдың немесе АҚШ-тың мүддесіне бағытталған байланысты айқын айшықталмады. ХХІ ғасырдың алғашқы декадасында ғана, аймақта Қытайдың инвестициялық экспансиясы артқан шақта ғана, көпвекторлы сыртқы саяси бағыт теңгерімді формаға енді. Қазіргі таңда, Вьетнам, Тайланд, Лаос, Камбоджа елдерінде экономикалық сипатта, Қытаймен байланысын арттыра отырып, қауіпсіздік, өндіріс, технология саласында АҚШ ықпалына басымдық беріп отыр. Сондықтан, көпвекторлы саяси бағыт инклюзивті, әрі нақты бір салаға бағытталғандығымен ерекшеленіп отыр [110].

Экономикалық өсімді қамтамасыз ету қазіргі таңда барлық мемлекеттердің негізгі мүддесінің бірі. Көпвекторлы сыртқы саясаттың бағыты, формасы мен басымдықтары әрбір мемлекеттің ерекше геосаяси жағдайына, тарихи тәжірибесіне және ресурстық әлеуетіне байланысты өзгешеленуі ықтимал.

Көпвекторлы сыртқы саяси бағытты теориялық тұрғыдан талқылауда, кіші мемлекеттердің, үлкен державаларға қарсы тепе-теңдік сақтауы немесе олардың ықпалына бейімделуі (бандуаген) қажет деген ұғымды жоққа шығарады. Себебі, көпвекторлы сыртқы саяси бағытты ұстанатын елдер, аймақтағы халықаралық жүйені трансформациялауға мүмкіндік беретін *нишелік дипломатия* мен институционалдық құралдардың ықпалына ерекше мән беріп отыр. Жаһандық саясатта өзін, орта держава мемлекеті санайтын елдер әдетте мүдделі саяси тараптармен осы құрылымдық негізде байланыс орнатады. Либерализм теориясы бойынша саяси институттардың тараптармен ынтымақтастықты нығайтуда, билік асимметриясын азайтып, теңсіздікті төмендету мүмкіндігіне ерекше мән береді [111]

Көп векторлы сыртқы саясат ұғымы аясында, халықаралық саяси институттардың рөлі орта деңгейлі мемлекеттер стратегиялық әлеуетке ие. Орта деңгейлі мемлекеттер аймақтық, өңірлік ұйымдар қалыптастыру арқылы мүдделі тараптар арасында белгілі бір деңгейді шешім қабылдау автономиясына ие. Халықаралық институттардың рөлі, гегемондық мемлекеттер арасында экономикалық және саяси байланыстың теңгерімді механизмін қалыптастыру тетігін қамтамасыз етеді.

Алайда, жаһандық капиталистік жүйеде, халықаралық экономикалық саясат тұрғысынан көпвекторлы сыртқы саясаттың тиімділігін *неомарксистік* мектеп сынайды. Себебі, жаһандық жүйе, капиталистік идея негізінде әділетсіз таптарға бөлінген шақта, бір мемлекеттің баламалы бірнеше күш орталықтарымен байланысының артуының мәні мен маңызы жоқ деп есептелінеді.

Мысалы, Қазақстанның қарулы күштері мен әскери-өнеркәсіптік кешенін ішкі трансформациялау барысында көпвекторлық ұстанымды шикізатпен қамтамасыз етуде берік ұстанып келу - жарқын мысал. Ресейлік әскери техникаларға деген тәуелділіктен арылу үшін, “Қазақстан Инжинеринг” компаниялар тобы аясында бүгінгі таңда Оңтүстік Африка, секілді елдерден броньға қарсы және әуе шабуылына қарсы қару-жарақ, спутниктерді қоса алғанда, бақылау құралдары, дрондар және басқалары импортталып келуде. Бұл салада, 2011 жылға дейін тек ресейлік жеткізушілерден алынатын өнімдер пайдалынады. Бұл жағдай, Қазақстанның сыртқы саясатында әскери өндіріс

кешенін диверсификациялау деген мақсатта ХХІ ғасырдың алғашқы декадасында қолданысқа ене бастады [112].

Неореализм теориясына сәйкес, алып державалар арасында орналасқан мемлекеттер ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, күштер балансына сүйенеді немесе ықпалды тарапты таңдап, біржолғы шешім қабылдайды (bandwagoning). Алайда, халықаралық қатынастар жүйесінің анархиялық сипатын ескеретін болсақ, орта дәрежелі мемлекеттер үшін көп жағдайда прагматикалық құндылықтарға негізделген шешімдер қабылданады. Алайда, халықаралық қатынастар жүйесінен білетініміздей, ұлы державалар арасындағы орналасқан елдер үшін, геосаяси орналасу жағдаяты бір мезетті әрі мүмкіндік, әрі қатер. Орталық Азия елдеріндегі көпвекторлы сыртқы саясат моделі бағыты бойынша, Александр Кули пікірінше, *«жергілікті ережеге негізделген, жаһандық ойын»* сипатындағы ереже аясында анықталады [23]. Яғни, көпвекторлы саяси бағдардың қалыптасуында ішкі және сыртқы саяси факторлардың ықпалы бірдей деңгейде ықпал етеді. Көпвекторлы сыртқы саясаттың мақсаты, мемлекет суверенділігін сақтай отырып, аймақты нақты бір державаның үстемдік етуіне жол бермеу. Бұл тұрғыдан, белгілі ғалым Никола Контесси орта және кіші мемлекеттер үшін, ұлы державалар мүмкіндік сонымен қатар қатер көзін алып келеді деп есептейді [22].

Аталмыш пікірді тарқатып айтар болсақ, мүмкіндік дегеніміз, қандайда бір державаны аймаққа тарту, өңірдегі қауіпсіздікке балама күш ретінде теңгерімді баланс қалыптастыруға негіз болса, белгілі бір күш орталығының аймақты толық үстемдігін орнықтыруының алдын алуға жасалған қадам болады. Бұл тұрғыда, көпвекторлы сыртқы саяси бағыт табиғи қажеттіліктен қалыптасқан стратегия.

Никола Контесси зерттеуінде де осы тұжырымды растайды. Бірақ, Н.Контесси еңбектерінде геосаяси факторды ұзақ мерзімге қарағанда, прагматикалық тактикалық сипаты басым, стратегия деп ұғынады. Орталық Азия елдері Контессидің пікірінше, төрт типте өзгертін көпвекторлы бағыттың классикалық үлгісіне айналды. Бірінші түрі көпвекторлы сыртқы саясаттың негізгі міндеті ретінде мемлекет қауіпсіздігіні қамтамасыз ету үшін, державалар алдында стратегиялық келісімге келу. Орталық Азия елдерінде, Қазақстан мысалында аталмыш бағытты, тарихи негізде Ресейдің ықпалының басым болғанын көреміз. Ресей бағыты, батыстық және шығыстық векторға тек саяси ғана емес, сонымен қатар, мәдени, тарихи, тілдік және ділдік сипатта баламалық теңгерім жүйесін қалыптастырды [22].

Екінші түрі, көпвекторлы ұстаным тек қауіпсіздік бағытында емес, сонымен қатар, идеялогиялық таным сипатында баламалы теңгерімдік жүйеге негізделгендігінде. Бұл жағдаят, батыс елдерімен адам құқықтары, демократиялық институттарды дамыту, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) сияқты Батыстың өңірлік ұйымдарына қосылу арқылы идеялық сипатта батыс елдерімен үндес екендігін растайды. Алайда, идеологиялық сарында тек, аталмыш институттармен бірге ғана емес, Орталық Азия елдері Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) сияқты «еуразиялық» ұйымдарға мүше бола отырып, танымдық жүйенің шығыстық бөлігімен де бір екендігін көрсетеді.

Үшінші түрі табиғи ресурстардың экспортындағы диверсификация. Шикізат түрлерін экспорттаушы елдер үшін тұтынушы базасын әртараптандыру және кірісті арттыру үшін баламалы экспорттық бағыттарды дамыту мақсаты көпвекторлы сыртқы саяси стратегияның құрамдас бөлігі. Қалыптасқан сауда жодарына балама дәліздер ұсыну, арқылы логистикалық түрде экспорттық теңгерім қалыптасады. Төртінші түрі инфрақұрылымды әртараптандыру және жаһандық көлік бағыттарына интеграциялау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесуге бағытталған.

Елена Гнедина өз зерттеулерінде, көпвекторлы сыртқы саяси бағытты, әлемнің барлық бөліктерінде бірдей емес, мақсаты бір болғанымен, мазмұны бөлек стратегия ретінде бағалайды. Посткеңестік елдердегі көпвекторлы саясатты Ресеймен және ЕО-мен қарым-қатынасын мысалында зерттеген ғалым, көпвекторлы саяси бағытқа ортақ тән бір ғана ереже ол, прагматикалық сипаты деп қорытындылайды. Мысалы, пост-кеңестік аймақта, Украинаның, Азербайжан, Қазақстан, Белорусияның ұстанымдарындағы көпвекторлы саяси бағыттың ортақ тұсына қарағанда, қарама-қайшылықты тұсы көбірек [113]. Көбісі «көпвекторлы» сыртқы саясатты Ресей мен ЕО (Батыс) көршілес мемлекеттерді қарама-қарсы бағытта «жақтау» немесе «қарсыласу» ұғымдары негізінде түсінгісі келеді. Алайда, тәжірибеден көргеніміздей, көпвекторлы ұстанымда кейде бірмезетте қолдау мен қарсыласу бірдей жүреді.

Көпвекторлы саяси бағытты талдауда, Орталық Азия аймағындағы көпвекторлы сыртқы саясаттың Орталық және Шығыс Еуропа елдерінен айырмашылығы, посткеңестік элита саяси және экономикалық реформаларды жүргізуде құлықсыздық танытуын ескеруіміз қажет. Себебі, аталмыш елдердегі либералдық демократиялық институттардың қалыптасуы кешеуілдеп, көпвекторлы саяси бағыт жеке дара саяси институт ретінде қалыптаса алмаған еді. Елена Гнедина пікірінше, «көп векторлық» теңгерім стратегиясы да, күшті лагерьге қосылу таңдауы емес – посткеңестік элита ынтымақтастық шарттарына қатысты бәсекелес сыртқы субъектілермен келіссөздер стратегиясы. Саудасаттық мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, посткеңестік мемлекеттер өз мақсаттарына жету жолында тактикалық айла-шарғы жасау арқылы саудасаттық күштерін арттыруға тырысады.

Келіссөздер тактикасына дауды интернационалдандыру (басқа державадан қорғану үшін үшінші державаны тарту), балама лагерьге кету қаупі және ақпараттық асимметрияларды пайдалану әдістері жиі қолданылады.

Реализм теориясы бойынша көпвекторлы сыртқы саясатты мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғаудағы айқын қадамы ретінде түсіндіреді. Реализм теориясы халықаралық жүйеден анархиялық құрылымын деп анықтап, мемлекеттің басты мақсаты қауіпсіздік пен биліктің тұрақтылығы деп ұғады. Реализмге сәйкес, мемлекет ұлттық мүддесін қорғау үшін қуатты тепе-теңдік орнатып отыр. Осы тұрғыда көпвекторлы саясат дегеніміз – мемлекеттің мүддесі аясында әртүрлі бағыттарда ілгерілету арқылы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің құралы.

Ганс Моргентау реализмнің классикалық өкілі ретінде мемлекеттердің халықаралық саясаттағы негізгі мақсаты – ұлттық мүдделерді сақтау деп санайды. Оның пікірінше, көпвекторлы саясат – бұл мемлекеттердің анархиялық

әлемде қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүргізетін баланс саясатының көрінісі. Моргентау мемлекеттің көпжақты байланысы арқылы ықпал ету аймақтарын кеңейтуін көпвекторлы саясаттың басты элементі ретінде сипаттайды [114].

Қазақстанның көпвекторлы саясаты реализм теориясы тұрғысынан маңызды зерттеу нысаны айналды. Мысалы, Кеннет Уолтцтың неореализм теориясы бойынша, Қазақстан сияқты орта державалар көпвекторлы саясат жүргізу арқылы аймақтық және жаһандық акторлар арасында тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Мәселен, Қазақстанның Ресей, Қытай және Батыс елдерімен бірдей деңгейде қарым-қатынас орнатуы – көпвекторлы саясаттың нақты көрінісі. Реализм тұрғысынан елдің ұлттық мүддесін қорғау, сыртқы саяси ортада өзіндік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын стратегия.

Стивен Уолтцтың «қауіп-қатерді теңестіру» теориясы Қазақстанның көпвекторлы саясатын түсіндіруде маңызды рөл атқарды. Оның пікірінше, мемлекеттер қарсыластарынан келетін қауіп-қатерлерді теңестіру үшін әртүрлі одақтастармен байланыс орнатады. Қазақстанның Ресей және Қытай сияқты ірі державалармен, сонымен бірге АҚШ пен Еуропалық Одақпен әріптестік орнатуы – осы стратегияның дәлелі [59].

Сонымен қатар, Джон Миршаймердің оффенсив реализм теориясы көпвекторлы саясатты мемлекеттердің өз ықпалын кеңейту және қарсыластарын әлсірету құралы ретінде түсіндіреді [101]. Бұл тұрғыда Қазақстанның көпвекторлы саясаты өзінің аймақтық ықпалын нығайту және жаһандық деңгейде өзіндік рөлін көрсету үшін маңызды құрал.

Реализм теориясы көпвекторлы саясатты мемлекеттің анархиялық халықаралық жүйеде өзін қорғау және ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін қолданатын құралы деп баға береді. Моргентау, Уолтц және Миршаймер секілді ғалымдардың идеялары аталмыш стратегиялық саясатты ұғынуда теориялық негіз болып отыр. Қазақстанның көпвекторлы саясаты реализм тұрғысынан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді стратегиясы ретінде қарастырылады.

Либерализм теориясы көпвекторлы саясатты мемлекеттердің ынтымақтастыққа ұмтылуы және халықаралық ұйымдар арқылы өзара әрекеттесуін түсіндіру құралы ретінде қарастырады. Либерализмге сәйкес, мемлекеттердің арасындағы өзара тәуелділік пен ынтымақтастық халықаралық бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілі. Бұл тұрғыда, көпвекторлы саясат халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, ортақ мүдделерге негізделген тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Роберт Кеохэйн және Джозеф Най өзара тәуелділік теориясында мемлекеттердің экономикалық, саяси және әлеуметтік байланыстарды нығайту арқылы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететінін атап өтеді. Қазақстанның көпвекторлы саясаты осы қағидаттарға негізделеді. Мәселен, елдің Еуропалық Одақ, БҰҰ, ШЫҰ және ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатуы көпвекторлы саясаттың либерализм тұрғысынан түсіндірмесін көрсетеді. Бұл байланыстар Қазақстанның ұлттық мүдделерін алға жылжытуға және аймақтағы тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік береді [61].

Конструктивизм теориясы көпвекторлы саясатты мемлекеттің әлеуметтік нормаларға, идеяларға және сәйкестікке негізделген әрекеттері арқылы түсіндіріледі. Бұл теория халықаралық қатынастардағы материалдық факторларға қарағанда идеялық, нормативті факторларға көбірек мән береді [62]. Александр Вендт конструктивизм тұрғысынан мемлекеттердің өзара әрекеттесуінде сәйкестік пен идеялардың маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты - өзін бейтарап және сенімді әріптес ретінде көрсетуіне негізделген. Аталмыш саясат елдің халықаралық аренада өзіндік бейнесін қалыптастыру әрі геосаяси турбуленттік шақты саяси бейтараптықты сақтап қалуда өте маңызды. Мысалы, Қазақстанның *"Ядролық қарудан азат әлемге жол"* бастамасы және жаһандық бейбітшілікті сақтау мақсатындағы әрекеттері конструктивизм тұрғысынан қарағанда көпвекторлы саясаттың идеялық мазмұнын көрсетеді. Бұл стратегия елдің халықаралық аренада жауапты және сенімді серіктес ретіндегі имиджін нығайтады.

Неомарксизм теориясы көпвекторлы саясатты жаһандық капиталистік жүйедегі тәуелділікті төмендету және экономикалық ресурстарды әділ бөлу құралы ретінде анықтаған. Имануил Валлерстайнның әлемдік жүйе теориясына сәйкес, перифериялық және жартылай перифериялық елдер орталық елдердің экономикалық үстемдігіне қарсы әрекет ету үшін көпвекторлы саясат жүргізеді [115]. Қазақстанның көпвекторлы саясаты нео-марксизм тұрғысынан жаһандық капиталистік жүйеде ұлттық экономиканың мүдделерін қорғауға бағытталып отыр.

Ресей, Қытай және Батыс елдерімен экономикалық ынтымақтастықты дамытуы Қазақстанға сыртқы экономикалық тәуелділікті азайтуға және ресурстарын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *"Нұрлы жол"* бағдарламасы мен Жібек жолы экономикалық белдеуі аясындағы қатысуы – экономикалық даму мақсатындағы көпвекторлы саясаттың көрінісі.

Көпвекторлы саясат халықаралық қатынастар теориясының әртүрлі мектептері тұрғысынан әрқилы түсіндіріліп келуде. Аталмыш теориялық талдаулар Қазақстанның көпвекторлы саясатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оны халықаралық аренада тиімді қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

- Күшті жақтары: Көпвекторлы саясат елдерге икемділік, сыртқы саясаттағы тәуелсіздік және ұлттық мүдделерді қорғауда тиімді құрал ұсынады.

- Әлсіз жақтары: Бұл саясатты жүзеге асыруда ірі державалар арасындағы шиеленістер, ішкі тұрақсыздық және сыртқы қысым сияқты кедергілер туындауы мүмкін.

Көпвекторлы сыртқы саясат әртүрлі аймақтарда өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Себебі мемлекеттер өздерінің геосаяси жағдайына, экономикалық мүдделеріне және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты түрлі стратегияларды ұстанды. Шығыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия сияқты аймақтарда бұл саясат мемлекеттердің сыртқы қатынастардағы икемділігін, балансты сақтау қабілетін және ұлттық мүддені қорғау жолындағы әрекеттерінен айқын көрінеді.

Шығыс Еуропада көпвекторлы саясаттың жарқын мысалы ретінде Украинаны атап өтуге болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін Украина Ресеймен тығыз байланысын сақтай отырып, Еуропалық Одақ пен НАТО-мен

серіктестікке ұмтылды. Бұл әрекеттер елдің қауіпсіздік пен экономикалық даму тұрғысынан тепе-теңдік ұстану ниетін көрсетеді. Мысалы, Юджин Румер Украина сыртқы саясатының бұл бағытын "қиын геосаяси жағдайда өмір сүру амалы" ретінде сипаттайды [116]. Дегенмен, 2014 жылғы Қырым аннексиясы мен Донбасс қақтығысы көпвекторлы саясаттың шектеулерін айқындап отыр. Ресеймен шиеленіс бұл стратегияның жүзеге асуын қиындатты, себебі ел Батыс пен Шығыс арасындағы қақтығыстың ортасында қалды.

Беларусь те көпвекторлы саясаттың өзіндік үлгісін көрсетті. Александр Лукашенконың басқаруындағы Беларусь Ресейдің экономикалық және қауіпсіздік құрылымдарына мүше бола отырып, Батыс елдерімен сауда және дипломатиялық байланыстарды сақтауға тырысты. А.Лукашенконың бұл саясатын Марсия Фридман *"ықпалды державалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау саясаты"* деп бағалайды [117]. Беларусьтің бұл моделі елдің экономикалық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік бергенімен, демократия және адам құқықтары мәселелеріндегі қысым елдің халықаралық беделіне кері әсерін тигізді.

Халықаралық қатынастар жүйесінде, Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне тән өзіндік дипломатиялық дилемма қалыптасқан. Әмбебап байланыс (omni-enmeshment) дегеніміз – мемлекеттің халықаралық және аймақтық байланыс жүйе тәртібін құрып, аймақтық тәртіп қалыптастыру арқылы, статус-квоны сақтау. Нәтижесінде, мемлекет мүддесі айқындалып, әрбір тараптың аймақты үстем болуына жүйелік тұрғыда кедергі жасауға негізделген институттар құрылады. Э. Гоның пікірінше, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері тұрақсыз көп полярлы жүйе арқылы, аймақта АҚШ пен Қытай арасында таңдау жасау қажеттілігінің алдын алу үшін аймаққа басқа да барлық ықпалы державаларда экономикалық, саяси, мәдени сипатта тарта білді [104]. Бұл сыртқы саяси бағыт, жаһандық саясатта әмбебап байланыс немесе omni-enmeshment деген түсінікте қалыптасты. Омни-энмешмент – бұл психология, әлеуметтану және саяси ғылымдар салаларында ерте кездерден қолданылып келе жатқан ұғым. Мәні, жеке адамдар, топтар немесе институттар арасындағы шекаралар жойылып, айқын ерекшеліктерінің жоғалуына әкелетін терең өзара байланысқан немесе өзара түйдектелген күйді білдіретін. Бұл ұғым жүйедегі немесе қоршаған ортадағы барлық компоненттердің шамадан тыс өзара байланысын және өзара ықпалын, кейде дисфункцияға немесе автономияның жоғалуына дейін жеткізетінін баса көрсетеді.

Оңтүстік-Шығыс Азияда көпвекторлы саясатты жүзеге асырудың ерекше үлгілерін Вьетнам мен Сингапур көрсетті. Вьетнам өзінің сыртқы саясатын 1986 жылы басталған *«Дой мой»* экономикалық реформасы аясында қалыптастырды. Вьетнам Қытаймен тарихи шиеленісін сақтай отырып, АҚШ және Ресеймен әріптестік қатынастар орнатты. Мысалы, Карл Тайер Вьетнамның бұл саясатын *"аймақтық қауіпсіздікті нығайту мен экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтудің құралы"* деп баға береді [118]. Сонымен қатар, Вьетнам Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен (ASEAN) тығыз ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге атсалысып келуде.

Көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы халықаралық қатынастар теориясы саласында мұқият зерттеуді қажет ететін тұжырымдама. Көпвекторлы сыртқы саясат ұғымын теориялық тұрғыдан зерттеу халықаралық қатынастар теориясының бірнеше бағытын синтездеуді, сондай-ақ орта держава теориясын жан-жақты талдауды қажет етіп отыр. Себебі, халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саясат ұғымына дербес ұғым ретінде зерттелгеніне көп уақыт болмағанымен, бейтараптық, одақтарға қосылмау жеке дара тәуелсіз ұстаным қалыптастыру мағынасында басқа формаларда дипломатиялық қатынастарда кезігіп келуде. Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейінге кезеңде, көп векторлы сыртқы саяси бағыт стратегиясы бұрынғы Югославия елдері, пост-Кеңестік елдер және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде Қытай мен АҚШ ықпалы арасында қалыптасқан елдердің сыртқы саясатында бірегей ұстаным ретінде қалыптасты. Халықаралық жүйеде мемлекеттің басқа субъектілермен өзара әрекеттестіктің бірнеше векторларына немесе бағыттарына ұмтылуға баса назар аударатын стратегиялық көзқарасы.

Сингапурдың көпвекторлы моделі елдің шағын аумағы мен шектеулі ресурстарын ескере отырып, сыртқы саясатта бейтараптық пен прагматизмге негіздеді. Сингапур АҚШ-пен қауіпсіздік саласында тығыз ынтымақтастық орнатып, Қытаймен экономикалық серіктестігін нығайтып, Еуропалық Одақпен еркін сауда келісімдерін бекітті. Барри Дешер бұл модельді *"экономикалық тиімділік пен бейтараптықтың үйлесімі"* деп сипаттайды [119]. Сингапурдың басты басымдығы – халықаралық логистика мен қаржы орталығы ретіндегі рөлін сақтап қалуы.

Шығыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияның бұл тәжірибелері көпвекторлы сыртқа саяси бағыттың тиімділігі елдің геосаяси орналасуы мен халықаралық ортадағы жағдайларға бейімделу қабілетіне байланысты екенін көрсетеді.

Шығыс Еуропада Украина мен Беларусь Ресей мен Батыс арасындағы балансты сақтауға тырысса, Оңтүстік-Шығыс Азияда Вьетнам мен Сингапур Қытай мен АҚШ арасындағы ықпалды теңестіруге назар аударды. Бұл модельдер КССС-тың икемділік пен тәуелсіздікке қол жеткізудің құралы екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, аймақтық ерекшеліктер мен ірі державалардың мүдделері бұл саясаттың жүзеге асуына елеулі әсер ететіні анық.

КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістіктің барлық жаңа мемлекеттері (Ресей мен Балтық жағалауы республикаларын қоспағанда) сыртқы саясаты мен сыртқы экономикалық қызметінің «көпвекторлы» сипатына көшудің сөзсіздігіне тап болды. Бірінші кезеңде бұған бұрынғы кеңестік республикаларды тәуелсіз мемлекет ретінде құру қажеттігі себеп болды. Кейіннен (XXI ғасырдың бірінші онжылдығы ортасына дейін) олардың экономикалық «өмір сүруін» қамтамасыз ете алатын негізгі халықаралық ресурсты алу қажеттілігі тактикалық басымдықтар арасында бірінші орынға шықты.

Қазақстанның Еуропаға да, Азияға да географиялық, мәдени, тарихи және өркениеттік тиістілігін айқындайтын «Еуразиялық көпір» тұжырымдамасы «Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясы» доктринасына айналды. Қазақстанның сыртқы саясатының көпвекторлы сипаты жас мемлекеттің

тәуелсіз, бейтарап және таңдау еркін сыртқы саясатын қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда, мұндай саясатты жүзеге асырудың басында Қазақстан мен жалпы Орталық Азияға ықпал еткен әртүрлі геосаяси күш орталықтары арасында теңгерімді сақтау қажеттілігі айқын көрінді.

Аймақтағы және тұтастай алғанда әлемдегі өзгермелі геосаяси жағдай Қазақстан Республикасынан, ең алдымен, мемлекеттің субъективтілігін сақтауға және оның ұлттық мүдделерін қорғауға, туындайтын қауіптер мен қауіптерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін нақты және ойластырылған шешімдер қабылдауды талап етті.

Геосаяси және геоэкономикалық өзгерістердің жағдайында ел басшылығына сыртқы саяси механизмдер арқылы ғана қалыптаспаған сыртқы саясатының көпвекторлы сипатын сақтай отырып, аймақтық және жаһандық державалармен өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын іздеу қажет болды.

Халықаралық қатынастар жүйесінде, әлсіз мемлекеттер келіссөздерде өз салмағын арттыру және күшті мемлекеттермен неғұрлым тиімді келісімдер жасау үшін стратегиялық қадамдарға.

- Қақтығысты интернационализациялау және беделдік қысым көрсету;
- Балама лагерьге ауысу қаупін білдіру;
- Ақпараттық асимметрияларды пайдалану.

Кіші мемлекет үшін үшінші тарапты келіссөздерге тарту оның маневрлік мүмкіндіктерін арттырудың тиімді әдісі болуы мүмкін. Үшінші тарап қысым көрсету немесе күштеп саясат жүргізу әрекеттеріне тосқауыл бола алады, әлсіз мемлекетті қорғау үшін негізгі келіссөз жүргізушіге қысым жасай алады. Мұндай қолдау кіші мемлекетке қарсыластың келешектегі жағымсыз әрекеттерінің құнын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Көпвекторлы сыртқы саясаттың теориялық негіздерін зерттеу көрсеткендей, бұл ұғым халықаралық қатынастар теориясында мемлекеттің сыртқы саяси мінез-құлқын түсіндіретін маңызды модельдердің бірі. Күштер балансын ұстану, неореализм қағидаттары және векторлық модельдер осы саясаттың мәнін ашуда негізгі құралдар ретінде қарастырылып отыр.

Күштер балансы теориясы бойынша, мемлекеттер өздерінің ұлттық мүдделерін қорғау үшін халықаралық жүйеде тепе-теңдікті сақтау саясатына ерекше мән береді. Бұл қағида кіші және орта мемлекеттер үшін өте маңызды, себебі, ірі державалардың ықпалынан қорғауды қамтамасыз ету үшін көпвекторлы стратегияны қолданып келуде. Кіші мемлекеттердің үлкен акторлар арасындағы келісімге келуі, мемлекеттің сыртқы қолдауға сүйену деңгейіне байланысты. Мысалы, егер үшінші тараптың қолдауы бар болса, әлсіз мемлекет екі күшті актор арасындағы теңгерімді сақтап, өз мүддесіне сай келетін тиімді келісімдерге қол жеткізуге тырысады. Бұл көпвекторлы саясаттың прагматикалық сипатын көрсетеді.

Неореализм теориясы көпвекторлы саясатты мемлекеттердің анархиялық халықаралық жүйеде өзін-өзі сақтау және ұлттық қауіпсіздікке ұмтылу стратегиясы ретінде сипаттайды. Неореализмге сәйкес, мемлекеттің сыртқы саяси шешімдері жүйелік факторлар мен ішкі динамиканың өзара әрекеттесуінен туындап отыр. Қазақстан секілді мемлекеттердің көпвекторлы саясаты бұл теория тұрғысынан қарағанда, халықаралық аренадағы қауіп-қатерлерді азайтуға

және бірнеше серіктестермен серіктестік қатынастар орнату арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Теориялық тұрғыдан, бұл стратегия реализмнің рационалдық моделіне сәйкес келеді. Себебі, мемлекеттің өзін-өзі сақтау және ұлттық мүдделерді қорғау мақсаттарын жүзеге асыруға негізделген. Мысалы, Қазақстанның Ресей, Қытай және Батыс елдерімен қатынастарды тепе-тең ұстану саясаты оның көпвекторлы стратегиясының айқын көрінісі.

Көпвекторлы саясаттың прагматикалық сипаты - идеологияға емес, мемлекеттің нақты мүдделеріне негізделетінін көрсетуде. Мемлекет өзінің сыртқы серіктестерінің ішкі саяси сипатына немесе геосаяси ұстанымдарына тәуелді болмай, тек өз мүдделері мен пайдасын басшылыққа алады. Қазақстан жағдайында бұл саясат елдің энергетикалық ресурстарын әртараптандыру, халықаралық аренада беделін нығайту және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты мақсаттарды қамтиды.

Қорыта айтқанда, көпвекторлы сыртқы саясат мемлекеттің сыртқы қатынастарын тиімді басқарудың құралы ретінде қызмет етеді. Нәтижесінде, халықаралық жүйеде тепе-теңдікті сақтау, қауіпсіздікке қол жеткізу жатыр. Бұл стратегиялық саясаттың теориялық негізі күштер балансы, неореализм және векторлық модельдер тұрғысынан жан-жақты талдауды қажет етуде. Сондықтан көпвекторлы саясатты зерттеу және оны қолдану механизмдерін түсіну халықаралық қатынастардағы маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

1.2 Көпвекторлы сыртқы саяси бағыттың қалыптасуының геосаяси және трансконтиненталды алғышарттарын әдістемелік зерттеу ерекшеліктері

Бірінші бөлімде халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының теориялық негізін, күштер балансы, неореализм теориялары аясында талқылады. Бұл бөлімде, көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының қалыптасуындағы трансконтиненталдық және геосаяси орналасуының әдістемелік зерттелу ерекшеліктерін талдайтын боламыз.

Көпвекторлы сыртқы саясат – жаһандану дәуіріндегі шағын және орта мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы мүдделерін қорғау құралына айналды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін сыртқы саяси стратегиясын осы қағидаға негіздеп, бір мезгілде бірнеше ірі державалармен тепе-тең ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келуде. Бұл стратегиялық саясаттың негізгі мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті, егемендікті және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып отыр. Қазақстан аталмыш стратегияны қолдану арқылы халықаралық қақтығыстардан өзін бейтарап ұстап, жаһандық және өңірлік деңгейде сенімді серіктес рөлін атқарды. Сонымен қатар, көпвекторлы саясаттың ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу оның халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саяси бағытының қалыптасуын зерттегенде, геосаяси ерекшелігін ескеру өте маңызды. Біріншіден, Қазақстанның теңізге шыға алмайтын және трансконтиненталды географиялық орналасу ерекшелік оның басқа елдермен сыртқы қатынастарының бағытына тигізетін ықпалын анықтау қажет. Ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылатын анықтама бойынша, «теңізге

шыға алмайтын ел» деп көрші мемлекеттердің құрлық аумағымен немесе ішкі теңіздер мен көлдер арқылы толығымен қоршалған мемлекетті атайды [120]. Бұл тұрғыдан алғанда, алып Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан Қазақстан теңізге шыға алмайтын елдердің типтік мысалы болып табылады. Мұндай елдердің қатарына Еуропадағы Беларусь пен Венгрия, Оңтүстік Америкадағы Боливия мен Парагвай, Африкадағы Орталық Африка Республикасы мен Чад, Азиядағы Непал мен Моңғолияны жатқызуға болады. Екіншіден, «трансконтиненталды мемлекет» ұғымы ғылыми әдебиетте екі немесе одан да көп құрлықтың аумағына таралып жатқан елдерді сипаттау үшін қолданылады. Осы тұрғыдан Қазақстан Еуропа мен Азияның арасында орналасқан трансконтиненталды мемлекет болып табылады. Басқа трансконтиненталды елдердің қатарына Әзербайжан, Мысыр, Грузия, Индонезия, Панама, Түркия және Ресейді жатқызуға болады. Ал, көпвекторлы сыртқы саясат ұғымы, жалпы халықаралық қауымдастықпен, атап айтқанда көрші мемлекеттермен прагматикалық әрі теңгерімді дипломатиялық қатынастарды сақтауға негізделген дипломатиялық стратегия ретінде түсіндіріледі [107].

Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы саясат стратегиясын зерттеуде маңызды тұжырымдамалардың бірі, *«шығу стратегиясы»* (exit strategy). Бұл ұғым әдетте, мемлекеттің халықаралық аренадағы объективті шектеулерін еңсеруге бағытталған үкімет тарапына жасалынған тәсілдер жиынтығын білдіреді [121]. Мұндай шектеулерге географиялық факторлар (мысалы, таулы аймақтар, шөлдер, жанартаулар, жоғары сейсмикалық белсенділік зоналары, теңізге шыға алмаушылық), әскери немесе экономикалық жағынан анағұрлым қуатты әрі қауіпті көрші елдердің болуы, сондай-ақ адам, су, қаржы, экономикалық және технологиялық ресурстардың жетіспеуі жатады. Әдістемелік негізде, келесі бір маңызды ұғым, *«жұмсақ күш»* (soft power) тұжырымдамасы. Бұл ұғым қазіргі халықаралық қатынастарда сын-тегеуріндерді еңсеруге бағытталған мемлекеттердің саясатын сипаттау үшін кеңінен қолданылады [122]. «Жұмсақ күш» термині алғаш рет Джозеф Най тарапынан 1980-жылдардың соңында енгізілген және өзге мемлекеттердің іс-әрекеттеріне ықпал ету арқылы қалаған нәтижеге жету қабілетін білдіреді. Халықаралық қатынастарда жұмсақ күш ықпал ету нысандарын мәжбүрлеу арқылы емес, оларды өз еркімен ынтымақтастыққа тарту (кооптация) жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстанның сыртқы саясаттағы көпвекторлы стратегияға негізделуі, түрлі бастамалар мен іс-шаралар арқылы жүзеге асыруы, оның Еуразияның ортасында, теңіздер мен мұхиттардан алыс орналасуы секілді нақты объективті шектеулерін жеңілдетуге бағытталған *«шығу стратегияларын»* қолдануы ретінде қарастырылған зерттеулер тобы қалыптасқан.

Академиялық зерттеулерде, халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саяси бағытты зерттеуде келесі күш әдіс кеңінен қалыптасқан: контекстік талдау, саяси талдау және дискурстық талдау. Контекстік талдау әдісі саяси ғылымдарда саяси субъектілердің (мемлекет, саяси жүйе немесе режимнің) қызмет ететін ортасы мен контекстінің ықпалын зерттеуде кеңінен қолданылады [123]. Контекстік талдау арқылы мемлекеттің

теңізге шыға алмайтын әрі трансконтиненталды бірегей географиялық орналасуының сыртқы қатынастардағы саяси және экономикалық салдарларын қарастырады.

Саяси талдау (policy analysis), халықаралық қатынастар саласындағы зерттеулерде сыртқы саясаттағы белгілі бір сын-қатерлерге қатысты қолданылатын барлық мүмкін стратегияларды анықтап, бағалау үшін кең таралған зерттеу құралы [124]. Диссертация аясында аталған әдіс Қазақстанның соңғы үш онжылдықта жаһандық қауымдастықпен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнату мақсатында қолданған негізгі стратегиялар мен тактикаларды зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде елдің сыртқы саясаттағы сын-қатерлері мен мүмкіндіктерін басқарудағы тәсілдерін бағалауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, диссертацияда сыртқы саяси бастамаларға қатысты түрлі стратегиялық құжаттар мен саяси риторика дискурстық талдау әдісімен талданады. Дискурстық талдау – сыртқы саясатты зерттеуде жиі қолданылатын әдістердің бірі, ол саяси көзқарастарды үкіметтік құрылымдардың (мысалы, президент әкімшілігі, премьер-министр кеңсесі, сыртқы істер министрлігі, елшіліктер және т.б.) және халықаралық форумдардың сыртқы саясат бағыттарына қатысты ресми мәлімдемелері мен пікірлері арқылы зерттеуді білдіреді [125]. Бұл әдіс Қазақстанның саяси шешім қабылдаушы тұлғалар тарапынан ұсынылатын саяси және экономикалық интеграция жобалары, аймақтық қауіпсіздік мәселелері және қатерлеріне қатысты жаһандық және өңірлік көзқарастарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, саяси талдауды толықтырады. Нәтижесінде, аталмыш әдістердің өзара үйлесімі теңізге шыға алмайтын географиялық орналасудың халықаралық қатынастардағы ықпалын нақты әрі тереңірек талдауға септігін тигізеді.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саяси бағытын анықтауда, академиялық зерттеулердегі бірнеше дерек көздері мен ресми құжаттарды атап өтуіміз қажет. Себебі, аталмыш құжаттар Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының архитектурасы мен бағытын қалыптастыруда өте өзекті болып оты. Оларға Қазақстан Республикасының 2014–2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасы, «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [4] және Қазақстанның Әскери доктринасы [3] жатады. Аталған құжаттардың біріншісі президенттің халыққа арналған «Қазақстан-2050 стратегиясы» жолдауында белгіленген қағидаларға сәйкес әзірленген. Ол елдің алдағы кезеңдегі сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастардағы негізгі қағидаттарын, мақсаттарын, басымдықтары мен міндеттерін жүйелеу және айқындауға бағытталған [6]. Сонымен қатар, бұл стратегиялық құжаттар, билік институттарының бірінші кезекте ілгерілетуі тиіс сыртқы саясаттың негізгі бағыттары немесе векторлары ресми түрде көрсетілген.

Кесте 2- Зерттеу құрылымы.

№	Зерттеудің негізгі сұрақтары	Талдаудың негізгі әдістері:	Деректердің негізгі көздері:	Күтілетін негізгі нәтижелер:
---	------------------------------	-----------------------------	------------------------------	------------------------------

1	Теңізге шыға алмайтын және трансконтиненталды мемлекеттердің географиялық орналасуы олардың сыртқы саясатының қалыптасуына қалай ықпал етеді?	Контекстік талдау	Әдебиеттерге шолу және теңізге шыға алмайтын елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы статистикалық мәліметтер, индекстер және кестелерді талдау	Бір жағынан, Қазақстанның Еуразия құрлығы ортасында теңізге шыға алмайтын жағдайынан туындайтын негізгі қиындықтарды анықтау, екінші жағынан, Азия мен Еуропаның арасындағы трансконтиненталды орналасуының сыртқы саясатты дамытудағы негізгі мүмкіндіктерін айқындау.
2	Билік институттары аталған қиындықтарды жеңілдету және әлеуетті мүмкіндіктерді іске асыру мақсатында қандай «шығу стратегияларын» қолданады?	Саяси және дискурстық талдау	Мемлекеттік органдар қабылдаған негізгі стратегиялық құжаттар мен ресми саяси риторика, халықаралық ұйымдар және басқа елдермен сыртқы қарым-қатынастар	Қазақстан билігінің сыртқы саясатта ұлттық экономикалық және саяси мүдделерді барынша жүзеге асыру, сонымен қатар теңізге шыға алмайтын әрі трансконтиненталды географиялық орналасуының объективті шектеулері мен артықшылықтарын теңгерімді түрде пайдалану мақсатында қолданған стратегиялары мен тактикаларын жан-жақты түсіну.

Идан және Шаффер авторлығы негізінде жарияланған «Посткеңестік теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің сыртқы саясаты» атты мақалада – мемлекеттің теңізге шыға алмайтын географиялық жағдайының сыртқы саясатқа әсері зерттелген ықпалды еңбектердің бірі [126]. Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы елдердің, соның ішінде Қазақстанның теңізге шыға алмайтын географиялық жағдайының сыртқы саясат бастамаларына тигізетін ықпалын

зерттейді. Мақалада бірнеше елдер арасындағы салыстырмалы талдау ғана емес, теңізге шыға алмайтын және бір мезгілде трансконтиненталды жалғыз мемлекет – Қазақстанға арналған жекелеген кейстік зерттеуге негізделген. Қазақстанның халықаралық аренадағы белсенді ұстанымы және оның үкіметі ұсынған экономикалық және саяси интеграциялық процестерді айқын трансконтиненталды сипатта дамытуға бағытталған сыртқы саяси бастамалардың алуан түрлілігі осы кейсті егжей-тегжейлі зерттеуге бай эмпирикалық негіз береді [127].

Теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің бірегей географиялық орналасуының экономикалық және саяси дамуына тигізетін әсерін талдаған тағы бір маңызды еңбек – Дүниежүзілік банктің сарапшылар тобы әзірлеген жұмыс құжаты. «Теңізге шыға алмаудың құны: логистикалық шығындар мен жеткізу тізбегінің сенімділігі» атты зерттеуінде әлемдегі ең кедей елдердің басым көпшілігі көрші теңіз жағалауындағы мемлекеттердің аумағы арқылы жаһандық нарықтарға қолжетімділіктің қолайлы жолдарының жоқтығынан экономикалық дамуы тұрақсыз әрі болжап болмайды деп қорытындылайды. Нәтижесінде, теңізге шыға алмайтын елдер көршілері мен транзиттік мемлекеттерге жанама экономикалық тәуелділігі көп өлшемді сипатта болып, саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық мәселелерді қамтитынын атап көрсетеді.

Қазақстанның бірегей геосаяси контексті саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына беретін мүмкіндіктерді жан-жақты ықпал етеді. Себебі әлемдегі теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің басым көпшілігі экономикалық тұрғыда артта қалған елдер қатарына жатады. Бұл тұрғыда, Қазақстанның экономикалық дамуы үшін ең басты сын-қатерлердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Теңізге шыға алмайтын елдердің аймақтағы сыртқы саяси бағытын зерттеген еңбектердің көпшілігі теңіз жағалауына тікелей шыға алмайтына байланысты экономикалық және ішінара саяси қиындықтарға ғана басымдық берген. Аталмыш елдер, көршілес теңіз жағалауы немесе транзиттік елдермен нақты сыртқы саяси бастамалар, интеграция және серіктестік платформалары арқылы табысты «шығу стратегияларын» жүзеге асыру мәселесін зерттемеген.

Қазақстан – теңізге шыға алмайтын ғана емес, сондай-ақ трансконтиненталды ел ретінде өзінің Еуразия құрлығының ортасындағы ерекше географиясын әрі қиындық, әрі мүмкіндік ретінде қабылдап, аймақтағы экономикалық ынтымақтастық пен өзара тиімді сауда алаңдарын құруға бағытталған түрлі сыртқы саяси бастамаларды жүзеге асыруда. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан мұндай зерттеулер үшін айтарлықтай қолайлы мысал бола алады.

Қазақстанның бірегей геосаяси орналасуы транзиттік, одан да маңыздысы – экспорттық мүмкіндіктер тұрғысынан айтарлықтай тиімді болуға уәде береді. Тарихқа көз жүгіртсек, аймақтағы трансконтиненталды елдер – ғұндар, көктүріктер, хазарлар, Алтын Орда, селжүктер, Осман қағанаты және басқа да көне түркі мемлекеттері ұлы географиялық ашылулар мен теңіздік жаһандану дәуіріне дейін гүлденген болатын. Олар ғасырлар бойы Азия мен Еуропаны жалғаған маңызды сауда және көлік бағыттарына толық бақылау жасау арқылы

саяси және әскери тұрғыда үлкен ықпалға ие болды. Орта ғасырлар – Орталық Азияны мыңдаған жылдар бойы мекен еткен түркітілдес көшпелі және теңіз жағалауы жоқ халықтар үшін нағыз алтын дәуір еді. Бұл кезең ғылым, астрономия, философия, әскери өнер, медицина, пошта қызметі технологиясы, ақша саясаты және сауда бизнесі салаларында үлкен жетістіктерге жетіп [128] Азия мен Еуропа өркениеттерін байытып, мәдениеттер мен діндердің диалогына орасан зор үлес қосты. Ұлы Жібек жолы – сол дәуірдің айқын мысалы. Қазіргі уақытта Қазақстанның өзін Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық және мәдени көпір ретінде түрлі интеграциялық платформалар мен үкіметаралық жобалар арқылы қайта жаңғыртуға ұмтылысы оның теңізге шыға алмайтын және трансконтиненталды географиялық жағдайының тарихи және заманауи перспективалардағы сын-тегеуріндері мен мүмкіндіктерін зерттеуге керемет жағдай жасайды.

Жаһандық картаға қарасақ, әлемде бірнеше құрлықта орналасқан мемлекеттердің саны аса көп емес екенін байқаймыз. Жалпы жұртшылыққа жақсы белгілі трансконтиненталды мемлекеттер ретінде Түркия, Ресей және одан біршама аз дәрежеде Қазақстанды атауға болады. Бұл елдер алып құрлықтың ортасында орналасқан Еуразиялық мемлекеттердің классикалық мысалдары жатады. Алайда, Қазақстанның ерекшелігі: Еуропа мен Азия арасында орналасқан трансконтиненталды мемлекет қана емес, сондай-ақ әлемдегі ең ірі теңіз жағалауына қолжетімділігі жоқ ел болуында. Қазақстанның географиялық жағдайының парадоксы да осында – бір мезгілде теңізге шыға алмайтын әрі трансконтиненталды ел.

Бір жағынан, академиялық зерттеулерде теңізге шыға алмайтын ел мәртебесі, әдетте, кез келген мемлекеттің экономикалық дамуы үшін кедергі ретінде қарастырылса [129-133]. Екінші жағынан, трансконтиненталды мемлекет болу, еркін сауда мен экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін айтарлықтай артықшылық ретінде бағаланады [133-137]. Осы ретте Қазақстанның әлемдегі ең ірі құрлықтың дәл ортасында орналасуының ерекше әрі бірегей факторлары, яғни жаһанның экономикалық жағынан ең дамыған екі аймағы – Еуропа мен Шығыс Азияны байланыстыратын маңызды көліктік-логистикалық бағыттардың қиылысында орналасуы – оның сыртқы саясаты мен логистикалық дамуына қалай әсер ететінін талдау, одан да маңыздысы, оның әлемдік саясаттағы делдалдық рөлін түсіну үшін өте маңызды болып табылады.

Қазақстанның өңірлік экономикалық интеграцияны, саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті ілгерілетуге бағытталған халықаралық бастамалары оның теңізге шыға алмайтын және трансконтиненталды мемлекет ретіндегі мәртебесінің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізетін ықпалдары тұрғысынан талданғанда ғана толық ашыла түседі.

Қазақстан солтүстігінде Ресеймен, шығысында Қытаймен, батысында Каспий теңізімен, оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан секілді Орталық Азия елдерімен шектесіп жатқан классикалық теңізге шыға алмайтын мемлекет. Мұндай географиялық жағдайдың басты кемшілігі – халықаралық сауданың басым бөлігі жүзеге асатын әлемдік мұхиттарға тікелей шыға алмауы [131]. Теңізге шыға алмайтын географиялық шектеулер әлемдік нарықтармен сауда қатынасына теріс әсер ететіндіктен [136], кез келген

құрлықішілік мемлекеттің тұрақты экономикалық дамуы көрші елдермен достық қарым-қатынастарға тәуелді болып келеді [133]. Бұған дейінгі зерттеулер көрсеткендей, әлемдегі теңізге шыға алмайтын елдердің басым бөлігі төмен табысты мемлекеттер қатарына жатады [123]. Бұл фактор Қазақстан экономикасының дамуын да айтарлықтай шектейді.

Сонымен қатар, мәселенің ауқымдылығы бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы негізінен минералды ресурстарды кең ауқымда игеруге [107], одан да маңыздысы, оларды әлемдік нарыққа транзиттік елдер аумағы арқылы экспорттауға тәуелді екендігімен арта түседі. Мысалы, Дүниежүзілік банк жариялаған жыл сайынғы жаһандық табыс классификациясына сәйкес [37], Орталық Азиядағы теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің барлығы дерлік төмен немесе ортадан төмен табысты елдер қатарына жатады. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім (ЖІӨ) көлеміне қарасақ, аймақта тек минералдық ресурстарға бай Қазақстан мен Түрікменстан ғана мұнай, газ және металлургия саласына 2000-жылдардың басында тартылған ауқымды инвестициялар нәтижесінде салыстырмалы түрде жоғары табыс деңгейіне жеткен. Басқа елдердің барлығы өте кедей. Дегенмен, соңғы жылдары минералдық ресурстардың әлемдік нарықтағы бағасының күрт төмендеуі, әсіресе, Қазақстан экономикасында терең экономикалық дағдарысқа алып келді. Ал Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан секілді минералдық ресурстарға тым тәуелді емес, теңізге шыға алмайтын елдердегі жағдай салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды.

Теңізге шыға алмайтын елдер үшін негізгі саяси мәселе – бұл мемлекеттердің сыртқы саясаты мен кей жағдайларда ішкі саяси шешімдері транзиттік елдердің ішкі саяси-экономикалық жағдайына тікелей тәуелді болып келеді. Себебі, құрлықішілік мемлекеттердің дамуы көрші елдердегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа жанама түрде тәуелді [126]. Транзит елдерінде орын алған кез келген саяси дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс немесе әскери қақтығыстар теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің сыртқы саудасына кері әсер етіп, олардың экономикалық дамуына, әлеуметтік және саяси тұрақтылығына нұқсан келтіреді.

Сонымен қатар, теңіз жағалауындағы транзиттік елдер теңізге шыға алмайтын көршілеріне қатысты транзиттік төлемдерді көтеру арқылы жанама түрде саяси ықпал мен экономикалық қысым жасау мүмкіндігіне де ие [138]. Бұл жағдай, әсіресе, шекаралас көршілерінің саны аз құрлықішілік елдер үшін маңызды, себебі бұл олардың сыртқы қатынастардағы маневр жасау және сауда жолдарын әртараптандыру мүмкіндігін азайтады.

Қазақстан бес мемлекетпен шектесетіндіктен, алғаш қарағанда оның көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуге мүмкіндігі мол болып көрінуі мүмкін [139]. Алайда, бұл көршілердің ішінен тек Ресей мен Қытайдың ғана Атлант, Солтүстік Мұзды және Тынық мұхиттарына шығатын теңіз порттары арқылы әлемдік мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігі бар. Ал оңтүстіктегі көршілері – Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстанның өздері де теңізге шыға алмайтын елдер қатарына жатады. Шын мәнінде, осы аймақтағы елдердің барлығы – Ауғанстан, Бутан, Моңғолия, Непал және Тәжікстанды қоса алғанда, теңізге шыға алмайтын мемлекеттер. Өзбекстан мен Тәжікстан, тіпті, өздері сияқты теңізге шыға алмайтын мемлекеттермен ғана шектесіп, «екі есе құрлықішілік»

мәртебесіне ие. Бұл жағдай аймақтың бірегей ішкі географиялық орналасуының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуға тигізетін әсерін түсіну тұрғысынан өте қызықты әрі маңызды зерттеу нысаны болып табылады.

Аймақтағы теңізге шыға алмайтын елдер арасында Қазақстан трансконтиненталды мәртебеге ие жалғыз мемлекет. Бұл жағдай Қазақстанның теңізге шығатын жолдың жоқтығынан туындайтын экономикалық және саяси қиындықтарын жеңілдетуге қолайлырақ мүмкіндіктер береді. Трансконтиненталды ел болудың негізгі артықшылығы – транзиттік әлеуеттің жоғары болуында [140]. Қазақстан өзінің құрлықшілік орналасуының экономикалық салдарын барлық қолжетімді транзиттік ресурстарды тиімді пайдалану арқылы теңгеруге қабілетті. Әлемдегі ең ірі құрлықтың дәл ортасында орналасқандықтан, Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы маңызды логистикалық көпір рөлін атқарады [71]. Себебі, екі аймақты байланыстыруға мүмкіндік беретін көптеген коммуникациялық және көлік дәліздері міндетті түрде оның аумағынан өтуі тиіс [57].

Бұл ретте, негізінен шикізат экспорттаушы ел ретінде танылған Қазақстан экспорттық бағыттарын мүмкіндігінше әртараптандырып, барлық көршілес елдермен түрлі трансконтиненталды және трансшекаралық экономикалық жобаларға қатысуы маңызды. Қытай мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі қолдаған және Еуразияның екі алыстағы өңірін логистикалық тұрғыда байланыстыруға бағытталған аса маңызды халықаралық жоба – «Жаңа Жібек жолы» жобасы осы бағыттағы ең перспективалы бастамалардың бірі саналады. Қытай үкіметі мәлімдегендей, бұл жаңа трансконтиненталды жол «өз бағытындағы елдердің дамуы арқылы әлемдік саяси және экономикалық ландшафтты өзгертуі тиіс, өйткені осы елдердің көпшілігі жаңа экономикалық өсімге мүдделі».

Қытай мен Еуропалық Одақ арасында, әлемдегі екінші ірі экономика мен ең ірі тұтыну нарығының ортасында орналасқан Қазақстанның транзиттік көлік желілері мен логистиканы құруға белсенді қатысу арқылы тұрақты экономиканы дамытуға берік негіз қалауға әлеуеті жеткілікті. Бұл жағдай келешекте Қазақстанның минералдық ресурстарға деген біржақты тәуелділігінен құтылып, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Трансконтиненталды мемлекеттердің географиялық тұрғыдағы ерекше орналасуы оларға әдетте географиялық немесе аймақтық қағидаттар бойынша түрлі халықаралық, үкіметаралық саяси және экономикалық бірлестіктер мен институттарға мүше болуға мүмкіндік береді. Мысалы, негізінен Азия елі әрі Азия Олимпиада кеңесінің мүшесі бола тұра, Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы бірегей трансконтиненталды мәртебесі оған 2002 жылы Еуропалық футбол қауымдастықтары одағына (UEFA) кіруге жол ашты. Осы сәттен бастап көптеген ұлттық және жергілікті футбол клубтары құрлық деңгейінде өнер көрсетіп, Еуропа аймағымен жаңа кәсіби және жеке байланыстар орнатуға мүмкіндік алды.

Саяси-экономикалық тұрғыдан алғанда, ішінара Еуропада орналасқан Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) белсенді мүшесі. Мысалы, Қазақстанға ЕҚЫҰ 2010 жылы төрағалық етіп, Астана қаласында ЕҚЫҰ саяси саммитін ресми түрде өткізуі Қазақстанды

трансконтиненталды ел ретінде айшықты имиджін қалыптастырды. Қазақстан Еуропаның осы беделді үкіметаралық ұйымына төрағалық еткен алғашқы посткеңестік және негізінен азиялық мемлекет ретінде тарихта қалды.

Қазақстанның батыстық даму жолында, Еуропалық Одақтың тигізген тағы бір ықпалы – Болон процесі болып табылады. Болон процесі арқылы елдегі білім беру мен ғылыми қауымдастықтың Еуропалық стандарттарға және өлшемдерге сәйкес реформалануына әкелді [34]. Қазақстан болашақта Еуропалық Одақ, Еуропа Кеңесі және Солтүстік Атлант Шарты Ұйымымен (НАТО) өзара тиімді экономикалық, саяси және тіпті әскери ынтымақтастықты дамыту мақсатында стратегиялық және арнайы серіктестік қарым-қатынас орнатуға әлеуеті бар. Осындай әріптестіктердің нәтижесінде, бүгінде Қазақстан трансконтиненталды мемлекет сыртқы саяси стратегияларын әртараптандырып, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы саясаттың үлгілі мысалы ретінде танылып отыр.

Қазақстан сыртқы саясатының мәнін халықаралық қатынастарда ұлттық мүдделерін жүзеге асыру мен геосаяси орналасуынан туындайтын объективті шектеулер мен мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арасындағы тепе-теңдік деп сипаттауға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2014–2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасының 2-тармағына сәйкес, сыртқы саясаттағы әртарапты, тепе-теңдік, прагматизм, өзара тиімділік және ұлттық мүдделерді берік қорғау қағидалары елдің сыртқы саяси басымдықтарын құрайды [4].

Осы тұрғыда Қазақстанның халықаралық қатынастарда ұстанатын стратегиясы жиі «көпвекторлы сыртқы саясат» ретінде аталады. Саяси тұрғыдан алғанда, дипломатияның мұндай формасы негізінен идеологиялық емес, өйткені «әлеуетті серіктестердің ішкі саясаты мен мемлекеттік құрылымы, сондай-ақ олардың өзге елдермен геосаяси қарым-қатынасы көпвекторлы тәсілді айқындайтын негізгі факторларға жатпайды» [57]. Бұл саясат әртүрлі сыртқы саяси бастамаларды жүзеге асыруда және диалог алаңдарын құруда үлкен икемділікке мүмкіндік береді.

Әдетте теңізге шыға алмайтын мемлекеттер сыртқы саясатта бейтараптық, тіпті саяси оқшаулану стратегиясын таңдайды. Халықаралық қатынастарда бейтараптығымен танымал Швейцария – классикалық құрлықшілік елдің мысалы. Қазақстан сияқты Орталық Азиядағы теңізге шыға алмайтын елдердің бірі Түрікменстан да бейтараптық саясатының жарқын мысалы бола алады. Алайда Қазақстан үшін елдің трансконтиненталды орналасуы мен территориясының көлеміне байланысты оқшаулану немесе бейтараптық стратегиясы мүмкін емес.

Осыған байланысты, Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясын толықтай идеологиялық емес деп санауға болмайды, өйткені елдің жаһандық аренадағы негізгі одақтастарымен қарым-қатынасы оның дипломатиялық бағытын айқындайды. Сол себепті Қазақстанның сыртқы саясатын өңірлік интеграциялық процестерге белсенді қатысуы арқылы ғана толық түсінуге болады.

Қазақстан посткеңестік елдер арасында өңірлік интеграциялық жобаларды белсенді түрде бастамашы ретінде танымал. Әсіресе, аймақтық қауіпсіздік, экономикалық даму және өңірлік тұрақтылықты қолдау мақсатында ТМД

аумағындағы өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастыққа бағытталған платформаларды дамытуда жетекші рөл атқарады. Қазақстан Кеден одағы (CU), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) секілді бірлестіктердің белсенді мүшесі.

Қазақстанның басқа посткеңестік республикалармен, әсіресе Беларусь және Ресеймен тығыз экономикалық ынтымақтастығына қарамастан [141-143], үкімет осы интеграциялық платформалардағы серіктестіктің тек экономикалық сипатта екенін ұдайы атап өтеді. Бұл бірлестіктердің басты мақсаты үш елдің аумағында бірыңғай экономикалық кеңістік құру болып табылады. Қазақстан кез келген саяси тәуелсіздікке араласу жағдайын бұл ұйымдардан шығуға негіз ретінде қарастыратынын нақты білдіреді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы заңында халықаралық аренада ұлттық мүдделерді қорғау мен елдің саяси-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету сыртқы саясаттың басты басымдығы екендігі атап көрсетілген [6].

Қазақстанның саяси басшылығы жиі мәлімдегендей, Ресей – елдің экономикалық, әскери және әлеуметтік тұрғыдан негізгі стратегиялық әріптесі. Қазақстан-Ресей шекарасы әлемдегі АҚШ-Канада шекарасынан кейінгі ең ұзын шекара болып табылады, әрі екі елдің шекаралас аймақтарында үлкен қазақ және орыс диаспораларының болуы екі елдің тығыз қарым-қатынасын айқындайды.

Ресеймен әскери ынтымақтастық Қазақстанның Әскери доктринасында да арнайы көрсетілген. Онда үшінші елдер тарапынан туындауы мүмкін кез келген агрессияға қарсы ұжымдық қорғаныс жүйесін құруға басымдық берілген. Сондай-ақ, Қазақстан халқының басым көпшілігі орыс тілін еркін меңгергендіктен, күнделікті қарым-қатынаста оны белсенді түрде қолданады.

Қазақстан мен Ресей экономикалық тұрғыдан өзара тиімді сауда және инвестициялық қарым-қатынастарға ие. Мысалы, 2016 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 12 миллиард АҚШ долларынан асып, бұл Қазақстанның басқа елдермен жалпы сауда айналымының (62 миллиард АҚШ доллары) шамамен 20 пайызын құрады [36]. Бұл қарым-қатынастар азық-түлік импорты, мұнай мен газ экспорты, өнеркәсіптік және құрылыс материалдарын өндіру, ғарыш және әскери өнеркәсіп салаларында жүзеге асырылуда.

Посткеңестік аймақтағы Қазақстанның сыртқы саясатының болашақтағы тағы бір перспективалы бағыты Кавказ және Орталық Азиядағы өзге де посткеңестік республикалармен, атап айтқанда Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен ықтимал ынтымақтастық болуы мүмкін. Бұл ынтымақтастық 2007 жылы Қазақстан ұсынған Орталық Азия Одағын құру бастамасы аясында жүзеге асуы ықтимал. Осы елдердің өзара ортақ тарихи, тілдік, мәдени және өркениеттік тамырларын [95] ескерсек, олардың арасында тығыз саяси-экономикалық одақтың құрылуы – аймақтың одан әрі интеграциялануының қисынды жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұндай серіктестік бұл мемлекеттерге саяси және әскери қауіпсіздікті арттыруға, бірыңғай экономикалық одақ, ортақ әскер, бірыңғай визалық режим және ортақ банк жүйесі мен валюта құру арқылы экономикалық дамуға жаңа мүмкіндіктер ашуға көмектесер еді.

Алайда, ара-тұра туындайтын шекаралық даулар, елдер арасындағы экономикалық дамудағы үлкен айырмашылықтар, сондай-ақ әрбір мемлекет

басшыларының саяси және экономикалық ынтымақтастық деңгейі жөніндегі көзқарастарының әртүрлілігі Орталық Азиядағы интеграциялық процестерді айтарлықтай баяулатты [144-148]. Осы себептен аймақта болашақ интеграция үшін өте шектеулі ғана идеологиялық мүмкіндіктер қалып отыр.

Ынтымақтастықтың тағы бір өлшемі – Түркі кеңесі және Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) секілді үкіметаралық платформалардың қызметі болып табылады. Бұл ұйымдар барлық түркітілдес елдер арасындағы өзара серіктестік пен желілік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.

Посткеңестік бағыттағы сыртқы саясаттың негізгі аспектілері:

- *Негізгі серіктес мемлекеттер:* Ресей, Беларусь және Орталық Азия республикалары – Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан.
- *Қызметтің негізгі бағыттары:* Еуразиялық Кеден одағы аясында экономикалық интеграцияны тереңдету, одан кейінгі кезекте Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында саяси интеграцияны дамыту
- *Негізгі интеграциялық жобалар:* Еуразиялық Кеден одағы (ЕКО), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ)
- *Мүмкіндіктері:* Басқа посткеңестік елдермен, әсіресе Ресеймен экономикалық ынтымақтастықтың дамуы қазақстандық бизнестің жаңа тұтыну нарықтарына қол жеткізуіне жол ашып, теңізге шыға алмайтын біржақты экономика үшін тұрақты дамуға берік негіз қалыптастырады.

Сын-қатерлері: Ресейдің Батыспен арасындағы саяси-экономикалық текетіресінің күшеюі, сондай-ақ Ресейдің жаһандық және аймақтық саясаттағы өз мақсаттарын батыл жүзеге асыруы Қазақстан секілді одақтас елдердің экономикалық дамуы мен көпвекторлы сыртқы саясатына айтарлықтай қиындықтар туғызуы мүмкін.

Көптеген халықаралық саяси және экономикалық ұйымдардың белсенді мүшесі ретінде Қазақстан түрлі интеграциялық процестерде маңызды рөл атқарады. Оның өңірлік мақсаттарының бірі – Еуразия құрлығындағы интеграцияны тереңдету және көршілес елдермен бірыңғай нарық кеңістігін құру болып табылады. Бұған қоса, Қазақстан Азия құрлығындағы ынтымақтастықты нығайту, бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты ілгерілетуге бағытталған көпжақты үкіметаралық алаң – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) ұйымдастырушы ел ретінде әлемге танымал. Сонымен қатар Қазақстан аумағында Халықаралық төмен байытылған уран банкін құру арқылы ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетуде маңызды рөл атқарып отыр.

Аймақтық тұрақтылық пен дамуды қолдау мақсатында Қазақстан Ауғанстанға елеулі қаржылық және техникалық көмек көрсетіп, мектептер мен ауруханалар салу, жол инфрақұрылымын құру, жастарға университеттік білім гранттарын ұсыну және жергілікті халыққа азық-түлікпен көмек беру бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Бұл соңғы жылдардағы қазақстандық дипломатияның ірі жетістіктерінің бірі ретінде бағалануы мүмкін.

Теңізге шыға алмайтын әрі трансконтиненталды ел болғанына қарамастан,

Қазақстан өзінің Еуропа мен Азия арасындағы ерекше геосаяси орналасуын тұрақты дамудың көптеген салаларында әрі сын-қатер, әрі мүмкіндік ретінде қарастырады. Аймақтық интеграция мен экономикалық дамуда маңызды ойыншыға айналуға ұмтыла отырып, Қазақстан әлемдік саясатта геосаяси белсенділігін арттырып, өзіне тән жұмсақ күш құралдарын достық пен әріптестік аясында біртіндеп қолдана бастады.

Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, ҰҚШҰ секілді ұйымдарға қатысу арқылы көпжақты дипломатияны дамытып келеді. Джозеф Найдның «жұмсақ күш» тұжырымдамасына сәйкес, елдің көпвекторлы саясаты Қазақстанға халықаралық аренада сенімді серіктес рөлін атқаруға мүмкіндік берді[8]. Қазақстан ядролық қарудан бас тарту арқылы халықаралық қауымдастықта бейбітшіл ел ретінде танылды.

Қазақстанның көпвекторлы саясатын объективті түрде өлшеу үшін БҰҰ-дағы дауыс беру үрдістері, сауда серіктестері және инвестиция құрылымы сияқты деректер талданады. Мәселен, Қазақстан Қытай мен Еуроодақпен сауда қатынасын кеңейте отырып, Ресеймен де экономикалық байланысын сақтап келеді. Жарияланған әдебиеттер көрсеткендей, Қазақстанның көпвекторлы сыртқа саяси бағытының қалыптасуын шартта түрде үш кезеңге бөліп қарастыруымызға болады.

1. Қалыптасу кезеңі (1991-2000 жж.)– Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алғашқы сыртқы саяси қадамдар жасалды.

2. Институционализация кезеңі (2000-2014 жж.) – Қазақстан халықаралық ұйымдар мен әртүрлі дипломатиялық альянстарға қосылды.

3. Бейімделу кезеңі (2014 жылдан бастап) – Украина дағдарысы, санкциялар және жаңа геосаяси өзгерістерге байланысты көпвекторлы саясаттың икемділігі арта түсті [96].

Көпвекторлы саясатты қолданатын елдердің тәжірибесі Қазақстанмен салыстырғанда әртүрлі сипатқа ие.

- Сингапур АҚШ пен Қытай арасында баланс сақтай отырып, экономикалық әртараптандыру саясатын жүргізуде.

- Үндістан Ресеймен дәстүрлі қарым-қатынасты сақтап, Батыспен де ынтымақтастықты күшейтуде.

- Түркия НАТО мүшесі бола отырып, Ресей және Таяу Шығыс елдерімен байланыстарын дамытуда.

Қазақстан мен аталмыш елдер арасындағы ұқсастық – олардың сыртқы саяси маневр жасау қабілеті, ал айырмашылық – әрқайсысының геосаяси орналасуына және ұлттық мүдделеріне байланысты түрлі стратегия қолдануында.

Көпвекторлы сыртқы саясат – орта және шағын мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы орнын нығайтуға бағытталған прагматикалық стратегия. Қазақстан бұл саясатты жүргізу арқылы сыртқы қатерлерді теңгеріп, халықаралық аренада өзіндік беделге ие болды [25]. Көпвекторлы саясаттың табысты болуы мемлекеттің ішкі тұрақтылығына, дипломатиялық икемділігіне және сыртқы ортаның динамикасына байланысты екені анықталды. Қазақстан тәжірибесі басқа елдерге көпвекторлы саясаттың тиімділігін көрсететін маңызды үлгі болып табылады.

Еуразияның ортасында орналасқан Қазақстан, Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыратын стратегиялық аймақ. Елдің географиялық орналасуы оның халықаралық аренадағы рөлін ғана емес, сонымен қатар оның сыртқы саяси бағытын да анықтайды. Қазақстан Ресей мен Қытай секілді ірі державалардың арасындағы теңгерімді сақтай отырып, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысады. Бұл жағдай көпвекторлы саясаттың қажеттілігін одан әрі күшейтіп отыр.

Көпвекторлы саясатты түсінудің тағы бір маңызды әдісі *салыстырмалы талдау*. Қазақстанның көпвекторлы саясатының ерекшеліктерін басқа елдердің, мысалы, Түркия немесе Үндістанның ұқсас стратегияларымен салыстыру оның айрықша артықшылықтары мен ықтимал осалдықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, Түркияның геосаяси жағдайы, Қазақстанмен салыстыру үшін тамаша мысал ретінде қарастыруға негіз беріп отыр. Екі ел де халықаралық аренада көпжақты ынтымақтастықты қолдай отырып, өздерінің ұлттық мүдделерін қорғау жолында тәуелсіз саясат жүргізуге тырысуда.

Институционалдық талдау әдісі көпвекторлы саясаттың халықаралық ұйымдар аясындағы жүзеге асырылуын зерттейді. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және басқа да ұйымдардағы белсенділігі оның сыртқы саяси бағытының негізгі аспектілерін айқындауда. Бұл ұйымдар Қазақстанның халықаралық беделін арттыруға және оның сыртқы саяси мүдделерін жүзеге асыруға ықпал етті.

Көпвекторлы саясатты зерттеуде *экономикалық және дипломатиялық* аспектілер де маңызды. Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы, экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануға негізделген. Мұнай мен газ секілді табиғи ресурстардың мол қорына ие бола отырып, Қазақстан әлемдік нарықта маңызды ойыншы ретінде қалыптасты. Экспорттық бағыттар әртараптандырылып, Қытай, Еуропа елдері және Ресеймен тығыз экономикалық байланыстар орнатылды. Экономикалық ынтымақтастық елдің сыртқы саяси басымдықтарының маңызды элементі болып табылады [122].

Қазақстанның көпвекторлы саясатының ерекшелігі, әртүрлі бағыттарда тепе-тең дипломатиялық қарым-қатынастар орнату қабілетінде. Ел тәуелсіздік алғаннан бері Ресеймен, Қытаймен және Батыс елдерімен сенімді серіктестік қатынастар орнатуға ұмтылды. Ресеймен қарым-қатынас Қазақстанның сыртқы саясатындағы ең маңызды бағыттардың бірі. Екі елдің арасындағы байланыс ортақ тарих пен географиялық жақындыққа негізделген. Ресеймен тығыз қарым-қатынаста болу Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты қамтиды, сондай-ақ әскери қауіпсіздік мәселелерінде маңызды рөл атқарады.

Қытаймен қарым-қатынас Қазақстанның көпвекторлы саясатының тағы бір маңызды аспектісі. Қытай Қазақстан үшін ең ірі сауда серіктестерінің бірі. «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясында Қытай Қазақстанды Еуропа мен Азия арасындағы негізгі транзиттік хаб ретінде қарастырады. Қазақстан Қытайдың экономикалық әлеуетін өзінің инфрақұрылымын дамытуға және сауда айналымын арттыруға тиімді пайдалануда. Бұл ынтымақтастық елдің экономикалық дамуын жеделдетуге және оның сыртқы саяси ықпалын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Батыс елдерімен байланыс Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының тағы бір маңызды бағыты болып табылады. Қазақстан Еуропа елдерімен және АҚШ-пен қарым-қатынасты нығайтуға басымдық береді. Елдің энергетикалық ресурстарын экспорттау арқылы халықаралық нарықта беделін арттыру және технологиялық ынтымақтастықты дамыту осы бағыттағы негізгі міндеттер болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі оның халықаралық аренадағы беделін арттыруда ерекше рөл атқарды.

Ислам әлемімен байланыстар да Қазақстанның сыртқы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Елдің Ислам Ынтымақтастығы Ұйымындағы белсенділігі оның халықаралық мұсылман қауымдастығындағы орнын нығайтты. Қазақстанның ислам елдерімен қарым-қатынасы мәдени және діни байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған [145].

Көпвекторлы сыртқы саясат Қазақстан үшін көптеген артықшылықтар әкелді. Аталмыш саяси бағыт елдің халықаралық аренадағы беделін нығайтуға, экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді. Көпвекторлы саясат Қазақстанға халықаралық қауымдастықта өзіндік орны бар тәуелсіз ойыншы ретінде әрекет етуге жағдай жасады.

Көпвекторлы сыртқы саясат Қазақстанның егемендігін сақтауда және оның халықаралық деңгейдегі рөлін нығайтуда маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Бұл стратегия елдің ұлттық мүдделерін жүзеге асыру үшін қажет. Қазақстанның көпвекторлы саясаты болашақта жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді зерттеуді қажет ететін бағыттардың бірі болып қала берді.

Халықаралық қатынастар жүйесінде көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасының әдістемелік зерттелу ерекшеліктері қазіргі заманғы зерттеулерде ерекше орын алып отыр. Бұл тұжырымдаманы зерттеу әдістері мемлекетаралық қарым-қатынастарды түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар елдің сыртқы саяси стратегиясының тиімділігін бағалау үшін маңызды. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты осы тұжырымдаманың нақты мысалы ретінде талданады, өйткені ол өзінің геосаяси және экономикалық ерекшеліктеріне негізделген кешенді және теңгерімді әдістерді қолданады. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасты.

Институционалдық талдау әдісі халықаралық ұйымдар мен альянстардың Қазақстанның сыртқы саясатына әсерін зерделеуге бағытталған. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ сияқты ұйымдардың белсенді мүшесі болып табылады. Бұл ұйымдар елдің халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға және оның сыртқы саяси басымдықтарын жүзеге асыруға ықпал етеді. Мысалы, Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі оның халықаралық аренадағы беделін арттырды және елдің дипломатиялық әлеуетін көрсетті [133].

Көпвекторлы саясатты зерттеуде экономикалық аспектілер де маңызды. Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы, экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануға негізделген. Елдің мұнай мен газ экспортындағы рөлі, әсіресе Қытай, Еуропа және Ресей бағыттарындағы транзиттік жобалар арқылы артып

отыр. Экономикалық ынтымақтастық Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының ажырамас бөлігі. Мұнай мен газ экспортынан түскен табыс елдің инфрақұрылымын жақсартуға және халықаралық деңгейдегі ықпалын кеңейтуге мүмкіндік беруде.

Көпвекторлы саясат Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі құралына айналған. Елдің сыртқы саяси басымдықтары, геосаяси жағдайына және экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес қалыптасады. Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының басты ерекшелігі оның барлық ірі геосаяси ойыншылармен тепе-тең қарым-қатынас орнату қабілетінде жатыр. Бұл стратегия елдің егемендігін нығайтуға және оның халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға ықпал етеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, көпвекторлы саясаттың алғашқы зерттеулері Еуропадағы көпполярлы жүйелермен байланысты болды. XIX ғасырдағы Еуропаның «Күштер концерті» кезеңінде мемлекеттер тепе-теңдік саясатын ұстана отырып, көпвекторлы дипломатияның негізін қалады [100]. Бұл кезеңде мемлекеттер ішкі және сыртқы қауіпсіздік мақсаттарына жету үшін түрлі коалициялар құрды. Бүгінгі күнде бұл тәжірибе Қазақстан, Үндістан, Түркия сияқты елдердің көпвекторлы сыртқы саясатының әдістемелік негізін құрайды.

Қазақстан өзінің геосаяси жағдайын және экономикалық әлеуетін ескере отырып, Ресей, Қытай және Батыс елдерімен серіктестік қатынастарды дамытты. Марта Брилл Олкотт Қазақстанның көпвекторлы саясатын «тәуелсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің баламасыз құралы» ретінде сипаттайды. Қазақстанның аймақтық актор ретінде өз позициясын нығайту үшін осындай стратегияны таңдағанын атап өтті [51].

Қазіргі зерттеулерде көпвекторлы саясаттың жаһандық маңызына баса назар аударылады. Мысалы, Стивен Уолт мемлекеттердің қауіп-қатерлерді теңестіру стратегиясын түсіндіруде көпвекторлы саясаттың рөлін ерекше атап өткен. Автордың пайымдауынша, мемлекеттер бәсекелес акторлар арасында маневр жасау арқылы сыртқы қысымдарды азайтуға тырысады. Бұл әдістемелік ұстаным Қазақстанның және басқа орта державалардың көпвекторлы саясатының тиімділігін талдауға мүмкіндік береді [59].

Көпвекторлы саясаттың зерттелуіндегі маңызды аспект – прагматикалық және идеологиялық емес сипаты болып отыр. Бұл тұжырымдаманың негізінде мемлекеттің нақты мүдделеріне негізделген шешімдер қабылдауы жатыр. Лев Гудков көпвекторлы саясатты мемлекеттің сыртқы қатынастарын басқарудың икемді құралы ретінде сипаттады. Ол мұндай саясаттың ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, қысқа және ұзақ мерзімді артықшылықтарды қамтамасыз ететінін атап өтті [69].

Қазақстанның көпвекторлы саясаты осы бағыттағы озық үлгі ретінде зерттеледі және оның тәжірибесі басқа мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын түсінуде әдістемелік негіз бола алады.

Көпвекторлы сыртқы саясатты зерттеу тарихи және заманауи кезеңдерде мемлекеттердің халықаралық аренадағы мінез-құлқын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл концепцияның әдістемелік ерекшеліктері оның икемділігі, прагматикалық сипаты және ұлттық мүдделерге негізделуімен анықталуда. Теориялық негіздері реализм, күштер балансы және жүйелік анализ тұрғысынан

жан-жақты зерттелген. Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында көпвекторлы саясаттың зерттелуі халықаралық қатынастар теориясы мен тәжірибесінің маңызды аспектісі.

Көпвекторлы сыртқы саясатты зерттеудің әдістемелік аспектілері мемлекеттің сыртқы саясатын жоспарлау және жүзеге асыру тәсілдерін, ішкі және сыртқы факторларды ескеру механизмдерін қамтиды. Әдістемелік тұрғыда бұл саясат халықаралық қатынастар теорияларының негіздерін, тарихи тәжірибелерді және қазіргі жаһандық трендтерді ескеруді талап етеді.

Көпвекторлы саясаттың әдістемелік зерттелуінде бірнеше теориялық мектептер негіз ретінде алынады. Көпвекторлы саясаттың әдістемелік аспектілерін зерттеуде саяси прагматизм басты рөл атқарады. Бұл саясат идеологиядан тысқары тұрады және тек нақты ұлттық мүддені қорғауға негізделеді. Көпвекторлы сыртқы саясатты қолданудың әдістемелік аспектілерінің бірі – ішкі және сыртқы факторларды ескеру. Ішкі факторлар ретінде мемлекеттің экономикалық әлеуеті, саяси тұрақтылығы және ұлттық бірегейлігі қарастырылады. Сыртқы факторлар халықаралық аренадағы ықпалды акторлардың мүдделері мен олардың арасындағы қарым-қатынастарға негізделеді [102].

Көпвекторлы сыртқы саясаттың әдістемелік аспектілері мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясын түсінудің маңызды құралы болып табылады. Бұл саясат мемлекеттерге халықаралық аренада тепе-теңдікті сақтау, сыртқы қысымдарды төмендету және ұлттық мүдделерді қорғау үшін икемділік береді. Қазақстанның тәжірибесі көпвекторлы саясатты жүзеге асырудың әдістемелік тұрғыдан қаншалықты тиімді екенін айқын көрсетеді. Дегенмен, бұл стратегияның шектеулері мен сын-қатерлері де бар, және оларды ескеру оның болашақта тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Қазақстан құрлықпен шектелген географиялық шектеулерін еңсеру мақсатында сыртқы саясатта әртараптандыруға және белсенді ұстаным ұстануға көшті. Бұл стратегия посткеңестік кеңістікті ғана емес, сонымен қатар азиялық және еуропалық бағыттарды да қамтиды. Осы үдеріс барысында Орталық Азиядағы бұл мемлекет әртүрлі халықаралық ұйымдарға мүше болып, аймақтық экономикалық және саяси интеграция үдерістерінің белсенді қатысушысы мен бастамашысына айналды. Қазақстанның көпвекторлы бағыты мен аймақтық интеграциядағы белсенді ұстанымы құрлықпен шектелген, трансқұрлықтық мемлекеттің сыртқы саясатын тиімді түрде жүргізуінің табысты үлгісі ретінде қарастыруға болады. Қазақстанның Еуразия жүрегіндегі қолайлы геосаяси орналасуы оны Еуропа мен Азия арасындағы көлік торабы ретінде танытуға мүмкіндік береді. Аймақтық үдерістерге белсенді қатысуы және сенімді халықаралық әріптес ретіндегі беделі Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануына сеп болды. Аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бірнеше халықаралық форумдарды өткізу арқылы Қазақстан әлемдік геосаяси кеңістікте медиатор ретіндегі рөлін күшейтті. Бұл бірегей «жұмсақ күш» бастамалары елдің халықаралық аренадағы жағымды имиджін айтарлықтай көтеруге ықпал етті.

Біріншіден, Қазақстан — әлемдегі теңізге тікелей шығатын жолы жоқ ең үлкен мемлекет. Оның барлық көршілері де құрлықпен шектескен елдер. Осы

себепті Қазақстан жаһандық теңіз сауда жолдарына қол жеткізе алмай, сауда, көлік және логистика салаларында күрделі қиындықтарға тап болады. Бұл шектеулерден шығу үшін ел көпвекторлы сыртқы саясат ұстанып, әртүрлі бағыттар бойынша халықаралық серіктестік орнатып, әртараптандыру стратегиясын жүзеге асыруда.

Екіншіден, Қазақстанның трансқұрлықтық орналасуы — яғни Еуропа мен Қытайдың ортасында орналасуы — елге ерекше транзиттік әлеует береді. Бұл оның халықаралық саудада көлік хабы ретінде танылуына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, бұл жағдай Қазақстанға аймақтық интеграцияға қатысудың кең мүмкіндіктерін ұсынады. Осыны тиімді пайдалану үшін Қазақстан интеграциялық үдерістерді бастамашы ретінде алға жылжып, белсенді сыртқы саясат жүргізіп отыр.

Осылайша, Қазақстан өзінің құрлықтық оқшаулығын көпвекторлы, белсенді және прагматикалық сыртқы саясат арқылы еңсеріп, аймақтық және жаһандық деңгейдегі ықпалын арттыруда.

1.3 Орта держава тұжырымдамасы және Қазақстанның сыртқы саяси бағытының қалыптасуында векторлардың қалыптасу негіздері

Орта державалар туралы түсінік Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасты. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы орта көлемді мемлекеттердің халықаралық аренадағы рөлін арттыруға мүмкіндік береді деп болжады, себебі олар шағын мемлекеттерге қарағанда жаһандық деңгейде көбірек ықпал ете алады, бірақ ұлы державалар сияқты шешуші рөл атқара алмайды деп есептеді. Содан бері ғылыми әдебиетте орта державалардың нақты анықтамасы туралы пікірталастар жалғасуда.

Зерттеушілер орта державаларды анықтайтын бірқатар өлшемдер ұсынды. Кейбірі бұл ұғымды эмпирикалық тұрғыда — мысалы, халық санына, әскери шығындардың деңгейіне, экономиканың көлемі мен құрылымына, өмір сүру ұзақтығы сияқты даму көрсеткіштеріне сүйеніп анықтауға тырысты. Бірақ мұндай тәсілдер мемлекеттің орта держава мәртебесін өңірлік немесе жаһандық тұрғыда мойындауды ескермейді [56]. Басқа ғалымдар орта державалардың атқаратын функционалды рөліне баса назар аударды. Мысалы, Бернард Вуд орта державаларды сипаттайтын бес негізгі рөлді ұсынады. Біріншіден, олар өңірлік немесе суб-өңірлік көшбасшы болуы керек. Екіншіден, орта держава өзі сарапшы болып табылатын салада функционалды көшбасшы ретінде әрекет етеді. Үшіншіден, тұрақсыздық тудыратын күштер арасында медиатор немесе тепе-теңдікті сақтаушы ретінде тұрақтандырушы рөл атқарады. Төртіншіден, ірі державамен одақтасу арқылы өзінің халықаралық мәртебесін арттыруға тырысады. Ақырында, олар халықаралық қоғамдастықтың «жақсы көпжақты мүшесі» болып табылады.

Жалпы алғанда, ғалымдардың басым көпшілігі орта державалардың халықаралық мәселелерге бейімделген, көпжақты тәсілді қолданатын және мінез-құлқы жағынан «жауапты мүшелер» екендігімен келіседі. Орта державалар ықпалын күшейту үшін халықаралық ұйымдар мен көпжақты келісімдерді жиі пайдаланады. Ұстанымы ортақ мемлекеттермен коалициялар құру арқылы орта державалар ірі державалардың ықпалын теңестіріп,

халықаралық сахнада өз орнын бекіте алады. Бұдан басқа, олар өз ықпалын арттыру үшін белгілі бір салаларға бағдарланған «куыстық дипломатияға» (niche diplomacy) ерекше мән береді.

Көптеген орта держава статусындағы елдер, ауқымды жаһандық мәселелерге күш салудан гөрі, өздерінің ыңғайына келетін, нақты салаларға жігі көңіл бөледі, әлемнің назарын аударады. Себебі аталмыш салаларда, орта держава деңгейіндегі елдердің ықпалымен әлеуеті мығым. Сонымен қатар, "орта держава" елдері көп жағдайда ғаламдық саяси ұстанымдар бойынша, бейтараптың танытып, қажет кезде "әділ делдал", "медиатор" қызметін атқыруға бейім. Мұндай қадамдар, орта держава елдері үшін, бірден-бір нишалық қадам болып саналады.

Орта держава статусындағы елдер туралы академиялық әдебиеттерде мемлекеттің объективті және нормативті сипаттамалары аралас қарастырылған. Ғылыми әдебиеттің негізгі бөлігі орта державаны статусын анықтауда тек мемлекеттің объективті күш-қуатын ғана емес, оның күшін қолдану тәсілдерін де есепке алып, мемлекеттің либералды халықаралық жүйенің қағидаларын ұстануын маңызды компонент ретінде қарастырады. Соңғы зерттеулерде орта державалар «қалыптасқан тәртіпті сақтайтын» (status quo) және «ревизионистік» (revisionist) деп бөлініп отыр. Біріншісінің үлгісі ретінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония мен Германия алынса; олар әлемдік тәртіптің қазіргі тепе-теңдігіне қанағаттанып, қолдауға және тұрақтандыруға күш салуда. Ал «ревизионистік» орта державалар «қазіргі күштер тепе-теңдігін тарихи ықпалы мен геосаяси салмағына сәйкес келмейді» деп, оны өзгертуге тырысады [56].

Мұндай талдауларда нормативті бағалау айқын көрсетіледі: «қалыптасқан тәртіпті сақтайтын» орта державалар «ереже негізіндегі халықаралық тәртіпті және батыстық либерализмнің идеологиялық үстемдігін қолдауға» күш салса, «ревизионистік» орта державалар керісінше бағытта әрекет етеді [149].

Кейбір зерттеушілер одан әрі дамып, орта державаларды елдің ішкі саяси құрылымына байланысты да жіктейді. Мысалы, бір жақындағы зерттеу экономикалық, әскери қуат пен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі сияқты маңызды халықаралық ұйымдардағы мемлекет өкілдігін қарастыра отырып, орта державаларды «нормативті орта державалар» және «жаңадан қалыптасып келе жатқан орта державалар» деп екіге бөледі. Бұл жіктеудің негізгі өлшемі – мемлекеттің «жаһандық дамуға және ел ішіндегі адам құқықтарын қорғауға деген бейілділігі». Бұл көрсеткіштерді бағалауда БҰҰ Даму бағдарламасына (UNDP) көрсетілген қаржылық қолдау мөлшері және Freedom House ұйымының рейтингі қолданылған. UNDP-ға жалпы жарнаның 0,1%-нан төмен үлес қосатын және Freedom House ұйымы бойынша «еркін емес» немесе «жартылай еркін» деп бағаланған мемлекеттер «жаңадан қалыптасып келе жатқан» орта державалар ретінде белгіленеді [38].

Орта держава ұғымының нақты анықтамасы туралы пікірталастар жалғасуда. Дегенмен, бұл ұғым екі полюсті әлемдік текетірестен әлдеқашан алыстаған және қауіпсіздік мәселелері барған сайын аймақтық сипат алып отырған қазіргі жаһандық жағдайды түсінуде маңызды аналитикалық құрал ретінде қолданылады. Диссертациямызда, біз орта держава елдерін, негізінен, экономикалық, әскери және нормативтік әлеует секілді объективті өлшемдерге

сәйкес анықтаймыз. Орта державалар, өз өңірлерінде көшбасшылыққа ұмтылады және ірі державалардың амбицияларын тежеуші немесе олар арасында медиатор ретінде әрекет ететін мемлекеттер тобы. Сондай-ақ, орта держава елдері тұрақтандырушы рөл атқарып, көпжақты институттармен және сыртқы әріптестермен бірлесіп, ұлы державалардың гегемонистік ұмтылыстарына қарсы тепе-теңдік орната алады деген түсінікті қолдаймыз.

"Орта держава" ұғымы Орталық Азия аймағында қауіпсіздік архитектурасының ерекшелігіне байланысты ерекше өзекті болып отыр: біріншіден, аймақта ұжымдық қауіпсіздік тетіктерінің болмауы; екіншіден, аймақ мемлекеттері мен оларды қоршаған ірі державалардың арасындағы күш айырмашылығының елеулі болуы; үшіншіден, сыртқы державалардың өзара қарым-қатынастарының сипаты аймақтағы тұрақсыздыққа ықпал етуі.

Қазақстан - Орталық Азиядағы алғашқы орта держава ретінде қалыптасты. Қазақстанның орта державалы мемлекет ретінде қалыптасуына бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден, елдің экономикасының аймақтағы ықпалды экономика болуында. Екіншіден, Қазақстан ірі державалар арасындағы бәсекені басқару мақсатында белсенді сыртқы саясат жүргізіп келуде. Балансқа негізделген, көпвекторлы сыртқы саяси доктринасын Қазақстанда аймақты бірден-бір нейтралды ел ретінде қалыптастырып отыр. Үшіншіден, Қазақстан түрле халықаралық жобалар аясында, аймақтық ынтымақтастықты нығайтуда көшбасшылық рөлге ие. Төртіншіден, Қазақстан аймақтың көлік-логистикалық байланыстарында күретаымыр елге айналды. Бесіншіден, Қазақстан халықаралық бастамалары арқылы аймақтан тыс деңгейде де, тек аймақтық деңгейдегі емес, сонымен қатар халықаралық күн тәртібінде тұрған мәселелерге ықпал ететін елге айналды.

Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты тәуелсіздік алғаннан бері елдің сыртқы саяси стратегиясының негізін құрады. Бұл саясат елдің геосаяси орналасу ерекшеліктеріне, экономикалық қажеттіліктеріне және халықаралық аренада өзіндік орны мен беделін қалыптастыру мақсаттарына негізделген. Тұжырымдамалық-теориялық негіздері бірнеше факторлар мен қағидаттарға сүйенеді, соның ішінде ұлттық мүдделер, халықаралық құқық, дипломатиялық прагматизм және жаһандық серіктестікке негізделген.

Көпвекторлы сыртқы саясаттың қалыптасуына Қазақстанның Еуразияның орталығындағы стратегиялық орналасуы ықпал етті. Географиялық тұрғыдан ел Ресей мен Қытай секілді әлемнің екі ірі державасының арасында орналасқан және Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы көпір ретінде қарастырылды. Бұл ерекшелік елдің сыртқы саясатында теңгерімділік пен көпжақтылық қағидаларын сақтауды талап етеді. Елдің сыртқы саясатының бағыттары оның бейбіт даму және халықаралық тұрақтылықты сақтау мақсаттарына сәйкес келеді.

Халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттер өзінің экономикалық, саяси, әскери және дипломатиялық әлеуетіне байланысты түрлі деңгейде жіктеледі. Қазақстан бүгінде халықаралық жүйеде орта держава (middle power) ретінде танылып, өзінің көпвекторлы сыртқы саясаты арқылы халықаралық аренада теңгерімді рөл атқаруда. Қазақстанның орта держава ретіндегі

қалыптасуы мен көпвекторлы сыртқы саяси бағыты арасында өзіндік байланыс қалыптасқан [60].

Қазақстанның көпвекторлы саясаты, Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа Одағы, Түркия және басқа да мемлекеттермен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТМҰ, ЕАЭО және басқа да халықаралық ұйымдар арқылы көпжақты дипломатияны дамытты. Орта державалар (middle powers) – бұл халықаралық жүйеде ірі державалардан төмен, бірақ аймақтық немесе жаһандық мәселелерде маңызды рөл атқаратын мемлекеттер тобы [134]. Олардың басты ерекшеліктері:

- Көпжақты дипломатияға басымдық беру;
- Ірі державалар арасындағы балансты сақтау;
- Халықаралық институттарда белсенді болу;
- Экономикалық және саяси тұрақтылыққа ұмтылу

Қазақстан орта держава ретінде бірнеше факторлардың негізінде қалыптасты:

- Геосаяси орналасуы: Қазақстан Ресей, Қытай және Орталық Азия мемлекеттерімен шекараласа отырып, стратегиялық маңызға ие.
- Экономикалық әлеуеті: Қазақстанның ЖІӨ-сі Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Мұнай, газ, уран және металл экспортында ел маңызды ойыншы.
- Дипломатиялық беделі: Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланып, ЕҚЫҰ саммитін өткізді және ядролық қарусыздану бастамаларына басымдық берді.

Көпвекторлы саясат – Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бері жүргізіп келе жатқан негізгі сыртқы саяси бағыты. Ресеймен, Қытаймен, Батыспен, Түркиямен және басқа да серіктестермен теңгерімді қарым-қатынас ұстануды көздейді.

- Ресей: Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктесі, ЕАЭО және ҰҚШҰ аясында тығыз байланыста;
- Қытай: Қазақстан Қытайдың "Бір белдеу – бір жол" бастамасының маңызды бөлігі;
- АҚШ және ЕО: Қазақстан Батыспен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуға мүдделі;
- Орталық Азия: Қазақстан өңірлік ынтымақтастықты күшейтіп, Түркі мемлекеттері ұйымында белсенділік танытуда;

Қазақстан бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлес қосу мақсатында бірнеше маңызды дипломатиялық бастамаларды жүзеге асырды:

- Ядролық қарусыздану: Қазақстан Семей полигонын жауып, ядролық қарудан бас тартты.
- Астана процесі: Қазақстан Сириядағы қақтығысты реттеу келіссөздерін ұйымдастырды.
- Көпжақты дипломатия: Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, ТМҰ, ТМД аясында белсенді саясат жүргізуде.

Қазақстанның сыртқы саясатын басқа орта державалармен салыстыру үшін Түркия, Оңтүстік Корея, Канада және Бразилияның тәжірибелері қарастырылады:

- Түркия: Түркия да көпвекторлы саясат жүргізіп, НАТО, Ресей, Қытай және ислам әлемімен байланыстарын теңдестіріп отыр.

- Оңтүстік Корея: АҚШ-пен тығыз әскери әріптестік сақтай отырып, Қытаймен экономикалық байланыстарын күшейтті.
- Канада: Бейбітшіл дипломатияға басымдық беріп, көпжақты институттарда белсенді.
- Бразилия: Латын Америкасында көшбасшылық рөл атқарады, жаһандық мәселелерге араласуда белсенді.

Қазақстан халықаралық жүйедегі өзгерістерге бейімделу үшін бірнеше бағытта әрекет етуде:

- Геосаяси тұрақсыздық жағдайында көпвекторлы саясатты сақтау;
- Санкциялар мен экономикалық қысымдарға икемді жауап қайтару;
- Өңірлік интеграцияны күшейту (Орталық Азия, Түркі әлемі);
- Жаңа экономикалық бағыттарды дамыту (цифрлық экономика, жасыл энергетика).

Қазақстанның орта держава ретінде қалыптасуы оның көпвекторлы сыртқы саясаты, экономикалық қуаты және дипломатиялық белсенділігі арқылы жүзеге асты. Ел халықаралық аренада балансты сақтауға, көпжақты институттарда белсенді болуға және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылады [32]. Қазақстанның тәжірибесі орта державаларға арналған үлгі ретінде қарастырыла алады. Қазақстанның орта держава ретінде қалыптасуы оның халықаралық жүйедегі орны мен ықпалын кеңейтуіне мүмкіндік берді. Орта державалар халықаралық саясатта тұрақтандырушы рөл атқарады, өйткені олар жаһандық деңгейдегі қақтығыстарды реттеуде, бейбіт бастамаларды қолдауда және дипломатиялық медиатор ретінде қызмет атқаруда ерекше белсенді. Қазақстанның көпвекторлы саясаты осы бағытта дамып келеді, ол әлемдік саясаттағы балансты сақтауға және ұлттық мүдделерін халықаралық қатынастарда тиімді қорғауға негізделген.

Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы оның тарихи, географиялық және экономикалық факторларымен тығыз байланысты. Ел өзінің егемендігін алғаннан кейін халықаралық аренада бейтарап ұстанымға ие болып, біржақты ықпалдан аулақ болуға тырысты. Бұл ұстаным көпвекторлы сыртқы саясаттың қалыптасуына негіз болды. Қазақстан көршілес елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату арқылы аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуді мақсат тұтты. Сонымен қатар, жаһандық деңгейде өз ұстанымын нығайту үшін Қазақстан ядролық қарусыздану, бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерінде жетекші елдердің бірі болуға ұмтылды.

Экономикалық даму да Қазақстанның орта держава ретіндегі рөлін айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Елдің табиғи ресурстарға бай болуы оның сыртқы саудадағы мүмкіндіктерін кеңейтті, бірақ шикізатқа тәуелділік сыртқы экономикалық саясатты әртараптандыруды талап етті. Сондықтан Қазақстан инвестициялық саясатта көпвекторлы тәсіл ұстанып, түрлі мемлекеттермен әріптестік қарым-қатынас орнатты. Соңғы жылдары Қазақстан цифрлық экономика, жасыл энергетика, инфрақұрылымдық жобалар сияқты жаңа салаларды дамытып, жаһандық өзгерістерге бейімделу жолдарын қарастыруда.

Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бағыты – халықаралық ұйымдарда белсенділік таныту. Ел БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ЕАЭО, ТМҰ сияқты ұйымдардың жұмысына белсенді қатыса отырып, көпжақты дипломатияны дамытуда. Бұл ұйымдар Қазақстанға өз мүдделерін ілгерілетуге, аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға

және экономикалық интеграцияға қатысуға мүмкіндік береді. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде ғаламдық қауіпсіздік мәселелеріне өз үлесін қосты. Сонымен қатар, ел аймақтық ынтымақтастықты дамытуда жетекші рөл атқарып, Орталық Азия мемлекеттерімен бірлескен бастамаларды қолдап келеді.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты оның түрлі халықаралық серіктестермен теңгерімді қарым-қатынас орнатуын талап етеді. Ресей Қазақстанның басты стратегиялық әріптесі ретінде тарихи және экономикалық тұрғыдан маңызды рөл атқарады. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қазақстан Ресеймен тығыз байланыста, алайда ел өз егемендігін сақтау үшін сыртқы саяси маневр жасауға ұмтылады. Қытай Қазақстан үшін маңызды экономикалық әріптес болып табылады, әсіресе "Бір белдеу – бір жол" бастамасы аясында екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан Батыспен де серіктестікті дамытуға мүдделі, Еуропа Одағымен экономикалық байланыстарды кеңейту және АҚШ-пен саяси әріптестікті нығайту осы бағыттағы маңызды қадамдар болып табылады.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты аймақтық тұрақтылықты сақтауға және халықаралық қауымдастықта беделін нығайтуға бағытталған. Елдің бейбіт бастамалары оның дипломатиялық ықпалын арттыруға көмектесті. Сириядағы дағдарысты реттеу мақсатында ұйымдастырылған Астана процесі Қазақстанның халықаралық бітімгерлік күш-жігерінің жарқын мысалы болды. Сонымен қатар, елдің ядролық қарусыздану саласындағы бастамалары халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, Қазақстанды жаһандық қауіпсіздік мәселелерінде сенімді серіктес ретінде танытты.

Орта державалар көбінесе өздерінің ықпалын дипломатия және экономикалық ынтымақтастық арқылы арттыруға ұмтылады. Қазақстанның бұл бағыттағы саясаты басқа орта державалармен салыстырғанда ерекше сипатқа ие. Мысалы, Түркия өзінің әскери күшін және аймақтық геосаяси ықпалын кеңейтуді мақсат етсе, Канада мен Оңтүстік Корея көпжақты институттарда белсенділік танытып, дипломатиялық тәсілдерге басымдық береді. Қазақстанның ерекшелігі – оның геосаяси орналасуына байланысты түрлі бағыттағы серіктестікті үйлестіру қажеттігі.

Қазақстанның орта держава ретіндегі рөлі оның көпвекторлы сыртқы саясаты, экономикалық даму стратегиясы және дипломатиялық белсенділігі арқылы қалыптасты. Ел өзінің геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетін тиімді пайдаланып, халықаралық аренада тұрақтандырушы фактор ретінде көріне білді. Қазақстанның болашақтағы мақсаты – көпвекторлы саясатын одан әрі нығайтып, халықаралық серіктестіктерін кеңейту, сондай-ақ жаһандық өзгерістерге икемді жауап беру арқылы өз позициясын күшейту.

Экономикалық тұрғыда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері орта табысты экономика құрып, 2023 жылдың соңына қарай ЖІӨ көлемін шамамен 264 миллиард долларға жеткізді. Бұл Қазақстанды әлемдегі ең ірі 50 экономиканың біріне айналдырды. Аймақтық деңгейде оның экономикасы көршілес елдерден салыстырғанда жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Өзбекстанның ЖІӨ көлемі шамамен 90 миллиард долларды (Әзербайжанмен бірдей) құрайды, ал Қырғызстан мен Тәжікстан 10 миллиард доллардан сәл асады. Қазақстан экономикасының

көлемі қалған Орталық Азия елдерінің экономикасын қосқандағы көрсеткіштен едәуір асып түседі [36]. Мұндай экономикалық ерекшелік, Қазақстан халқының саны 20 миллион адам болып, жалпы Орталық Азия халқының тек ширегін ғана құрайтынын ескергенде ерекше назар аударарлық. Жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі (14 780 АҚШ доллары) көршілес Орталық Азия елдерінен 5-7 есе жоғары. Әрине, бұл артықшылықтарға қарамастан, Қазақстан экономикасы шикізат ресурстарына, әсіресе мұнайға тәуелді болып отыр. Мұнай және тау-кен өнеркәсібі жалпы экспорттың жартысын және ЖІӨ-нің 30%-ына дейін құрауда. Бұл көрсеткіш мұнай экспортының үлесі 90%-ға дейін жететін көптеген мұнай өндіруші елдермен салыстырғанда әлдеқайда тиімді. Қазақстан экономикасының салыстырмалы түрде әртараптануы елдің тарихына байланысты. Кеңес дәуірінің өзінде Қазақстан Орталық Азияның басқа республикаларынан бөлек қарастырылып, өнеркәсіп саласына қомақты инвестиция салынған. Тәуелсіздік алғаннан кейін шетелдік инвестициялар үшін тартымды ел болуға барынша күш салды. 1993 жылдан бастап Қазақстанға тартылған шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы көлемі 441 миллиард долларды құрады. Мұндай көрсеткіштер, Қазақстанның Орталық Азияда, орта держава ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, Қазақстан қазіргі таңда, шетелдік көмек алушыдан, көмек беруші мемлекетке айналды. 2014 жылы құрылған «KazAID» агенттігі арқылы Қазақстан серіктес елдерге гуманитарлық және экономикалық көмек көрсетіп келуде. Агенттік аясында, Ауғанстанға көмек көрсетуге үлес қосып, Орталық Азияны өзінің негізгі басымдығы ретінде анықтаған. Сонымен қатар Қазақстан басқа Орталық Азия елдеріне, әсіресе Қырғызстанға, сондай-ақ Каспийдің арғы жағындағы Грузияға да елеулі инвестициялар салып келуде. Қазақстанның Грузиядағы порттық және инфрақұрылымдық жобаларға салған инвестициялары елдің әлемдік нарыққа шығатын экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту үшін маңызды көрсеткіш.

Сыртқы саясат стратегиялық тұрғыда, Қазақстан аймақта тек бейтарап, көпвекторлы дипломатиялық модель ғана қалыптастырып қоймады. Сонымен қатар, аймақтық бірегей алаң қалыптастырды. Қазақстанның экономикалық дамуы мығым болғанымен, аймақты қоршаған ірі экономикалардың көлемін ескерсек, бұл фактордың өзі елге орта держава мәртебесін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Сондықтан, Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен бастап ұлы державалармен қарым-қатынасты басқарудың өзіндік жолдарын іздеуге мәжбүр болды. Қазақстан сыртқы саясатының басты қағидасы – ұлы державалардың ықпалына түсіп қалмау үшін, олардың өзара тартысының нысанына айналуудан сақтануға негізделген. Аталмыш стратегия елдің ірі державалар арасында жағдайға қарай бірінен екіншісіне ауысуға мәжбүр болатын тұрақсыз саясаттан аулақ болуды мақсат еткен.

Кесте 3- Қазақстанның орта держава ретінде қалыптасуы және көпвекторлы саясаттың ықпалы

№	Талдау санаты	Негізгі мазмұны	Қазақстанның тәжірибесі	Ғылыми маңызы
1	Орта держава ұғымы	Орта держава ұғымы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды, әлі	Орта держава ретінде ресми түрде танылды, SWP аналитикалық	Орта держава теориясын посткеңестік кеңістікте қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.

		күнге дейін нақты анықтамасы жоқ.	орталығы арқылы мойындалды.	
2	Орта державалардың негізгі рөлдері	Медиатор болу, функционалды көшбасшылық, тұрақтандырушы рөл және көпжақты қатысу басты міндеттер ретінде аталады.	Қазақстан медиатор, бастамашы және тұрақтандырушы рөл атқаруда (Астана процесі, ядролық қарусыздану).	Функционалды рөлдер теориясын нақты тәжірибемен ұштастырады.
3	Қазақстанның орта держава ретінде қалыптасу факторлары	Экономикалық ықпал, дипломатиялық белсенділік, логистикалық әлеует және аймақтық тұрақтылыққа қосқан үлесі.	Аймақтағы ең ірі экономика, логистика және дипломатиялық көшбасшылықты нығайтты.	Кейстік зерттеу ретінде Қазақстан моделін орта державаларды зерттеу үлгісі ретінде ұсынады.
4	Көпвекторлы саясаттың теориялық негіздері	Геосаясат, ұлттық мүдде, халықаралық құқық және прагматизм негізінде қалыптасты.	Көпвекторлы сыртқы саясат геосаяси тепе-теңдікті ұстануға бағытталған.	Көпвекторлы саясаттың тұжырымдамалық негіздерін жүйелендіреді.
5	Сыртқы саясаттағы стратегиялық серіктестіктер	Ресей, Қытай, Батыс елдері, Түркия және аймақтық серіктестермен теңгерімді қарым-қатынас стратегиясы.	Қытаймен, Ресеймен, Батыспен және басқа елдермен тепе-тең, прагматикалық серіктестік құрды.	Халықаралық серіктестік пен дипломатиялық теңгерімнің жаңа үлгісін ұсынады.

Халықаралық дипломатия тарихында, Қазақстанның стратегиясы *«позитивті теңгерім»* (positive balance) тұжырымдамасына негізделген. Яғни Ресеймен тығыз қарым-қатынасты, Қытаймен де тығыз қатынас орнату арқылы теңестіру, сондай-ақ АҚШ, Еуропа және басқа да азиялық державалармен осындай деңгейдегі байланыстарды дамыту.

Ғылыми әдебиеттерде, бұл тезис алғаш рет, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Сыртқы істер министрі болған, қазіргі Қазақстанның Президенті, Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1997 жылы жарияланған кітабында нақты көрсетілген.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, еліміздің сыртқы саяси бағытының негізі Қытаймен қарым-қатынас орнатуға арналған еді. Себебі, Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қытайды Ресейге қарама-қарсы *«гегемонистік емес держава»* ретінде бағалап, ұзақ мерзімге алғанда тежемелік баланс қалыптастыруға барын салған. Әрине, Қазақстан Қытайдың болашақта экономикалық үстемдігі орнайды деп қауіптенгенімен, Пекинмен байланысты дамыту негізгі стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қарастырылды. Дегенмен, «позитивті теңгерім» тұжырымдамасы Ресеймен қарым-қатынасты алмастыру емес, оны Қытаймен қатар жүргізу дегенді білдірді. Өз кітабында Қ. Тоқаев Қазақстанның сыртқы қарым-

қатынасын сипаттауда тікелей «теңгерім» ұғымын қолданып, Ресеймен және Қытаймен орнатылған стратегиялық байланыстарды ерекше атап көрсетеді. Басты міндет – ірі державалармен өзара тиімді қарым-қатынасты қалыптастыра отырып, олардың теріс ықпалдарын азайтып, елдің тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту болатын.

Ресейдің ықпалын Қытаймен қарым-қатынасты кеңейту арқылы теңестіру саясаты нәтижесінде 2019 жылы тұрақты жан-жақты стратегиялық серіктестік орнатылды [150]. Бұл саясаттың тиімділігі әсіресе 2022 жылы айқын көрінді. Қазақстан төңкеріс әрекетін басу үшін ҰҚШҰ-дан көмек сұрағанымен, кейін Ресейдің Украинадағы соғысын қолдаудан бас тартты, соның нәтижесінде ресейлік ықпалды тұлғалар тарапынан жасырын және ашық түрде қысым көрсетілді. Осы кезде Қытай басшылығы Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қолдайтынын ашық мәлімдеп, Қазақстанның Пекин үшін маңызды серіктес екенін көрсетті.

Жақында өткен сапары кезінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қытайдың Қазақстанмен қарым-қатынасты стратегиялық және ұзақ мерзімді тұрғыдан қарастыратынын, оны көршілес елдермен қарым-қатынаста сыртқы саясаттың басым бағыты және Орталық Азиядағы маңызды серіктесі ретінде қабылдайтынын қайта растады. 2024 жылдың шілдесінде өткен ШЫҰ саммитінде Қазақстан өзінің теңгерімді сыртқы саясатының арқасында барлық мемлекеттермен оң қарым-қатынасын сақтай алатынын дәлелдеді. Астана ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасында жалғасып жатқан геосаяси келіспеушіліктерге қарамастан, бірлескен құжаттардың қабылдануын үйлестіре алды. Осылайша, қақтығысушы тараптар арасында диалог орнату Қазақстан сыртқы саясатының негізгі басымдығына айналды. Дегенмен, Қазақстан тек жақын орналасқан ірі державалармен қарым-қатынасты теңестірумен ғана шектелмеді. Ол екі үлкен көршісіне тәуелділігін төмендету мақсатында басқа да державалармен байланыстар орнатуға ұмтылды. Мәселен, 2000-жылдары Қазақстан 11 қыркүйек оқиғасынан кейін аймақтағы ықпалын күшейткен АҚШ-пен белсенді қарым-қатынас орнатты. Кейінірек Қазақстан Еуропалық Одақпен, Түркиямен, сондай-ақ Жапония, Корея және Үндістан сияқты азиялық мемлекеттермен байланыстарын кеңейтті. Қазақстан бұл саясатты 1990-жылдардың соңында қабылдап, содан бері тұрақты түрде іске асырып келеді. Маңыздысы, Астана бұл стратегиядан еш ауытқыған емес, бұл оны аймақта сенімді серіктеске айналдырды. Уақыт өте келе бұл тәсілді аймақтың басқа мемлекеттері де белгілі бір дәрежеде қабылдағаны байқалады. Қырғызстан мен Тәжікстан сияқты шағын мемлекеттердің Қазақстан сияқты аймақтық державалармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндіктері мен құралдары шектеулі болса да, олар осы саясаттың негізгі элементтерін қабылдауға ұмтылды. Сол сияқты, Өзбекстан да соңғы жылдары сыртқы саясатын біршама өзгертіп, оны Қазақстанның ұстанымына жақындатты. Бұрын Өзбекстан сыртқы саясатында бір державамен қарым-қатынастан екінші бір державаға кенеттен ауысып кететін үрдіс байқалса, 2010-жылдардан бастап ол сыртқы байланыстарында тұрақты әрі позитивті теңгерім саясатын жүргізе бастады.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты бейбітшілік пен қауіпсіздікке негізделген. Елдің ядролық қарусыздану жөніндегі бастамалары халықаралық деңгейде жоғары бағаланды. Семей ядролық полигонын жабу және ядролық қарудан еркін аймақ

құру жөніндегі келісімдер Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесінің мысалы болып табылады. Бұл қадамдар Қазақстанды бейбітшілік пен тұрақтылықты жақтайтын мемлекет ретінде танытты [151].

Көпвекторлы саясаттың тұжырымдамалық негізі оның ұлттық мүдделерді қорғау, халықаралық қауіпсіздікті нығайту және экономикалық дамуды қамтамасыз ету міндеттерімен тығыз байланысты. Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Батыс елдерімен қарым-қатынастары оның геосаяси жағдайына сәйкес қалыптасты. Бұл қарым-қатынастардың әрқайсысы елдің ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. Ресеймен ынтымақтастық тарихи және мәдени байланыстарға негізделсе, Қытаймен қарым-қатынас сауда және транзиттік жобалар аясында дамуда. Батыс елдерімен байланыстар елдің технологиялық және экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанның сыртқы саясатының тағы бір ерекшелігі халықаралық құқық пен дипломатияға негізделуі болып табылады. Ел халықаралық қатынастарда күш қолданудан бас тарту және дауларды бейбіт жолмен шешу принциптерін басшылыққа алады. Бұл ұстаным Қазақстанның халықаралық аренада бейбітшілік пен ынтымақтастықты насихаттауына мүмкіндік береді.

Көпвекторлы сыртқы саясат Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға, оның халықаралық беделін арттыруға және экономикалық дамуына ықпал етті. Бұл саясат елдің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиімді құрал болып табылады. Болашақта Қазақстанның көпвекторлы саясаты оның ұлттық мүдделерін қорғау және халықаралық қатынастарда беделін одан әрі нығайту үшін маңызды рөл атқаруды жалғастырады [151].

XXI ғасырдағы, Орталық Азиядағы маңызды өзгерістердің бірі – аймақтағы ахуалды қалыптастыруда белсенділік танытып, халықаралық қатынастарға ықпалын күшейтіп жатқан орта державалардың күшеюі. Аймақ елдерінің ішінде алғаш болып танылғаны – Қазақстан. Қазақстанның орта держава мәртебесіне көтерілуі оның экономикалық әлеуеті мен сыртқы саясаттағы стратегиялық қадамдарына негізделіп отыр. Соңғы жылдардағы оқиғалар сыртқы серіктестердің Орталық Азияға қатысты бұрынғы стратегияларын қайта қарауды қажет еткендіктен, бұл жаңа жағдай өңірге қатысты саясаттың өзегіне айналуы тиіс.

1991 жылы тәуелсіздік алған кезде Орталық Азия мемлекеттері саяси-экономикалық тұрғыда, әлсіз әрі тәжірибесіз еді, алайда қазіргі уақытта аймақ елдерін бірыңғай «шағын мемлекеттер» деп санауға болмайды. Аймақтағы бірнеше мемлекет айналасындағы өңірлерге ықпал ете алатын қабілетке ие болып, ревизионистік державалардың талаптарына төтеп беретін, өз басымдықтарын, әсіресе өзара ынтымақтастықты нығайтуды алға тартатын деңгейге жетті. Соңғы онжылдықтағы ең маңызды өзгерістердің бірі – Орталық Азиядағы орта державалардың қалыптасуы. Осындай орта державаның алғашқы көрнекті үлгісі – Қазақстан Республикасы болып отыр. Қазақстан өзінің экономикалық әлеуетін, сыртқы саясат стратегиясын және көпжақты бастамаларының арқасында жаһандық саясатта әлеуетті ойыншыға айналды. Халықаралық зерттеулерде Қазақстан ресми түрде орта держава ретінде мойындалды, мұны Германияның беделді аналитикалық орталығы, Ғылым және саясат жөніндегі қор (Stiftung Wissenschaft und Politik) жарияланымы да растап

отыр. Аталмыш орталықтың зерттеу қорытындысына сәйкес, Қазақстан әлемдегі он екі орта державаның бірі ретінде аталған.

Қазақстанның "Орта держава" статусындағы мемлекетке айналуы жолында, көпвекторлы сыртқы саяси доктринасында аймақтық ынтымақтастыққа бағытталған жобалары өте ерекше маңызға ие болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан аймақтық ынтымақтастықтың белсенді жақтаушысы болды. Бұл бағытта екі түрлі жолды қатар ұстанды десе болады: Орталық Азия елдері арасындағы нақты ынтымақтастық бастамалары және пост кеңестік мемлекеттер арасындағы кең ауқымды интеграциялық жобалар. Қазақстанның тұрақты экономикасы, Ресеймен ұзақ қашықтықтағы шекарасы және кеңестік экономикамен терең интеграцияланған жағдайы оның саяси тәуелсіздігін сақтай отырып, бұрынғы кеңестік елдермен экономикалық байланыстарды жалғастыруға мүмкіндік берді. 1994 жылы Мәскеуде, Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясын ұсынды. Бастапқыда бұл ұсынысқа назар аударылмағанымен, он жылдан кейін Владимир Путин бұл идеяны қайта қолға алып, оны тең серіктестердің экономикалық альянсы емес, Ресейдің саяси ықпалын нығайту құралына айналдыруға күш салды [152].

Қазақстан Орталық Азиядағы ынтымақтастықты дамытуға күш салып келеде. Аймақтық ынтымақтастықтың перспективалары көбінесе аймақтағы ең ірі екі мемлекет – Астана мен Ташкент арасындағы екіжақты қарым-қатынастың сипатына тәуелді екені сол кездің өзінде-ақ айқын еді. 1994 жылы Қазақстан мен Өзбекстан арасында біртұтас экономикалық кеңістік құрылғаннан кейін, келесі жылы Қырғызстанның қосылуға ниет білдіруімен аймақтық ынтымақтастықтың алғашқы платформасы пайда болды. Бұл платформа бастапқыда Орталық Азия одағы, кейінірек Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы деп аталды.

Кейін құрамына Тәжікстан қосылғанымен, бейтарап саясат ұстанған Түрікменстанның бұл ұйымға қосылмауы, екіншіден, сыртқы саяси ықпалға ие күш орталықтарының геосаяси қысымның әсерінен жоба жүзеге аспады.

Бір жағынан, 1990-жылдардың соңында Ауғанстанда орналасқан және Өзбекстанды нысанаға алған ислам экстремистерінің күшеюі аймақтағы кейбір мемлекеттердің қауіпсіздік құрылымдарының әлсіздігін көрсетті. Осыған байланысты Ташкент ішкі қауіпсіздікті басты орынға қойып, шекараларын жабуға мәжбүр болды. Сондай-ақ Ауғанстаннан туындаған қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету мәселесіндегі келіспеушіліктер аймақтық ынтымақтастықты одан әрі қиындатты. АҚШ-тың Ауғанстанға әскери араласуы террористік қауіп-қатерлерді азайтуға септігін тигізгенімен, аймақтағы геосаяси бәсекелестікті күшейтіп, Мәскеуге Орталық Азия ынтымақтастығының орнына еуразиялық интеграциялық механизмдерді күшейтуге мүмкіндік берді.

2016 жылы Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың қайтыс болуынан кейінгі биліктің ауысуы Орталық Азиядағы аймақтық интеграция үшін жаңа мүмкіндік туғызды. Астана бұл мүмкіндікті пайдаланып, Өзбекстанмен қарым-қатынасты жандандырып, бірлесіп Орталық Азия ынтымақтастығының негіздерін қайта құруға кірісті. Әзірге ресми аймақтық институттар қалыптаспағанымен, Орталық Азия президенттері жүйелі түрде кездесіп тұрады, ал аймақ елдері арасындағы саяси мәселелер бойынша үйлестіру айтарлықтай

кеңейді. Ең маңыздысы – қазір бұл бейресми ынтымақтастық механизмдеріне Түрікменстан да тартылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Анкара аймақтық мәселелерге белсенді араласпаған кезде Әзербайжанмен бірлесіп түркі елдерінің ынтымақтастық құрылымдарын дамыту мен кеңейтуде жетекші рөл атқарды. 2006 жылы Қазақстан Түркі кеңесін құруды ұсынды [151]. Бұл 2010-жылдардың соңында Анкара аймаққа қайта назар аударғанда, түркі ынтымақтастығының дайын инфрақұрылымының болуы үшін маңызды болды. Бұл өз кезегінде 2021 жылы Түркі кеңесінің негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуына жол ашты.

Әзербайжанмен ынтымақтастықты кеңейту бұл серіктестікті Оңтүстік Кавказ аймағына қарай жалғастыруға жол ашты, өйткені Әзербайжан – осы аймақтағы ең қуатты мемлекет. Қазақстан мен Әзербайжан ынтымақтастықты бұрыннан тереңдетуге ұмтылып келген, ал бұл үдеріс әсіресе 2022 жылдан бастап қарқынды дамыды. Сол жылы Мәскеу бірнеше рет Қазақстанның энергия ресурстарын Ресей бақылауындағы құбырлар мен порттар арқылы экспорттауына кедергі келтірді. Бұл жағдай, сондай-ақ Ресей мен Беларусь арқылы сауда бағыттарының бұғатталуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты үкіметке экспорт бағыттарын Каспий теңізі арқылы әртараптандыру жөнінде тапсырма беруге итермеледі. Көп ұзамай Әзербайжан мен Өзбекстан арасындағы өзара әрекеттестік те жаңа кезеңге өтіп, экономикалық және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық кеңейді. 2024 жылға қарай үш ел үшжақты бастамаларды жүзеге асыра бастады, олардың ішіндегі ең маңыздысы – 2024 жылдың мамырында қабылданған энергия жүйелерін өзара біріктіру туралы шешім. Бұл жоба кейінірек жаңартылатын энергияны Орталық Азиядан Каспий теңізінің түбімен жоғары вольтты электр кабелі арқылы Батысқа экспорттаумен жалғасады деп күтілуде [153]. Бұл үшжақты ынтымақтастық бағытындағы алғашқы жобалардың бірі ғана болуы ықтимал.

Сонымен қатар, Қазақстан Орталық Азияда қаржы орталығын құру үшін де жұмыс істеді. 2018 жылы ашылған «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) аймақтық және одан тыс жерлерге қаржылық қызметтер ұсынуды мақсат етіп, ағылшын жалпы құқығы жүйесі негізінде жұмыс істейді. АХҚО бүгінге дейін әлемнің 80-нен астам елінен 2800-ден астам компанияны тіркеп, басқарылатын активтердің көлемі 1 миллиард доллардан асты. 2023 жылы АХҚО Түркі мемлекеттері ұйымының қаржы орталығы ретінде танылды.

Аймақтық ынтымақтастықтың тұрақты жақтаушысы ретінде Қазақстан Орталық Азия, Каспий-Орталық Азия бассейні, сондай-ақ түркі елдері арасындағы бірқатар ынтымақтастық бастамаларының бастамашысы әрі тұрақты қолдаушысы болды. Бұл бастамалардың барған сайын табысты жүзеге асуы – орта державалардың өз айналасындағы өңірді қалыптастыру қабілетін дәлелдейді.

Көпвекторлы саясаттың қалыптасу кезеңдері. Көпвекторлы саясаттың алғашқы қадамдары тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жүзеге асырылды. Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты халықаралық ұйымдарға мүше бола отырып, өзінің көпжақты дипломатиясын нығайтты. Ел ядролық қарудан бас тарту туралы шешім қабылдап, бейбітшілікті қолдайтын мемлекет ретінде халықаралық беделге ие болды. Бұл қадам Қазақстанның сыртқы серіктестерімен

сенімді байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақстан Ресеймен тарихи байланыстарды сақтап, Қытаймен экономикалық ынтымақтастықты нығайтты және Батыс елдерімен стратегиялық әріптестік орнатты. Бұл әрекеттер елдің көпвекторлы сыртқы саясатының нақты көрінісі болды. Қазақстанның «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысуы және Еуропа мен Азияны байланыстыратын транзиттік дәліздерді дамытуы оның көпвекторлы саясатының аймақтық және жаһандық маңызын көрсетті [119].

Көпвекторлы сыртқы саясат Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және халықаралық аренада тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қолданылған маңызды стратегия болып табылады. Оның қалыптасуына географиялық, экономикалық, саяси және демографиялық факторлар әсер етті. Тарихи тұрғыда бұл саясат Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары халықаралық қауымдастықта өзіндік орнын айқындауға және жаһандық жүйеде ықпалды ойыншы болуға бағытталғанын көрсетеді. Бүгінде көпвекторлы саясат елдің сыртқы байланыстарын дамыту мен ұлттық егемендігін нығайтуда басты құрал болып қала береді.

Сонымен қатар, Қазақстан интеграциялық бірлестіктердің белсенді қатысушысы және бастамашысы болып табылады. Олардың ішінде Еуразиялық одақ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) бар. Ел 56 ислам елін біріктіретін Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүшелік етті. Сонымен бірге, Қазақстан түркітілдес мемлекеттерді (Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия және Қазақстан) алғаш рет біріктірген «Түркі кеңесін» құруды бастамалады. Ел сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымын (ҰҚШҰ) құруда маңызды рөл атқарып, ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында белсенді жұмыс істеп келеді [155]. Бұдан бөлек, Қазақстан Еуропалық Одақ сияқты мемлекетаралық ұйымдармен аймақтық және жаһандық қауіпсіздік саласында екіжақты ынтымақтастықты дамытуда.

Президент Н.Ә. Назарбаев көпвекторлы саясатты былай деп сипаттайды: «Әлемдік істерде маңызды рөл атқаратын және біздің еліміз үшін практикалық қызығушылық тудыратын барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым-қатынастарды дамыту». Назарбаевтың пікірінше, Қазақстан өзінің геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетіне байланысты тар аймақтық мәселелермен шектелмеуі керек. «Қазақстанның болашағы – Азияда да, Еуропада да, Шығыста да, Батыста да».

Көпвекторлы саясаттың негізгі артықшылықтарын Қазақстан мемлекет қайраткері Қ.К. Тоқаев атап көрсеткен: «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты теңдестірілген және көпвекторлы сипатқа ие, бұл сыртқы саяси серіктестерді таңдауда прагматизмге, жоғары маневрлік қабілетке және әлемдік нарықтың немесе белгілі бір аймақтың жағдайына тәуелсіздікке негізделген» [4].

2014 жылы Қазақстан 2014–2020 жылдарға арналған жаңа сыртқы саясат тұжырымдамасын қабылдады. Өзгерген халықаралық жағдайларды ескере отырып, бұл құжатта интеграциялық және аймақтық процестерді дамытуға қоса, Ресей, Қытай, АҚШ және Еуропалық Одақ сияқты негізгі серіктестермен екіжақты ынтымақтастықты тереңдету басымдықтары анықталды.

Жаһандану дәуірінде, екіжақты дипломатиядан көпжақты дипломатияға

көшу кезінде, Қазақстан көпвекторлы дипломатия принциптерін өзінің сыртқы саясатында барынша пайдалануға тырысады. Дегенмен, көпвекторлылық барлық елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауды білдірмейді. Қазақстан әріптестер арасынан ең сенімділерін тандап, ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға және әлемдік аренада бірлескен әрекеттер жасауға басымдық береді.

Көпвекторлы саясат Қазақстанға Ресей мен Қытай сияқты екі аймақтық алыппен саяси және экономикалық серіктестікті дамытуға, Батыстың өсіп келе жатқан ықпалын тежеуге, сондай-ақ экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық арқылы өзіне тиімді преференциялар алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерімен тату көршілік қарым-қатынастар саясаты өңірде проблемалар мен шешілмеген мәселелердің болмауын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Қазақстанның көптеген халықаралық және аймақтық мәселелерде бейтарап ұстанымы екіжақты қарым-қатынастарда қайшылықтарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты оның орта держава ретінде қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Ел өзінің геосаяси орналасуын, экономикалық әлеуетін және дипломатиялық бастамаларын тиімді пайдаланып, халықаралық аренада тұрақты әрі сенімді серіктеске айналды. Қазақстан ұлы державалар арасындағы тепе-теңдікті сақтап, аймақтық және жаһандық тұрақтылыққа үлес қосуда. Көпвекторлы саясат елдің егемендігін нығайтып, халықаралық беделін арттырды. Болашақта Қазақстан осы ұстанымдарды сақтай отырып, өзінің халықаралық рөлін одан әрі күшейтуге ұмтылады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бұл тарауда Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасу және даму кезеңдерін, аймақтық, жаһандық деңгейдегі рөлі талданады. Біріншіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саяси стратегияның негіздері, ядролық қарудан бас тарту, халықаралық ұйымдармен әріптестік және көпжақты дипломатияның маңыздылығы қарастырылады. Екіншіден, халықаралық институттардың елдің тұрақтылығы мен дамуындағы рөлі ерекше анықталып, аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық ынтымақтастықты нығайтудағы орны айқындалады. Орталық Азиядағы әріптестік бағыттары анықталып, көрші мемлекеттермен байланысы мен ресурстарды басқару мәселелеріне ерекше назар аударылады. Себебі көпвекторлы саясат Қазақстанның халықаралық аренада беделін арттырып, ұлттық мүдде негіздерін қамтамасыз етіп, елдің аймақтық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлін көрсетеді.

2.1 Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасу кезеңдері

Тәуелсіз мемлекет, саяси институт ретінде Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында көпвекторлық принципті бірегей моделін қалыптастыра алды. 1991 жылы 2 желтоқсандағы президенттік сайлау қорытындыларына байланысты пресс-конференцияда, президент Н. Назарбаев «Қазақстан- Еуропа мен Азияны жалғастыратын көпір болуы қажет. Әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды қамтамасыз ететін көпвекторлық сыртқы саясатты таңдайды», – деп көрсетті [2]. Президент өзінің «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты 1992 жылғы еңбегінде «Қазақстан жаңа халықаралық ортаға тап болды. Сыртқы саясатының бағыты ұлттық-мемлекеттік мүддеге сәйкес өзіндік логикамен дами бастады. Қазақстан басшылығы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын былайша белгілеген:

- Ресеймен ерекше қарым-қатынасты дамыту;
- Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құруға ұмтылу;
- ТМД аясында кең ауқымды ұжымдық қауіпсіздік келісімін ілгерілету.

Ядролық арсеналдан бас тартқаннан кейін Қазақстан аумақтық тұтастығы мен егемендігін құрметтеу тұрғысынан ядролық держава елдерінен маңызды кепілдіктер алды. Бұл стратегиялық шешім халықаралық ынтымақтастықтың түрлі бағыттарында маңызды артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазақстан басшылығы көрші елдердегі саяси, экономикалық және әскери өзгерістердің ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсер ету ықтималдығын жақсы түсінді. Осыған байланысты, Қазақстан аймақтық және халықаралық қауіпсіздік пен саясатқа қатысты бірқатар келісімдерге белсенді түрде қатысты. Бұл белсенді ұстаным аймақтық үдерістерден оқшауланудың мүмкін емес әрі тиімсіз екенін түсінуден туындаған.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қалыптасқан жаңа мемлекеттердің ішінде Қазақстан геосаяси кеңістіктегі орны мен маңыздылығы жағынан ерекше болды. Еуразияның орталығындағы географиялық орналасуы, табиғи ресурстарға бай

болуы, түрлі мәдени-өркениеттік және саяси ықпал аймақтарының түйіскен жерінде орналасуы елдің ішкі және сыртқы саясатына әсер етті. Қазақстан Орталық Азия аймағында ең ірі мемлекет және басты геосаяси актор болып саналды. Қазақстан халықаралық мәртебесін нығайту, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көпвекторлы сыртқы саясат стратегиясын қалыптастырды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан алдымен сыртқы сауда және экономикалық байланыстар саласында жаңа бағыттарды қалыптастыруға тырысты. Бұл – жаңа геосаяси жағдайға бейімделудің алғашқы қадамы болатын. 1990-жылдардың басында республика әлемдік экономикаға кірігуге талпынды. Бертін келе, «Еуразияшылдық» идеясы, мәдени және геосаяси негіздемелері Қазақстан үшін маңызды сипатқа ие болды. Бұл бағыт ұлттық мүдде мен көпвекторлы сыртқы саясат қағидаттарына сәйкес келіп, елдің мәдени және өркениеттік бірегейлігін сақтауға, әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануына мүмкіндік берді. Тәуелсіздік алысымен әлем халықтары Қазақстанның бейбіт саясатының куәсі болды. 1992 жылдың 5-ші наурызында Қазақстан БҰҰ мүшелікке қабылданды. Сол жылы ЕЫҚҰ мүшелікке өтті. Қазақстан жаһандық бейбітшілік пен ынтымақ құндылықтарын жақтайтын дамыған әлемдік қатынастар жүйесіне енді [156].

1993 жылы Қазақстан Республикасын егеменді ел ретінде 111 мемлекет танып, олардың 92-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Қазіргі таңда, Қазақстан 120-дан артық мемлекеттер дипломатиялық қатынастар жасады, бұл сан жылдан жылға арта берді [4]. Сыртқы саясатты қалыптастырудың екінші кезеңі Президент жарлығымен бекітілген 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Сыртқы саясат тұжырымдамасы болды. Бұл құжатта алғаш рет ұзақ мерзімді ұлттық мүддені сақтауға бағытталған көпвекторлы саясаттың маңыздылығын жариялады. Еліміздің аймақтағы орталық географиялық орны Батыс пен Шығысты байланыстыратын көпір ретінде бағаланды [3].

1995 жылғы Қазақстанның сыртқы саясат доктринасына сәйкес, Ресей және Қытаймен шекаралас болуы ерекше ескерілді. Себебі, Ресей Федерациясымен Қазақстанның құрлықтағы шекарасының ұзындығы 7,2 мың шақырымдай болса, Қытай Халық Республикасымен 1,7 мың шақырымдай ортақ шекара бар. Сондықтан Қазақстан әлемдік басым державалар болып саналатын Ресей, Қытай мемлекеттерімен бейбіт, тең және ынтымақтастық қатынастарды орнатуға ерекше мүдделі.

Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі ядролық қарусыз ел ретіндегі статусына байланысты өсе түсті. Әлемде қуаты жағынан 4 орын алатын ядролық қаруларды Қазақстан АҚШ пен Ресейдің әріптестігі бойынша 1995 жылдың 26 мамырында толық демонстрацияда бітті. Қазақстан «стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы келісім-шартқа», «Ядролық қаруларды таратпау туралы келісім-шартқа», «Ядролық сынақтарға тиым салу туралы жалпыға бірдей келісім-шартқа» қол қойды. Осындай құжаттар негізінде, нақты шаралары арқылы әлем мемлекеттерін ядролық соғыс қаупін жоюға шақырып, көпвекторлы дипломатияның көпжақты тұсы беки түсті [128].

Посткеңестік кеңістікте Ресейдің үстемдігін шектеуге ұмтылған басқа да үрдістер байқалды. Балтық елдері, Украина, Грузия және Молдова Батыспен тығыз ынтымақтастық орнатуға талпынды. Еуропалық Одаққа және НАТО-ға

интеграциялануға ұмтылды. Бұл үрдістер Ресейдің аймақтағы ықпалын әлсіретіп, посткеңестік кеңістіктегі саясатына түзетулер енгізуге мәжбүр етті.

Орталық Азия аймағы ерекше маңызға ие. Аталмыш аймақ табиғи ресурстарға бай, стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақ. 1990-жылдары Ресей бұл аймақтағы өзінің ықпалын сақтап қалуға тырысты. Дегенмен, Қытайдың және Батыстың белсенді саясаты жағдайды өзгертті. АҚШ пен ЕО елдері Орталық Азия елдерімен саяси және экономикалық байланыстарды дамытуға ұмтылды.

Қазақстан осы жағдайда теңгерімді саясат жүргізді. Ол Ресеймен дәстүрлі ынтымақтастықты сақтай отырып, сонымен бірге Батыс елдерімен және Қытаймен белсенді экономикалық байланыстар орнатты. Қазақстанның сыртқы саясаты елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және халықаралық аренадағы беделін арттыруға бағытталды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз мен мемлекет мүддесін қорғау жолында, Орталық Азия аймағында жетекші рөл атқару деген қос мақсатқа негізделген аймақтық стратегия әзірледі. АҚШ-тың Орталық Азия өңіріне белсенді араласуы, әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғалардан кейін күшейе түсті. Терроризмге қарсы күрес аясында бұл аймақта АҚШ-тың әскери-саяси ықпалы артты. 2001–2002 жылдары АҚШ-тың Қырғызстан мен Өзбекстандағы әскери базалары аймақтық қауіпсіздікке байланысты жаңа жағдай туғызды. Ресейдің, әсіресе ШЫҰ-ның мүшесі ретінде Қытайдың алаңдаушылығын тудырды.

Қазақстанның бұл жағдайда ұстанған саясаты өзінің қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз етумен қатар, халықаралық серіктестермен тепе-тең қарым-қатынас орнатуға бағытталды. Қазақстан аймақтық тұрақтылықты сақтау жолында барлық негізгі акторлармен – Ресеймен, Қытаймен және Батыс елдерімен ынтымақтастық орнатуға тырысты. Бұл саясат аймақтық геосаясатта Қазақстанның дербес ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы маңызды бағыт – энергия ресурстары саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Елдің мұнай-газ қоры оны әлемдік энергетикалық нарықта маңызды ойыншыға айналдырды. Қазақстан өзінің энергетикалық стратегиясын жүзеге асыруда әртүрлі бағытта жұмыс жүргізіп, Ресей арқылы экспортпен қатар, Каспий теңізі арқылы батыс бағыттағы мұнай және газ құбырларын дамытуға басымдық берді.

Каспий құбыр консорциумы (КҚК), Баку–Тбилиси–Джейхан мұнай құбыры, сондай-ақ Транс-Каспий бағытындағы жобалар Қазақстанның көпвекторлы энергетикалық саясатының айғағы болды. Бұл саясат елге сыртқы нарықтарға тәуелділікті азайтып, ұлттық мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік берді.

Қытаймен энергетикалық ынтымақтастық та маңызды орын алды. «Қазақстан–Қытай» мұнай құбыры, сондай-ақ газ тасымалдау жобалары Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің нығаюына себеп болды. Осының барлығы Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясатын, оның ішінде көпвекторлы бағыттағы ұстанымын нақты айқындап берді. Елдің ішкі тұрақтылығы мен халықаралық бастамалары, Орталық Азия аймағында сенімді әріптес және ықпалды геосаяси ойыншы ретінде көрсетіп отыр.

Қазақстанның геосаяси ерекшелігі, орналасуымен ғана емес, сонымен қатар көпұлтты халқы мен тарихи қалыптасқан халықаралық байланыстарымен де байланысты. Бұл жағдайлар елдің сыртқы саясатына өзіндік сипат берді. АҚШ тарапынан Қазақстанға деген қызығушылық бірнеше бағытта көрінді. Біріншіден, энергетикалық ресурстарға қол жеткізу болса, екіншіден, Орталық Азиядағы стратегиялық серіктес ретінде Қазақстанмен ынтымақтастық орнату, үшіншіден, Қытай мен Ресейдің ықпалын тепе-тең ұстау мақсатында аймақта өз ықпалын күшейту. Қазақстан бұл жағдайды тиімді пайдаланып, АҚШ-пен экономикалық және әскери-саяси байланыстарды дамытты. Сонымен қатар, бұл байланыстар Ресеймен қарым-қатынаста тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді. Қазақстанның сыртқы саясатындағы осы тепе-теңдік ұстанымы елдің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолы болды.

Аймақтық коалицияларға аясында, Қазақстан халықаралық қатынастарда – әрі аймақтық, әрі жаһандық деңгейде – жетекші рөлге ие болуды көздейді. Бұл қисынды, себебі қауіпсіздікке төнетін сын-қатерлер көбіне шағын елдерге қатты әсер етеді, олар құрылымдық тұрғыда әлсіз ойыншылар саналады. Алайда, жаңа институттарға мүше болу арқылы олар халықаралық қатынастар жүйесіндегі шешім қабылдау үдерістеріне ықпал ете алады. Қазақстан ТМД аясында әскери-саяси ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалыптастыруға белсенді қатысты. Атап айтқанда, 1992 жылғы Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге және 1993 жылғы «Шекара қорғанысы жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға» қол қойылды. Қазақстан интеграциялық үдерістерді қолдап қана қоймай, көршілес мемлекеттермен екіжақты қарым-қатынастарды да нығайтты. Елдің аймақтық саясаты заңды қағидаттарға негізделген ынтымақтастық Қазақстанға аймақтық деңгейде жетекші орнын сақтап қалуға және ұлттық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді деген сенімге сүйенеді. Ресми Астана бұл стратегияны белсенді түрде ілгерілетіп, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, ҰҚШҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және басқа да аймақтық және суб-аймақтық ұйымдарды құру бастамаларын ұсынды. Бұл ұйымдар посткеңестік кеңістікті біріктіретін кешенді интеграциялық бастамалар жүйесін құрайды. 2005 жылдың ақпан айында Президент Назарбаев аймақ елдерінің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрақтылықты нығайту мақсатында Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру идеясын ұсынды [5].

Қазақстанның геосаяси орналасуы қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықтың маңыздылығын талап етеді. Осыған орай, елдің стратегиялық құжаттарында Ресей және Қытаймен екіжақты қарым-қатынасқа ерекше мән беріледі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстанның сыртқы саяси бағытының көпвекторлы сипатта қалыптасуының ерекшеліктері мен құрылымдық мәнін терең ұғыну үшін, әрбір маңызды саяси вектормен байланысты жіті зерттеуіміз қажет.

Ресей: Қазақстан мен Ресей ЕАЭО және ҰҚШҰ сияқты интеграциялық құрылымдар аясында серіктестер әрі одақтастар елдер. Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы негізгі мүдделері география мен тарих сияқты іргелі және ұзақ мерзімді факторларға, Ресейдің саяси, экономикалық және мәдени ықпалына, сондай-ақ оның әскери-техникалық әлеуетіне негізделген.

Ресейдің сыртқы саясатындағы басты бағыттардың бірі – Қазақстанмен

және басқа Орталық Азия елдерімен тығыз байланыстарды сақтау және нығайту болды. Бұл бағыт посткеңестік кеңістікте Ресейдің жетекші рөлін қалпына келтіру саясатының бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Ресей үшін Қазақстанмен қарым-қатынас бірнеше себеппен маңызды болды: географиялық жақындық, ұзақ тарихи байланыстар, шекаралық қауіпсіздік, экономика саласындағы өзара тәуелділік және этникалық факторлар. Қазақстанда орыстілді халықтың елеулі үлесінің болуы Ресей үшін ерекше мәнге ие. 1990-жылдардың ортасынан бастап Ресей Қазақстанмен қатынасты жаңа сапалық деңгейге шығаруға ұмтылды. Бұл үдеріс 2000-жылдары жанданып, 2003 жылы Ресей мен Қазақстан арасында стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Кейін бұл қатынастар «одақтастық» мәртебесіне дейін көтерілді.

Қазақстан үшін Ресеймен берік одақтастықты сақтау аса маңызды, себебі елдің теңізге тікелей шыға алмауы жағдайында жаһандық нарықтарға шығу жолдарын қамтамасыз ету экономикасы үшін шешуші мәнге ие. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, Президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин арасындағы жеке қарым-қатынастар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ұзақ мерзімді және берік серіктестікті нығайтуда шешуші рөл атқарды. Бір мезгілде көпвекторлы сыртқы саясатты ұстанумен, және Ресеймен ерекше қарым-қатынасты дамытуға негізделген икемді тәсіл оң нәтижелер берді. Сыртқы саясаттағы икемділік Қазақстанға шетелдік экономикалық серіктестерді тартуға мүмкіндік берді, ал Ресеймен ерекше қатынас Қазақстанның Ресей қауіпсіздік құрылымына берік орнығуына ықпал етті. 1992 мен 2000 жылдар аралығында екі ел арасында 300-ден астам келісімге қол қойылды [162]. Бұл келісімдер тараптардың сыртқы және қорғаныс саясатын үйлестіруге бейілділігін көрсетсе, сондай-ақ агрессия жағдайында өзара көмек көрсету міндеттемелерін қамтыды. Сонымен қатар, бұл құжаттар тараптардың өз аумақтарын көрші мемлекеттердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін әрекеттер үшін пайдалануға жол бермеуге міндеттенетінін білдірді. Бұған қоса, тараптар экономикалық және мәдени салалардағы интеграцияға, сондай-ақ құқықтық жүйелерін үйлестіруге өзара ұмтылысын да айқындады.

2000-жылдары саяси жағдайдың өзгеруі Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастардың дамуына одан әрі серпін берді. Қазақстанға деген қызығушылықтың артуына себеп болған негізгі факторлардың бірі – посткеңестік кеңістікте жаһандық және аймақтық державалардың ықпалының күшеюі. Аймақты Ресей өзінің «артықшылықты мүдделер аймағы» ретінде қарастырды. Қазақстан Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ) пен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) сияқты құрылымдардың құрылуына белсенді түрде үлес қосты. Бұл ұйымдар ТМД аясындағы келіспеушіліктер мен оның ықпалының әлсіреуі аясында саяси тұрғыда маңызға ие бола бастады.

Қырым дағдарысынан кейін Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың дамуында елеулі қиындықтар пайда болды. Бұл мәселелер, ең алдымен, Ресейдің солтүстік Қазақстанға қатысты да дәл сондай саясат жүргізуі мүмкін деген алаңдаушылықпен байланысты. Мұндай қадамдар Ресей саяси тұлғаларының кейбір мәлімдемелері арқылы күшейе түсті.

Ресей Байқоңыр кешенін жалға алу мерзімін 2050 жылға дейін ұзартты. ,

2004 және 2005 жылдардағы екіжақты үкіметаралық келісімдер Байқоңыр ғарыш айлағында «Бәйтерек» қазақстандық зымыран-ғарыш кешенін құрудың негізін қалады. Бұдан бөлек, 2013 жылы Ресей мен Қазақстан президенттері Мәскеуде Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл ынтымақтастық аясында Ресей Қазақстан аумағындағы төрт әскери сынақ полигонын жалға алып, қазақстандық әскери қызметкерлер ресейлік әскери оқу орындарында білім алды [163].

Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар тек екіжақты ғана емес, сонымен қатар аймақтық және жаһандық деңгейлерде, құрылымдық сипатта қалыптасып келуде. Бұл байланыстар ТМД, ҰҚШҰ, ЕАЭО, ШЫҰ сияқты ұйымдар шеңберінде дамуда. Қазақстан мен Ресейдің бірлескен бастамалары – бұл ұйымдардың дамуына және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуда. Қазақстан Ресеймен қатынаста өз егемендігі мен ұлттық мүддесін қорғауға ерекше назар аударады. Қарым-қатынастың негізінде өзара теңдік, сенім және прагматизм қағидалары жатыр. Ресеймен тығыз байланыс, Қазақстанның сыртқы саясатындағы маңызды бағыттардың бірі бола тұра, елдің көпвекторлы саясаты бұл байланыстарды басқа бағыттармен тең ұстауға тырысады. Қазақстан Ресеймен шекаралас ел ретінде оның ішкі саяси және экономикалық тұрақтылығына ерекше мән береді. Себебі бұл тұрақтылық бүкіл аймақтың қауіпсіздігі мен дамуына тікелей әсер етеді.

Қазақстанның Ресеймен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы да маңызды орын алады. ҰҚШҰ шеңберіндегі өзара әрекеттестік, бірлескен әскери жаттығулар, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері – осы бағыттағы негізгі тетіктер болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Ресеймен ядролық қарусыздану және ядролық қауіпсіздік саласында да белсенді ынтымақтасып келеді.

Мәдени-гуманитарлық салада да Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстар тығыз. Қазақстандағы орыстілді халықтың мәдени құқықтарын сақтау, білім беру, БАҚ, ғылым және мәдениет салаларындағы әріптестік – екі ел арасындағы қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлар қатарында.

Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар тарихи, геосаяси және стратегиялық тұрғыдан қалыптасқан. Бұл байланыстар ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне бейімделе отырып, өзара тиімділік пен сенімді серіктестік негізінде дамуын жалғастырып келеді. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының қарым-қатынасты дамытуға деген өзара ұмтылысы, ең алдымен, әскери-саяси және экономикалық мүдделермен айқындалады.

Қытай: Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының қарым-қатынастарын стратегиялық деңгейге көтеруге бірнеше факторлар маңызды рөл атқарды. Екі елдің географиялық жақындығы, 1 782 шақырымға созылған ортақ шекара, Қазақстанның табиғи ресурстары, Қытайдың ірі сауда, экономикалық және технологиялық әлеуеті, Қытайдағы қазақ диаспорасы және Қазақстанның көлік-байланыс әлеуеті зор геостратегиялық орналасуы. Қазақстан мен Қытай басшылары арасындағы жеке қатынастар өзара түсіністікті жақсартуға және екі елдің аймақтық әрі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарын үйлестіруге елеулі үлес қосты. Жоғары лауазымды тұлғалар арасындағы жеке байланыстар,

әсіресе қауіпсіздік саласында, сенімділік атмосферасын қалыптастырды. Қытай Қазақстанның ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде сенім білдірілген мемлекеттердің бірі болып табылады.

2001 жылы Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) құру арқылы Орталық Азиядағы өз ықпалын нығайтуға кірісті. ШЫҰ Қытайдың Ресеймен және Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық салаларда көпжақты ынтымақтастығын дамытуды мақсат етті.

Қытайдың аймаққа деген қызығушылығы бірнеше себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл Қытайдың батыс шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Екіншіден, Орталық Азия елдерінің энергетикалық ресурстарына қол жеткізу. Үшіншіден, аймақтағы ислам радикализміне қарсы күрес. Төртіншіден, өз сауда жолдарын (жаңа Жібек жолы) дамыту.

ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, әсіресе терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске бағытталған. Бұл ұйым НАТО-ның аймақтағы ықпалына балама ретінде қарастырылады. ШЫҰ Қытай мен Ресейдің аймақтағы ықпалын нығайту мен үйлестіру құралына айналды.

2005 жылдан бастап Қытай ШЫҰ аясында әскери жаттығуларға белсенді қатысып келеді. Бұл әрекеттер Қытайдың қауіпсіздік саласындағы мүдделерін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, Қытайдың Қазақстанмен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекара мәселелерін шешуі өзара сенімнің нығаюына ықпал етті.

Қытай сонымен бірге экономикалық жобаларға үлкен назар аударады. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы арқылы Қытай Қазақстан аумағы арқылы Еуропаға шығатын сауда жолдарын дамытуда. Бұл Қазақстан үшін де тиімді, өйткені ол транзиттік мемлекет ретіндегі рөлін күшейтеді.

ШЫҰ-ның басты ерекшелігі – оның әскери-саяси альянс емес, бірақ қауіпсіздік саласындағы тығыз ынтымақтастықты көздейтін құрылым екендігінде. Ұйымның қызметі аймақтық тұрақтылықты нығайтуға және мүше мемлекеттердің егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын қорғауға бағытталған.

ШЫҰ-ның аясында өткізілетін бірлескен әскери жаттығулар терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күреске негізделген. Бұл жаттығулар Қытай мен Ресейдің әскери құрылымдарының өзара әрекеттестігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, ұйымға мүше елдердің қауіпсіздік қызметтері арасында ақпарат алмасу мен үйлестіру механизмі қалыптасты.

Экономикалық салада ШЫҰ аясында көптеген жобалар қарастырылған. Алайда ұйым экономикалық ынтымақтастықты екінші кезектегі міндет ретінде қарастырады. Соған қарамастан, Қытай ШЫҰ шеңберінде инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар ұсынуда белсенділік танытуда.

Қазақстан үшін ШЫҰ – бұл көпжақты ынтымақтастықтың маңызды алаңы. Ұйым аясында Қазақстан өзінің қауіпсіздік мүдделерін қорғаумен қатар, Қытай және Ресеймен стратегиялық серіктестігін нығайта түседі. Бұл аймақтық және жаһандық сын-қатерлерге бірлесіп қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ШЫҰ Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының

мазмұнын кеңейтеді. Ұйым аясындағы келісімдер мен жобалар елдің халықаралық беделін арттыруға, аймақтық процестерге белсенді қатысуына септігін тигізеді.

ШЫҰ-ның болашағы көп жағдайда Қытай мен Ресейдің мүдделерінің сәйкестігіне және мүше мемлекеттердің ішкі саяси тұрақтылығына байланысты болады. Егер ұйым мүдделер тепе-теңдігін сақтап, экономикалық жобаларды тиімді жүзеге асыра алса, онда ол Орталық Азиядағы ықпалды құрылымға айналуы мүмкін.

Қытайдың аймақтағы саясатының тағы бір ерекшелігі – әскери қатысудан аулақ болуға ұмтылуы. Қытай әскерін орналастырудың орнына, ол экономикалық қатысуға басымдық береді. Бұл — Қытай дипломатиясының дәстүрлі тәсілі. Осы стратегияны ұстану арқылы Қытай Орталық Азияда ықпалды ойыншыға айналды.

Қытайдың ықпалын күшейтуінің дәлелі ретінде көптеген экономикалық жобаларды атап өтуге болады: табиғи ресурстарды игеру, инфрақұрылымды дамыту, экономикалық аймақтар мен өндірістер құру, мәдени-гуманитарлық байланыстар, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және т.б. Қытай үшін ең бастысы — экономика. Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық стратегиясы — прагматизмге негізделген.

Қытайдың бұл белсенділігі Ресей мен АҚШ-тың назарынан тыс қалған жоқ. ШЫҰ шеңберінде Қытайдың рөлінің артуы Ресей үшін де, АҚШ үшін де алаңдаушылық тудырады. АҚШ бұл ұйымды Қытай мен Ресейдің ықпал құралдарының бірі ретінде қарастырады.

Қытай мен ШЫҰ, мүмкін, Ауғанстаннан АҚШ әскерінің шығарылуынан кейін бұл елдегі жағдайға жауапкершілік алуға тырыспайды. Дегенмен, Қытай Ауғанстанмен шекаралас аймақта тұрақтылықты сақтауға мүдделі.

АҚШ-тың Орталық Азиядағы стратегиялық ұстанымдарын сақтап қалуға деген ұмтылысы байқалады. Вашингтон Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік саласындағы байланыстарды дамытуға тырысып отыр. Алайда, АҚШ үшін бұл оңай болмайды, өйткені Қытай мен Ресей бұл өңірдегі ықпалын нығайтуды жалғастыруда.

Егер басқа мемлекеттер Орталық Азия елдеріне немқұрайлы қарайтын болса, Қытайдың аймақтағы рөлі тек артып қана қоймай, ұзақ мерзімді болады. ШЫҰ арқылы Қытай аймақта өзін халықаралық серіктес ретінде орната алады. Бұл жағдай АҚШ пен Батыс елдері үшін тек стратегиялық емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды салдарларға әкелуі мүмкін.

1990-жылдардың басында Қытайдың басты мақсаты шекара маңындағы әскери күштерді қысқарту, шекара мәселелерін түбегейлі шешу және ұйғыр сепаратизмін тежеу болды. Қазақстан мен Орталық Азияның басқа мемлекеттері қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа дайын екендігін білдіріп, сепаратизмге қарсы күреске қатысты екіжақты декларацияларға қол қойды. Қытаймен ынтымақтастық Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі тіректерінің бірі ретінде қарастырылып, елдің тәуелсіздігін, ұлттық қауіпсіздігін және өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды. Этникалық сепаратизм мен діни экстремизмге қарсы күрес екіжақты қарым-қатынастардағы маңызды сала болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық

Республикасы арасындағы сепаратизмге қарсы күреске қатысты міндеттемелер екіжақты келісімдерде заңдастырылған. Атап айтқанда, 2001 жылғы маусымда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) аясында Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы конвенция қабылданды. Бұл құжат ортақ лаңкестікке қарсы орталық құруды қарастырды.

Қазақстан мен Қытай біртіндеп ең маңызды стратегиялық келісімдерге қарай қадам басты. 2005 жылғы шілдеде екі ел «ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік» туралы бірлескен декларацияға қол қойды [164]. 2006 жылы олар «XXI ғасырдағы ынтымақтастық стратегиясын» және оған қосымша ретінде «Экономикалық ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасын» қабылдады. Бұл құжаттар ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао атап көрсеткендей, екіжақты қатынастардың прагматикалық сипатын одан әрі нығайтты. 2011 жылы Қазақстан мен Қытай мемлекет басшыларының бірлескен декларациясы жан-жақты стратегиялық әріптестікке бағытталған жол картасын бекітті. Соңында, 2015 жылы екі ел арасындағы қарым-қатынастар ресми түрде «Жан-жақты стратегиялық әріптестік» деңгейіне көтерілді.

Қазақстанның «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысуы ел үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады, соның ішінде транзиттік әлеуетін толық пайдалану және көлік-логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту перспективалары. Аймақ арқылы өтетін әртүрлі ықтимал көлік бағыттары Қазақстанды негізгі транзиттік және логистикалық хаб ретінде пайдалануға мүмкіндік береді, бұл елге елеулі экономикалық пайда әкелуі мүмкін. Бұл қатысу транзиттік әлеуетті арттырып, сауда көлемін ұлғайтып, көлік және логистика инфрақұрылымын жақсартуға және инвестиция тартуға жол ашады.

Алайда, «Бір белдеу, бір жол» аясында екі ел арасындағы кеңейтілген әріптестік билік теңгеріміндегі бар айырмашылықтарды күшейтіп, шекарааралық су мәселелері сияқты нәзік тақырыптарды ашық талқылауға тосқауыл болып отыр.

Орталық Азия: Қазақстанның сыртқы саясатындағы Орталық Азия бағыты күн тәртібінің маңызды бөлігі. Алайда бұл бағыт өзінің толық әлеуетін әлі толық жүзеге асырған жоқ. Орталық Азия мемлекеттері экономикалық және әскери тұрғыдан дербес болуда бірқатар қиындықтарға тап болып отыр, бұл олардың қорғаныс әлеуетінің әлсіздігіне байланысты сыртқы қауіп-қатерлерге осал болуына әкеледі. Сондықтан, аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде сыртқы державалар жиі кепілдік беруші рөлін атқарады. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің сыртқы басымдықтарының әртүрлілігі де айтарлықтай қиындық туғызуда. Басты мақсат – осы мемлекеттердің ұлттық мүдделері мен аймақтық интеграция талаптарын үйлестіретін тиімді ынтымақтастық формаларын табу және жүзеге асыру.

Аталмыш елдер түрлі қауіпсіздік қатерлері белең алған аймақта орналасқан, олардың ішінде шекара мәселелері ерекше мәнге ие. Аймақтағы тұрақсыз жағдай, онда күштер тепе-теңдігінде кез келген өзгеріс ірі қақтығысқа әкелуі мүмкін, ал әскери әлеуеттің шектеулілігі бұл мемлекеттерді кез келген аймақтық ынтымақтастық формасына жүгінуге мәжбүр етеді. Қазақстан үшін аймақтық елдердің ұжымдық тәсілі – кездесіп отырған сын-қатерлерге жауап берудің жалғыз тиімді жолы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, Қазақстан

өңірдегі көпқырлы қауіпсіздік қатерлеріне қарсы әрекет ететін түрлі ұйымдармен ынтымақтастықты қолдайды.

Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстанмен екіжақты қарым-қатынастар Қазақстанның аймақтық стратегиясына белгілі бір дәрежеде сәйкес келеді. Алайда, Каримов билігі тұсында Қазақстанның Өзбекстанмен қарым-қатынасында кейбір келіспеушіліктер байқалды. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы аймақтық көшбасшылыққа деген бәсекелестік олардың стратегиялық мүмкіндіктерінің, экономикалық әлеуетінің және халықаралық аренадағы рөлдерінің ұқсастығымен түсіндіріледі.

1990-жылдардың басынан бастап суға қатысты мәселелер өңірлік қауіпсіздіктегі маңызды факторлардың біріне айналды. Орталық Азияда трансшекаралық су ресурстарын басқарудың қолданыстағы механизмі елеулі қақтығыс әлеуетіне ие және су мәселелері аймақтық проблемалар иерархиясында алдыңғы қатарда тұр. Орталық Азиядағы суға қатысты проблемалар айтарлықтай қақтығыс қаупін тудырып, тұрақты бақылауды талап етеді. Бұл мәселелерді шешуге бағытталған көптеген келіссөздер мен күш-жігерге қарамастан, тараптар әлі күнге дейін ортақ келісімге келе алған жоқ. Сонымен қатар, сыртқы елдер мен халықаралық ұйымдардың су проблемасын шешуге араласуы да айтарлықтай табысқа қол жеткізген жоқ.

1992 жылғы Су ресурстарын бөлу туралы келісім мен 1998 жылғы Сырдария бассейніндегі су және энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы Негіздемелік келісімнің құқықтық деңгейі шектеулі, әрі тиімді мониторинг тетіктері жоқ. Соның салдарынан су және энергия алмасуы негізінен Су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының аясында жыл сайын жасалатын екіжақты және үшжақты келісімдер арқылы жүзеге асырылады. Бұл келісімдер тұрақты әрі ұйымдасқан тәжірибеге айналғанымен, олар жалпы міндеттемелерге негізделмеген. Керісінше, олар мүдделерді үнемі сәйкестендіруді талап етеді және бұл «төменгі» ағыс елдері, соның ішінде Қазақстан тарапынан айтарлықтай дипломатиялық күш-жігерді қажет етеді. Бұл келісімдер арқылы қол жеткізілген консенсус уақытша әрі осал болып көрінеді.

Қазіргі уақытта Өзбекстан Республикасының жаңа Президенті қызметке кіріскеннен кейін өңірде өзара қарым-қатынастар жақсарып, Орталық Азияны дамытуға бағытталған ортақ күн тәртібі қалыптаса бастады. Бұл су және энергия ресурстарына қатысты ахуалға да оң әсер етуі мүмкін.

2020–2021 жылдар аралығында Орталық Азия өңірінде және оның маңайында оқиғалар қарқын алды. Атап айтқанда, Ауғанстандағы жағдай, соның ішінде Талибан қозғалысының билікке келуі, Қазақстан мен тұтастай аймақ үшін басты қауіпсіздік қатерлерінің біріне айналды. Қазақстан халықаралық терроризм, экстремизм, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымы және заңсыз көші-қон сияқты мәселелерге ерекше мән береді. Бұл туралы Президент Тоқаев 2022 жылы ҰҚШҰ-ның мерейтойлық саммитінде атап өтті.

2022 жылдың басында Батыс Қазақстанда газ бағасының өсуіне байланысты халық наразылығы басталып, ол кейін «Қаңтар қырғыны» деп аталған дүрбелеңге ұласты. ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің елге енгізілуі Батыс серіктестері тарапынан қатты сынға ұшырап, халық арасында наразылық тудырды. Бұл оқиға ел ішінде әлеуметтік, саяси және экономикалық

реформалардың қажеттілігін айқын көрсетті. Кейін бұл саяси бағыт «Жаңа Қазақстан» деп аталды.

Қаңтар оқиғасынан кейін ел басшылығы билік транзиті кезінде басталған реформалар бағытын жалғастырып, кең ауқымды экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістерді жүзеге асыруға тырысты. Бұл реформалар «Естуші мемлекет» тұжырымдамасы аясында мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыруға және үкімет пен халық арасындағы диалогты күшейтуге бағытталды.

2022 жылы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қайта сайлануы оған елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуына бағытталған ауқымды реформалар жүргізу мандатын берді. Қаңтар оқиғасынан кейінгі саяси жүйені жаңғырту бастамасы жаңа саяси мәдениет қалыптастыру ниетіне негізделді. Бұл өз кезегінде сыртқы саясат саласында да жаңашылдыққа жол ашуды көздеді. Осы күрделі жағдайда Ресейдің өңірлік позициясы геосаяси ахуалдың жылдам өзгеруіне және күрделілігіне қарай қалыптасты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020–2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жаңа Сыртқы саясат тұжырымдамасын мақұлдады. Бұл құжат алдағы онжылдықтағы елдің сыртқы саясаттағы басымдықтарын айқындайды. Атап айтқанда, онда Ресей Федерациясымен қарым-қатынасқа ерекше және маңызды мәртебе берілген. Жаңа тұжырымдамада Ресеймен одақтастық қатынастарды дамыту басты бағыттардың бірі ретінде нақты көрсетілген [3].

Қазақстан қауіпсіздік саласында Ресеймен ынтымақтастықты жалғастыра отырып, саяси мәселелерде тепе-тең және бейтарап ұстанымды сақтайды. Бұл сыртқы саясат ұстанымы «хеджирлеу» тұжырымдамасына сәйкес келеді – яғни ұлттық мүддені қорғау және барынша пайда табу мақсатында тепе-теңдік сақтау мен ілесу стратегияларын қатар қолданатын кешенді тәсіл. Қазақстанның қауіпсіздігіне тірек болып отырған негізгі фактор – Ресейдің агрессивті болмауы, сондықтан Қазақстан мен Ресей арасындағы оң қарым-қатынасты сақтау бәрінен де маңызды. Осыған байланысты, Президент Тоқаев ешбір мемлекетті ашық түрде қауіп-қатер көзі ретінде атауға құлықсыз, тіпті Ресейдің белсенді және батыл әрекеттері Қазақстан үшін нақты әрі әлеуетті қауіп төндіруі мүмкін екенін елеусіз қалдыруға бейім.

Грузия мен Украина АҚШ пен Батыс елдерімен жақындасуға тырысқанда, Кремль бұл қадамдарға қатал және агрессивті түрде жауап берді. 2008 жылғы Грузияға басып кіру мен Украинадағы әскери операциялар Ресейдің өз іргелі мүдделеріне төнген қатерлерге қалай жауап беретінін көрсетеді. Соның салдарынан Қазақстан өзін күрделі дилемма алдында тап болды: Ресейдің өзіне айрықша ықпал ету аймағын орнатуға ұмтылысы барған сайын нақты әрі бұлтартпас шындыққа айналуда. Бұл тұрғыда Тоқаевтың латын әліпбиіне көшуді кейінге қалдырып, қазіргі жазу жүйесін сақтап қалу туралы шешімі де Ресей тарапынан тіл мәселесіне байланысты көтерілген алаңдаушылықтарға жауап ретінде қабылдануы мүмкін.

2022 жылдың қазан айында Астанада өткен саммит барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей президенті Владимир Путинмен бірге ТМД аясында орыс тілін дамыту идеясы туралы пікір алмасты және посткеңестік елдерде орыс тілін қолдап, оны ілгерілетуге бағытталған халықаралық ұйым құруды ұсынды.

Қазақстанның өзгеріп жатқан геосаяси жағдайына Ресейдің сыртқы саясаты, әсіресе Ресейдің Украинадағы әскери операциясы аясында, барған сайын көбірек ықпал етуде. Украинадағы қақтығыстың жалғасуы қосымша қауіп-қатерлерді тудырып отыр, әсіресе сыртқы сауданың жанама арналары мен тікелей шетелдік инвестициялар тұрғысынан. Геосаяси шиеленістердің күшеюі мен жаһандық экономикалық тұрақсыздық инвестициялық белсенділіктің төмендеуіне, сыртқы сауда байланыстарының әлсіреуіне, іскерлік қатынастардың бұзылуына себеп болып, жалпы экономикалық ахуалдың нашарлауына ықпал ететін факторларды ушықтырады. Қазақстан – халықаралық саудаға терең тартылған, әлемдік нарықтағы бағаға тәуелді өнім өндіретін ашық экономикасы бар ел болғандықтан, бұл қауіп-қатерлер елге айтарлықтай әсер етеді.

2014 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) үшін негізгі геосаяси сын-қатерлердің бірі – Батыс елдерінің Ресейге қарсы енгізген санкциялары. Бұл санкциялар ЕАЭО-ға мүше барлық елдердің экономикасына ықпал етті. Атап айтқанда, шетелдік инвестиция көлемінің азаюы, протекционистік шаралардың күшеюі және озық технологияларға қол жеткізудегі қиындықтар байқалды. Бұған қоса, Қытай мен АҚШ арасындағы сауда текетіресі де ЕАЭО елдерінің дамуына теріс әсер етті, өйткені Қытай Одаққа мүше елдердің басты инвесторы және сауда әріптесі болып табылады.

ЕАЭО-ға мүше елдердің ортақ тәуекелдерінің бір көрсеткіші – Ресей рублінің құнсыздануы болды, ол өз кезегінде қазақстандық теңге бағамына тікелей әсер етті.

Тағы бір елеулі қауіп – Ресейдің Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясындағы экономикалық қатынастарды саяси сипаттағы байланыстарға айналдыру ниетіне байланысты. Бұл 2020 жылы Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысы барысында айқын көрінді. Сол жиында Президент Тоқаев Еуразиялық интеграцияны дамыту стратегиясына қатысты бірқатар мәлімдеме жасады. Бұл стратегия мемлекеттік билік пен парламенттің егемендік құқықтарын шектеуі мүмкін деген алаңдаушылық тудырды, әрі ол ұлттық қоғамдық пікір тарапынан қарсылыққа ұшырауы мүмкін.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүшелігі белгілі бір тәуекелдермен қатар жүреді, соның ішінде Батыс елдерінің Ресейге қарсы енгізген ұжымдық санкциялары ерекше орын алады. Санкциялар саясаты жаһандық сипатқа ие болып, әлемдік экономиканың қазіргі жағдайына ғана емес, оның болашақ даму үрдістеріне де әсер етіп отыр. Сонымен қатар, Ресеймен әріптестік орнатқан елдер үшін бұл саясат қосымша қауіп төндіреді. Санкциялар енгізген елдер үшінші елдердің бизнес құрылымдарына Ресейге қарсы санкция салынған ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға болмайтынын тікелей ескертеді және мұндай ынтымақтастық «екіншілік шектеулерге» ұшырауы мүмкін екендігін білдіреді.

Қазақстанның ҰҚШҰ-ға мүшелігі мен Ресеймен қарым-қатынасы елдің қорғаныс стратегиясын, аймақтық қауіпсіздікке қатысты әрекеттерін және әскери доктринасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мәселелер 2007–2022 жылдар аралығында қабылданған әскери доктриналарда көрініс тапты. Тоқаев Ресейді ашық түрде қауіп деп атамаса да, Қытаймен қарым-

қатынасты нығайту арқылы елдің стратегиялық дербестігін күшейтуге бағытталған қосымша шараларды қарастыруға бейім.

Кесте 4 - Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты: қалыптасу кезеңдері

№	Кезең	Негізгі оқиғалар	Аймақтық бағыты	Халықаралық ұйымдармен қатынас	Қысқаша сипаттама
1	1991–1995	Тәуелсіздік, БҰҰ-ға кіру, ядролық қарусыздану	Ресей, Қытай	БҰҰ, ЕҚЫҰ	Бейбіт бағыттағы көпвекторлы саясаттың негізі қаланды
2	1995–2001	Сыртқы саясат тұжырымдамасы, ядролық қарудан бас тарту аяқталды	Орталық Азия	ШЫҰ, ҰҚШҰ	Көпжақты дипломатия мен интеграцияның басы
3	2001–2010	ШЫҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ төрағалығы	Азия, Еуропа	ЕҚЫҰ, ИЫҰ	Аймақтық қауіпсіздік пен жаһандық бейбітшілікке үлес
4	2010–2020	ДСҰ-ға кіру, Сирия бойынша Астана процесі	Орталық Азия, Еуропа	ДСҰ, ЕАЭО	Экономикалық дипломатия басым бағытқа айналды
5	2020–2024	Қаңтар оқиғасы, жаңа сыртқы саясат тұжырымдамасы	Ресей, Қытай, Түркия	БҰҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ	Теңгерімділік пен прагматизмге негізделген сыртқы саясат

Қазақстан қазіргі таңда Қытаймен экономикалық тұрғыдан жақындасқанын көрсетуде. Қытай бағыты – басымдық берілетін, бірақ сонымен бірге қайшылықты бағыт – тұрақты түрде стратегиялық серіктестік деңгейінде сақталып келеді. 2022 жылғы 14 қыркүйекте ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға маңызды сапармен келді. Бұл сапар пандемиядан кейінгі оның алғашқы шетелдік сапары болды және ол бірнеше негізгі факторларға байланысты таңдалды. Ең алдымен, сапардың мақсаты – Президент Тоқаевпен ақпарат алмасу, әсіресе Қаңтар оқиғаларына қатысты мәселелер бойынша пікірлесу болды.

2022 жылғы қыркүйекте Қазақстанға ресми сапары барысында Қытай көшбасшысы Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын сақтауға қатысты Қытайдың мызғымас қолдау көрсететіні туралы маңызды мәлімдеме жасады, сондай-ақ елдің ішкі істеріне сыртқы араласуға

түбегейлі қарсы екенін білдірді. Бұл мәлімдеменің нақты адресаты Ресей екені анық. Осылайша, Қытай мен Ресей арасындағы мүдделер қайшылығы Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының жаһандық жағдайға икемделу қабілетінің артып келе жатқанын көрсетеді

Қытай басшылығы Қазақстанның күн тәртібіндегі экономикалық бағытты басымдық ретінде атап көрсетуді жалғастырып келеді. Осыған байланысты екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізгі тақырыптарының бірі – «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы мақсаттарды жүзеге асыру және Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту. Соңғысының маңызы Қытайдың Еуропаға Ресей арқылы жүк тасымалдау көлемінің азаюына байланысты айтарлықтай артты [166].

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынас динамикасын талдау Қытай мүдделерінің Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда кеңею үрдісін айқын көрсетеді.

Қазақстан қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып, стратегиялық құжаттарында екіжақты әріптестікке және көпжақты құрылымдарға қатысуға ерекше мән береді. Президент Тоқаев Қазақстанды жаһандық қауымдастықта маңызды рөл атқаратын мемлекет ретінде танытуға белсенді түрде күш салып келеді, әсіресе ұжымдық қауіпсіздік пен көрші елдермен нақты қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықты алға тартуда. БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында Тоқаев Қазақстанның Орталық Азия елдерімен әртараптандырылған ынтымақтастығын дамытуға адалдығын тағы да растады. Ол Орталық Азияның жаһандық қауымдастықта белсенді әрі біртұтас рөл атқара алатын әлеуетін атап өтті және бұл бүкіләлемдік даму бастамаларын қолдайтынын білдірді. Президент аймақтық басымдықтардың бірі Ауғанстан болуы керектігін, оны тұрақты әрі гүлденген мемлекетке айналдыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Жақын болашақта Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық байланыстарының одан әрі нығая түсу үрдісі жалғасады деп күтіледі. Анкара өңірлік ықпалды ойыншыға айналып келеді және Түркия Қазақстанның көпвекторлы сыртқы қатынастарындағы маңызды бағыттардың біріне айналууда. Бұл үрдіс әсіресе Түркияның әскери және геосаяси маңызының артуымен байланысты. Екі ел арасындағы ортақ тарихи, мәдени және тілдік байланыстар ынтымақтастықты нығайтуға негіз болып отыр. Қоғамдастық тарапынан да ресми әріптестікті дамытуға деген өзара қызығушылық бар. Ұзақ мерзімді перспективада Түркия аумағы қазақстандық тауарларды әлемдік нарыққа шығаруға арналған негізгі арнаға айналуы әбден мүмкін.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық беделді нығайтуға бағытталды. Ядролық қарусыздану, БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, сондай-ақ көрші мемлекеттермен тату қарым-қатынас орнату арқылы Қазақстан өз егемендігін қорғап қана қоймай, Орталық Азиядағы жетекші елдердің біріне айналды. Ресей, Қытай, АҚШ және Еуропа елдерімен теңгерімді саясат жүргізу, аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық серіктестікті нығайту бағытындағы бастамалар елдің сыртқы саясаттағы прагматизмін айқындайды. Қазіргі жаһандық және

аймақтық сын-қатерлер жағдайында Қазақстан өзінің көпвекторлы ұстанымын бейімдеп, ұлттық мүдделер мен өңірлік тұрақтылықты қорғауда белсенді рөл атқарып отыр. Болашақта да бұл стратегия елдің халықаралық аренадағы орны мен беделін күшейте түсуге ықпал етеді.

2.2 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы қалыптасуында халықаралық институттардың рөлі мен маңызы.

Саяси және экономикалық сипаттағы халықаралық ұйымдардың кең ауқымды спектріне белсенді мүше бола отырып, Қазақстан көптеген интеграциялық үдерістерде маңызды рөл атқарады. Елдің аймақтық амбицияларының бірі – Еуразия құрлығында интеграцияны дамыту және көршілес елдермен біртұтас нарық кеңістігін құру. Сонымен қатар, Қазақстан бүкіл әлемге Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) арқылы осындай бастамаларды дамытуымен танымал. Аталған көпжақты үкіметаралық форум Азия құрлығында ынтымақтастықты арттыру, бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықты нығайту мақсатында құрылған. Бұған қоса, Қазақстан Халықаралық Төмен Байытылған Уран Банкін құру арқылы ядролық қаруды таратпау режимін алға жылжытуда аймақтық ел ретінде жаһандық беделін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік алды [167].

Өңірлік тұрақтылық пен дамуды ілгерілетуге ұмтылған Қазақстан Ауғанстанға мектептер мен ауруханалар салу, тас жолдар тұрғызу, жастарға жоғары білім алуға гранттар бөлу және жергілікті халыққа азық-түлікпен көмек көрсету арқылы елеулі қаржылық және техникалық қолдау көрсетіп келеді. Бұл Қазақстан дипломатиясының соңғы жылдардағы ірі жетістіктерінің бірі ретінде бағалануға лайық.

2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға – әлемдегі ең ірі өңірлік қауіпсіздік ұйымына – төрағалық етті. Бұл — посткеңестік кеңістіктегі және негізінен азиялық мемлекеттердің арасынан алғаш рет осы беделді әрі қуатты трансқұрлықтық ұйымды басқарған ел болды. Бұл факт Қазақстан дипломатиясының соңғы жылдардағы аса ірі саяси жетістігі ретінде қарастырылады [168]. 2010 жылғы 1–2 желтоқсанда Қазақстан елордасы Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізуді ұйымдастыра алды. Бұл — он жыл ішінде алғаш рет шақырылған ЕҚЫҰ саммиті болды. Саммит қорытындысында қабылданған Астана Декларациясы ұйымның дамуына жаңа саяси серпін беріп, барлық мүше мемлекеттердің Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтау міндеттемелерін қайта растады [169]. Атап айтқанда, бұл декларация Приднестровье мен Таулы Қарабақ сынды "мұздатылған" жанжалдар бойынша тараптарды татуластыру арқылы Еуропа құрлығын, сондай-ақ тұтас посткеңестік кеңістікті жанжалсыз аймаққа айналдыруға бағытталды.

Қазақстан басшылығының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге ұмтылысы, бір жағынан, халықаралық аренада теңізге шыға алмайтын елдердің экономикалық күн тәртібін көтеру және осы аймақтағы жергілікті экономикалардың мәселелеріне еуропалық серіктестердің назарын аудару тілегімен байланысты болды. Мысалы, 2009 жылы Қазақстан үкіметі ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету аясында құрлыққа тұйықталған Орталық Азия елдері арқылы өтетін көлік және транзит дәліздерін ілгерілетуді басты мақсаттардың бірі

ретінде жариялады.

Трансқұрлықтық және құрлыққа тұйық орналасуына қарамастан, Қазақстан өзінің Еуропа мен Азия арасындағы геосаяси орналасуын тұрақты даму жолындағы бір мезгілде әрі сын-қатер, әрі мүмкіндік ретінде қарастырады. Аймақтық интеграция мен экономикалық дамуда маңызды актор болуға ұмтылған Қазақстан қазіргі таңда әлемдік аренада өзінің «жұмсақ күшін» – достық ниеттегі ел ретінде қалыптасқан бейнесін – қолдана отырып, геосаяси рөлін біртіндеп арттырып келеді.

Қазақстан халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болу мақсатында 1992 жылы қаңтарда Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болып қабылданды [4]. Сол жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңеске (ЕҚЫҰ) қосылды, ал 1995 жылы НАТО-ның «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасына қатыса бастады [5]. Қазақстанның сыртқы саясаты жан-жақты бағытта дамып, барлық ірі державалармен достық қатынастар ұстап, ұлттық мүдделерін қорғауға мүмкіндік берді [6]. Қазақстан халықаралық аренада өзін бейбітшіліксүйгіш және жауапты мемлекет ретінде танытуға кірісті. Ең алдымен, елдің ядролық қару-жарақ мұрасы мәселесі шешілді. Кеңес Одағынан мұра болып қалған әлемдегі төртінші ең үлкен ядролық арсенал Қазақстан үшін де, жаһандық тұрақтылық үшін де үлкен сынақ еді. Алайда Қазақстан батыл шешім қабылдап, ядролық қарудан өз еркімен бас тартты [8]. 1992 жылы Лиссабон хаттамасына қол қойып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу арқылы Қазақстан ядролық державалар мәртебесінен ресми түрде бас тартты [9].

1994 жылдың желтоқсанында Будапештте Қазақстанның тәуелсіздігі мен шекарасының тұтастығына қауіпсіздік кепілдіктері берілді. АҚШ, Ресей және Ұлыбритания қол қойған бұл Меморандум Қазақстанның өз ядролық арсеналынан бас тартуына жауап ретінде жасалған маңызды келісім болды [11]. Қазақстан өзінің сыртқы саясатының бейбітшіл және көпвекторлы сипатын сақтай отырып, ядролық қарусыздану мәселесінде халықаралық бастамаларды қолдады. Бұл кезеңде Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатты институционалдық тұрғыда күшейтіп, өңірлік және жаһандық бастамаларды белсенді ілгерілетті. 1996 жылы Қазақстан Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстанмен бірге Шанхай бестігі келісімдеріне қол қойып, шекара қауіпсіздігі және әскери сенім шаралары бойынша ынтымақтастықты бастады. Кейін 2001 жылы бұл ынтымақтастық Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) ретінде ресми ұйымға айналды [15].

Әлемде құрлыққа тұйықталған (теңізге тікелей шыға алмайтын) елдер өте көп. Шын мәнінде, әр бес мемлекеттің біреуі – белгілі бір дәрежеде жағалауға шыға алмайтын ел. Дүниежүзіндегі ең ірі құрлыққа тұйықталған мемлекет ретінде Қазақстан барлық теңізге шыға алмайтын елдердің мүдделерін ілгерілету ісінде көшбасшы болуға лайықты кандидат болып табылады.

Мысалы, 2003 жылғы 25–29 тамыз аралығында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) қолдауымен Алматы қаласында Құрлыққа тұйықталған және транзиттік дамушы елдердің халықаралық министрлік конференциясын өткізді. Бұл – халықаралық саудада құрлыққа тұйықталған елдер бүгінде тап болып отырған шектеулерді тиімді транзит жүйелерін құру арқылы жеңілдетуге бағытталған алғашқы жаһандық форум болды. Осы іс-шара аясында транзит

жүйелерінің бастапқы тұжырымдамалары «Алматы іс-қимыл бағдарламасы» мен «Алматы декларациясында» жарияланды.

Аталған құжаттар халықаралық қауымдастықтың құрлыққа тұйықталған елдердің қажеттіліктеріне назар аударуына негіз қалап, үш негізгі басымдықты айқындады:

- халықаралық келісімдерде транзит еркіндігін қамтамасыз ету,
- көлік инфрақұрылымын дамыту,
- трансұлттық ынтымақтастықты ілгерілету
- «Алматы декларациясы» бұл саладағы халықаралық құқықтық реттеудің негізгі құжаттарының бірі ретінде жалпыға мойындалған.

Сонымен қатар, 2014 жылғы 14–16 шілде аралығында Қазақстан БҰҰ жанындағы барлық құрлыққа тұйықталған дамушы елдердің тұрақты өкілдері үшін саммит ұйымдастырды. Саммиттің мақсаты – осы елдердің сыртқы қатынастардағы ортақ қиындықтары бойынша тәжірибе алмасу және біліммен бөлісу болды [170].

Мұнымен қоса, 2018 жылғы 16–17 мамырда Астанада құрлыққа шыға алмайтын елдердің арнайы министрлік кездесуі өтті. Бұл кездесу сауданы және транзитті дамытуға қатысты мәселелерді тереңірек қарастыруға, мүмкіндіктерді анықтауға және үздік тәжірибелерді ұсынуға арналды.

Тәуелсіздіктің алғашқы айларынан бастап Қазақстан Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға ұмтылып келеді, әсіресе АӨСШК-ны (Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес) шақыру арқылы. АӨСШК-ны шақыру туралы бастама алғаш рет 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының қырық жетінші сессиясында Қазақстан делегациясы тарапынан ұсынылды. Бұл халықаралық көпжақты саяси ынтымақтастық алаңы ретінде құрылған ұйым Азияда бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуды мақсат етеді

1999 жылы Қазақстанда өткен Сыртқы істер министрлерінің алғашқы кездесуінен бастап, форум шеңберіндегі барлық саяси және әкімшілік шешімдер консенсус негізінде қабылданып келеді. Қазіргі уақытта ұйым құрамында 26 мүше мемлекет бар, олар Азия құрлығының аумағы мен халқының шамамен 90 пайызын құрайды. Ұйымның әкімшілік органы — Хатшылық — Алматы қаласында орналасқан.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Азиядағы бітімгер ел ретіндегі кеңінен мойындалған мәртебесі аймақтағы барлық елдердің болашақтағы саяси және экономикалық интеграциясы үшін перспективалық алаң қалыптастырады. Бұл жағдай Азия одағын құру идеясына қолайлы жағдай туғызады. Бұрын бұл идеяны іске асыру мүмкін емес деп есептеліп келген болатын, өйткені өңір елдері арасында шекаралық даулар, ұлт қалыптастырудың әртүрлі идеологиялық модельдері және ең бастысы — экономикалық даму деңгейінде үлкен алшақтықтар бар.

Соғыс салдарынан қираған Ауғанстанды қалпына келтіру — Қазақстанның ұлттық сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі. Аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты ілгерілету барысында Қазақстан бұл кедей, құрлыққа тұйық елдің жаңғыртылуына елеулі үлес қосты. Мысалы, Қазақстан Ауғанстанға айтарлықтай қаржылық және техникалық көмек көрсетіп, азық-түлікпен қамтамасыз етті, сондай-ақ ауған жастарына Қазақстанның жетекші

университеттері мен колледждерінде білім алуға арналған білім гранттарын бөлді. 2011 жылы Қазақстан үкіметі екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты тікелей қаржыландыру үшін 50 миллион АҚШ долларын бөлуге уәде берді. Бұл қаражат мыңдаған дарынды ауған студенттеріне халықаралық деңгейде мойындалған диплом алуға және Қазақстанда баға жетпес халықаралық тәжірибе жинауға мүмкіндік берді. Мұның нәтижесінде екі халық арасындағы шынайы достық қарым-қатынас орнатуға берік негіз қаланды.

Ауғанстандағы Қазақстанның гуманитарлық қатысуы прагматикалық факторлармен де түсіндіріледі. Қазақстанның сол кездегі Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысовтың айтуынша: «Қазақстан үшін Ауғанстан – үлкен нарыққа тікелей жол және құрлыққа тұйық ел ретінде бұл – халықаралық теңіз жолдарына шығудың ең жақын мүмкіндігі». Сондықтан алдағы жылдары бұл соғыстан қираған елдің тұрақты дамуы Қазақстан үшін аса маңызды ұлттық мүдде болмақ.

2011 жылы Қазақстан беделді үкіметаралық алаң – Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) төрағалық ету құрметіне ие болды. Бұл ұйым қазақ дипломаттарының бастамасымен өзінің саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсатын неғұрлым нақты көрсету үшін бұрынғы атауы – Ислам конференциясы ұйымынан ИЫҰ болып өзгертілді. Бұл өзгеріс ұйымның барлық мұсылман қоғамдары үшін интеграция мен өзара байланыс орнатуға арналған платформа ретіндегі рөлін де айқын көрсетті, ол діни-идеологиялық немесе саяси жіктелістерге қарамастан әрекет етеді.

Кесте 5- Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты: даму кезеңдері

Кезең	Уақыты	Негізгі Сипаттамасы	Халықаралық Институттар	Саяси Ықпал
1-кезең	1991–1995	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Ядролық қарудан бас тарту, БҰҰ және ЕҚЫҰ-ға мүше болу	БҰҰ, ЕҚЫҰ	Бейбітшілік имидж қалыптастыру
2-кезең	1995–2001	Сыртқы саясат тұжырымдамасының қабылдануы, көпвекторлы бағыттың ресми бекітілуі	ТМД, НАТО («Бейбітшілік үшін әріптестік»)	Ресей және Қытаймен теңгерімді байланыс
3-кезең	2001–2010	ШЫҰ, ИЫҰ сияқты ұйымдарда белсенділік, ЕҚЫҰ төрағалығы	ШЫҰ, ИЫҰ, ЕҚЫҰ	Өңірлік қауіпсіздікке үлес
4-кезең	2011–2020	БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігі, G-Global бастамасы	БҰҰ, ИЫҰ, АӨСШК	Орта держава ретінде танылуы
5-кезең	2020–2024	Жаңа геосаяси шындыққа бейімделу,	ҰҚШҰ, ШЫҰ, ЕАЭО	Хеджирлеу стратегиясы

		Ресей-Қытай арасында тепе-теңдік		
--	--	-------------------------------------	--	--

2011 жылдың маусым айында өткен ИЫҰ Сыртқы істер министрлерінің отыз сегізінші сессиясы аясында, осы құрметті форумның төрағасы ретінде Қазақстан барлық ислам елдерін өз мемлекеттерін технологиялық жаңғыртуға ерекше назар аударуға шақырды [5]. Атап айтқанда, Қазақстан ғылым мен білімді дамыту бастамасын көтеріп, ислам әлемінде ғылым мен технологиялар саласында жаңа «Алтын ғасыр» дәуірін қайта жаңғыртуға, сондай-ақ жаһандық деңгейдегі академиялық, қаржылық және экономикалық қызметтерде көшбасшылыққа жетуге үндеді. Бұл бастамалар әсіресе ғарыш өнеркәсібі, нанотехнология, биотехнология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды сауда, сауда және азық-түлік өнеркәсібі салаларын қамтыды.

2017 жылдың 10–11 қыркүйегі аралығында Астанада ИЫҰ аясында мемлекет және үкімет басшылары деңгейінде ғылым және технология жөніндегі алғашқы мамандандырылған саммит өтті. Оның қорытындысында «Ислам әлемінде ғылым, технология, инновация және жаңғырту туралы Астана декларациясы» қабылданды [172].

Адам капиталының молдығы, мәдени мұраның байлығы мен әртүрлілігі, минералды ресурстардың орасан мол қоры ескерілетін болса, технологиялық даму мен білім беру саласындағы терең ынтымақтастық ең кедей және экономикалық тұрғыдан әлсіз елдердің де өркендеуіне ықпал ете алады. Мысалы, еңбек пен тауарлардың еркін қозғалысына арналған ортақ нарық, ортақ валюта мен тәуелсіз ақша қоры, бірыңғай кедендік одақ, өзара байланысқан банк жүйелері мен даму қорларын құру арқылы тұтас аймақты өзін-өзі қамтамасыз ете алатын және тәуелсіз өркениеттік кеңістікке айналдыруға болады.

Бұл өз кезегінде ислам елдеріне халықаралық аренада өз шынайы мүдделерін қорғауға және жаһандық державалармен саяси, экономикалық және технологиялық тұрғыда тең дәрежеде бәсекелесуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда барлық ислам елдерінің жаңа саяси ерік-жігері, өңірдегі авторитарлық әрі репрессивті режимдердің дәстүрлі сана-сезімін өзгерту және бір кездері ұмыт болған технологиялық ілгерілеу мен ғылымға табыну мәдениетін қайта жаңғырту – экономикалық өркендеуге қол жеткізудің басты тетіктеріне айнала алады.

2016 жылғы 28 маусымда Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі екі жылдық мерзімге тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Жапониямен қатар Қазақстан қазіргі уақытта БҰҰ аясында Азия–Тынық мұхиты аймағы елдерін ұсынады. Қазақстанның халықаралық аренадағы бейтарап актор ретіндегі бейнесі осы беделді кеңесте елдің бейбіт стратегиясын таныстырудың басты мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Қазақстан өзара тиімді көпжақты дипломатияны, әсіресе қақтығыстарды реттеу және сенімді нығайту ісінде барлық мүше елдермен ынтымақтастықты ілгерілетуге бейілді.

Астананың ұсынған интеграциялық бастамаларының бірі – G-Global атты ауқымды бастаманы ілгерілетуге байланысты. Бұл бастама БҰҰ шеңберінде, үкіметаралық қатынастардың қазіргі форматтары – G7 және G20-ға қосымша

ретінде, бүкіл адамзатты біріктіруге арналған балама арна ретінде ұсынылған. Бұл ұйым аясында Қазақстан теңізге шыға алмайтын елдердің саяси және экономикалық күн тәртібін алға тартуда алдыңғы қатарда келеді.

Бұл жөнінде Қазақстанның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі Мәдина Жарбусынова да 2002 жылғы 21 наурызда Монтеррейде (Мексика) өткен Даму қаржыландыруы жөніндегі халықаралық конференцияда атап өтті. Ол экономикалық тұрғыдан ең осал, әсіресе құрлыққа тұйықталған дамушы елдер үшін жаңа сауда жолдарын ілгерілету мен сыртқы қаржыландыруды қамтамасыз ету аса маңызды екенін, оның ішінде бұл мақсатқа АӨСШК механизмі де қызмет ете алатынын айтты.

Қазақстан халықаралық аренада өзін бейбітшіліксүйгіш және жауапты мемлекет ретінде танытуға кірісті. Ең алдымен, елдің ядролық қару-жарақ мұрасы мәселесі шешілді. Кеңес Одағынан мұра болып қалған әлемдегі төртінші ең үлкен ядролық арсенал Қазақстан үшін де, жаһандық тұрақтылық үшін де үлкен сынақ еді. Алайда Қазақстан батыл шешім қабылдап, ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. 1992 жылы Лиссабон хаттамасына қол қойып, Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу арқылы Қазақстан ядролық державалар мәртебесінен ресми түрде бас тартты [158].

1994 жылдың желтоқсанында Будапештте Қазақстанның тәуелсіздігі мен шекарасының тұтастығына қауіпсіздік кепілдіктері берілді. АҚШ, Ресей және Ұлыбритания қол қойған бұл Меморандум Қазақстанның өз ядролық арсеналынан бас тартуына жауап ретінде жасалған маңызды келісім болды [159].

Бұл кезеңде Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатты институционалдық тұрғыда күшейтіп, өңірлік және жаһандық бастамаларды белсенді ілгерілетті. 1996 жылы Қазақстан Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстанмен бірге Шанхай бестігі келісімдеріне қол қойып, шекара қауіпсіздігі және әскери сенім шаралары бойынша ынтымақтастықты бастады. Кейін 2001 жылы бұл ынтымақтастық Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) ретінде ресми ұйымға айналды.

Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ҰҚШҰ) қосылып, аймақтық қауіпсіздік стратегиясын нығайтуға қатысты белсенді қадамдар жасады. Сонымен қатар, ТМД елдерімен әскери, экономикалық және саяси ынтымақтастықты дамытып, бұл ұйымның бірқатар маңызды шешімдеріне қолдау көрсетті.

Бұл онжылдықта Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты кемелденіп, елдің экономикалық әлеуеті артқан сайын сыртқы саясатта экономикалық мүдделерді алдыңғы қатарға қою үрдісі байқалды. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Астана саммитін өткізді. 2011 жылы Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) төрағалық етті [19]. Қазақстан 2010 жылы Ресей, Беларусь елдерімен Кеден одағын құрды, бұл 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құрылуына негіз болды. Сонымен қатар, Қазақстан Еуропалық Одақпен кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. 2016 жылдан бастап әлемдегі геосаяси жағдайдың күрделенуі Қазақстанның көпвекторлы саясатын жаңа сынақтармен бетпе-бет қойды. Қазақстан осы кезеңде көпвекторлы басымдықтарын жалғастырып, халықаралық деңгейде бейбітшіл бастамаларымен танылды. 2017-2018 жылдары

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды [160].

Қазақстанның Орталық Азиядағы өңірлік көшбасшы ретіндегі рөлі де арта түсті. 2018 жылдан бері Орталық Азия елдері басшыларының тұрақты консультативтік жұмыс кездесулері ұйымдастырылып келеді. Қазақстан бұл үдеріске бастамашы болып, оны өзінің ұлттық мүдделерінің және көпвекторлы саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастыратынын көрсетті. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты алдағы жылдары да елдің экономикалық дамуы мен халықаралық беделін нығайтуға бағытталады [28]. Қазақстан сыртқы саясаттағы бейтараптық пен көпвекторлы ұстанымын сақтай отырып, ірі державалармен әріптестікті дамытуға және жаңа геосаяси жағдайларға бейімделуге ұмтылуда. Қазақстанның болашақ сыртқы саясаттағы негізгі бағыттарының бірі – Орталық Азиядағы экономикалық және қауіпсіздік интеграциясын дамыту болып табылады [161]. Бұл елдің аймақтағы көшбасшылығын нығайтуға, жаңа инвестициялар тартуға және халықаралық аренадағы орнын бекемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан климаттық өзгерістер мен жасыл экономика мәселелерін шешуде жаһандық деңгейде белсенді рөл атқарады. Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлттық мүдделерді қорғаудың тиімді құралы болды. Бұл саясат Қазақстанға ірі державалармен теңгерімді әріптестік орнатып, өңірлік тұрақтылық пен экономикалық дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Көпвекторлы саясаттың арқасында Қазақстан халықаралық ұйымдарда белсенді рөл атқарып, әлемдік дипломатияның ажырамас бөлігіне айналды. Алдағы уақытта да Қазақстан осы бағытын жалғастыра отырып, халықаралық қауымдастықтағы орнын нығайтуға ұмтылмақ.

Н.Назарбаев 1990-жылдардың бірінші жартысындағы сыртқы саяси стратегияны қалыптастырудың бастапқы кезеңінде Қазақстанның географиялық, мәдени, тарихи және өркениеттік тұрғыдан Еуропа мен Азияға тиесілі екенін көрсететін «Еуразиялық көпір» тұжырымдамасын ұсынды. Кейінірек, 1990-жылдардың екінші жартысында бұл тұжырымдама «көпвекторлы саясат» доктринасына айналды. Бұл доктрина Қазақстан үшін маңызды барлық бағыттарда – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Орталық Азия, Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия, мұсылман әлемі, Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерімен – белсенді сыртқы саясат жүргізуді көздеді.

Сыртқы саясатты жүзеге асыру барысында Қазақстан әр кезеңде әртүрлі басымдықтар мен мақсаттарға ие болды. Мысалы, 1992 жылдан 1995 жылға дейін Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары, Ресей және жалпы Батыспен қарым-қатынаста ядролық мәселелер ерекше орын алды.

Қазақстанның ТМД-ға қатысуы оның сыртқы саясатында және егемен мемлекет ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарды, әсіресе 1990-жылдардың бірінші жартысында. Кейін бұл көпжақты ынтымақтастықты екіжақты форматтағы қатынастар алмастырды. Алайда, Қазақстан ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің белсенді жақтаушысы болып қала берді, ал бұл бағыттағы ең жоғары жетістік – 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы болды.

1995 жылғы Тұжырымдамада Қазақстанның сыртқы саяси ынтымақтастығы аясында Батыстың басымдылығы жарияланғанын атап өткен жөн, бұның себебі 1994 жылы 27 мамырда Қазақстанның НАТО-мен диалог пен әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылуы [130].

Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы негізінде құрылғанын атап өту маңызды. 2014-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамада даму стратегиясын нәтижелі жүзеге асыру үшін оң сыртқы жағдайлар жасау, көпэтносты қоғамдастықты нығайту, халықтың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ету, азаматтық құқықтардың кепілдіктерін қамтамасыз ету, азаматтық құқықтардың кепілі болып табылатын, құқықтық және демократиялық мемлекет құруға ерекше көңіл бөлінген. Егер бұрын негізінен мемлекет мүддесін қорғауға баса мән берілсе, бүгінгі таңда салмақ орталығы дамудың демократиялық жолын таңдаған мемлекет үшін өте маңызды және қажетті қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға дәйекті түрде ауысуда [133].

Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ҰҚШҰ) қосылып, аймақтық қауіпсіздік стратегиясын нығайтуға қатысты белсенді қадамдар жасады [16]. ТМД елдерімен әскери, экономикалық және саяси ынтымақтастықты дамытып, бұл ұйымның бірқатар маңызды шешімдеріне қолдау көрсетті [17]. Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуде Қазақстанның көпвекторлы саясаты маңызды рөл атқарды, өйткені ол тек әскери ынтымақтастыққа ғана емес, экономикалық және гуманитарлық әріптестікке де басымдық берді [18].

Алғашқы онжылдықта Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты кемелденіп, елдің экономикалық әлеуеті артқан сайын сыртқы саясатта экономикалық мүдделерді алдыңғы қатарға қою үрдісі байқалды. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, Астана саммитін өткізді. 2011 жылы Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) төрағалық етті [21]. Бұл кезеңде Қазақстан халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатты, соның ішінде Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры және Азия даму банкімен серіктестік орнату маңызды орын алды.

Қазақстан 2010 жылы Ресей, Беларусь елдерімен Кеден одағын құрды, бұл 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құрылуына негіз болды. Сонымен қатар, Қазақстан Еуропалық Одақпен кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлттық мүдделерді қорғаудың тиімді құралы болды. Бұл саясат Қазақстанға ірі державалармен теңгерімді әріптестік орнатып, өңірлік тұрақтылық пен экономикалық дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Көпвекторлы саясаттың арқасында Қазақстан халықаралық ұйымдарда белсенді рөл атқарып, әлемдік дипломатияның ажырамас бөлігіне айналды [33]. Алдағы уақытта да Қазақстан осы бағытын жалғастыра отырып, халықаралық қауымдастықтағы орнын нығайтуға ұмтылмақ

Әрине, бұл ретте атап өтетін басты жайт ол сөзсіз еліміздің осы ұйымға 2010 жылы төраға болуы еді. Посткеңестік елдердің ішінен алғашқы болып, сенім, дәстүр, ашықтық пен толеранттылық ұғымын ұран еткен Астана саммиті аталған жылдың 1-2 желтоқсанында өтті. Нәтижесінде аймақтық және әлемдік қауіпсіздік, адам құқықтарын қорғау сияқты маңызды бастамалар көтеріліп, нақты шешімдер қабылданды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған сенімді жүйе құру жолында елеулі күш-жігер жұмсап келуде. Елдің қауіпсіздік жүйесі тарихи және геосаяси ерекшеліктеріне негізделіп қалыптасты. Қазақстан басшылығы көрші мемлекеттердің мүдделерімен үйлесетін, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға және аймақтық әрі жаһандық әріптестермен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға бағытталған сыртқы саясатты қалыптастыруға ұмтылып келуде.

Қазақстанның қауіпсіздік доктринасы көпвекторлы сыртқы саяси, экономикалық даму және қорғаныс қабілеттілігі сияқты құрамдас бөліктерді қамтиды. Бұл элементтер елдің ұлттық қауіпсіздік стратегиясының өзегін құрайды.

Ресей мен Украина арасындағы ұзаққа созылған қақтығыс, сондай-ақ Ауғанстандағы күрделі жағдай Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік кеңістігіне ықпал ететін көптеген факторлардың негізін құрайды. Мұндай сыртқы жағдайлар Қазақстан үкіметі мен шешім қабылдаушы тұлғалар үшін жаңа сын-қатерлер мен ескерілуі тиіс жайттар жүйесін қалыптастырды. Бұдан бөлек, экономикалық тұрақсыздық, су және энергетикалық ресурстарға қатысты мәселелер сияқты өңірлік және жаһандық сипаттағы түрлі проблемалар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы күрделене түскен міндеттер қатарын толықтыра түседі.

Қазақстанның геосаяси деңгейде халықаралық қатынастарға белсенді ықпал етіп, күш саясатын жүргізе алмайтыны айқын. Ресей немесе Қытай сияқты елдерден айырмашылығы, Қазақстан сыртқы саясат стратегиясында «геосаяси ықпал аймағы» секілді ұғымдарды енгізе алмайды және бұл салада күрделі желілер құра алмайды. Сондықтан Қазақстан жаһандық мәселелерде орта держава ретінде сипатталады. Осыған байланысты, елдің сыртқы саясаты прагматикалық сипатта болуы тиіс және ішкі, экономикалық және қауіпсіздік саясатындағы мәселелерді шешуге және соларға үлес қосуға бағытталуы қажет.

2.3 Халықаралық қатынастар жүйесіндегі көпвекторлық дипломатияның қазақстандық моделі

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты – тәуелсіздік алған сәттен бастап елдің халықаралық аренадағы ұстанымын айқындаған стратегиялық бағыт. Бұл саясаттың мәні – жаһандық державадардың ешқайсысына біржақты тәуелді болмай, түрлі мемлекеттермен және ұйымдармен өзара тиімді қарым-қатынас орнату. Осындай теңгерімді дипломатияны табысты жүзеге асыруда ең әуелі жақын қоршаған орта – Орталық Азия өңірінің тұрақтылығы мен қолдауы шешуші рөл атқарады. Расында, Қазақстанның ресми сыртқы саясат тұжырымдамасында да Орталық Азияда көшбасшылық орнын нығайту басты мақсаттардың бірі ретінде айқындалған.

1990-жылдардың бірінші жартысында әлемдік тәртіптің жаңа жобасы қалыптасты, онда Америка Құрама Штаттары өзін жалғыз үстем держава ретінде көрді. Ол соңғы супер державалардың бірі ретінде 2000-жылдардың соңына дейін үстемдігін сақтап, өзінің әскери-саяси ықпалын күшейтуді және халықаралық процестерге бақылау орнатуды мақсат етті. АҚШ-тың жаңа саяси бағыты Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болған тәуелсіз мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатына ықпал етудің жаңа тетіктерін қалыптастыруға бағытталды. Бұл жаңа аймақ «Америкалық өмір салтын» тарату алаңы ретінде қарастырылды, және ол арқылы жаһандық бақылау мен ықпал құралдарын күшейтуге болатын еді.

Экология және климат өлшеміндегі көпвекторлы саясат Қазақстанға табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау ісінде халықаралық қолдау табуға мүмкіндік берді. Ел бір жағынан дамыған мемлекеттердің озық тәжірибесі мен қаржысын тарта отырып, екінші жағынан дамушы көршілерімен ортақ экологиялық проблемаларды шешуде бастамашы болуда. Су дипломатиясы, трансшекаралық экологиялық келісімдер, климат жөніндегі серіктестіктер – бұлардың барлығы Қазақстанның тұрақтылық пен қауіпсіздікті тек әскери-саяси тұрғыда ғана емес, сонымен бірге экологиялық тұрғыда да қамтамасыз етуге күш салып жатқанын көрсетеді. Бұл – кең мағынадағы қауіпсіздік түсінігіне сай келетін кешенді көзқарас. Көпвекторлы сыртқы саясат аясында экология және климат мәселелерін алға тарту Қазақстанның жаһандық жауапкершілікке ашық, прогрессивті мемлекет ретіндегі бейнесін қалыптастырады.. Сыртқы саясаттағы икемділік пен тепе-теңдік ұстанымы Қазақстанға ірі державалар арасындағы қайшылықтардан бойын аулақ ұстап, барлық тараппен өзара тиімді қатынас орнатуға жол ашты.

Экономикалық прагматизм қағидаты арқылы Қазақстан әртүрлі инвесторлар мен әріптестердің ресурстарын пайдаланып, ұлттық дамуды ілгерілетті. Қауіпсіздік саласында сан қырлы ынтымақтастық орнатып, өз қауіпсіздігін көпдеңгейлі механизмдермен нығайтты. Дипломатиялық аренада белсенді көпжақты бастамалары арқылы жаһандық бейбітшілікке өз үлесін қосып, бедел жинады. Экологиялық бағытта да халықаралық жауапкершілік танытып, тұрақты даму мүдделерін көздеуде. Әрине, көпвекторлы саясат жолында жаңа сын-қатерлер мен тепе-теңдікті сақтау қиындықтары пайда болып отырады, бірақ Қазақстан оған бейімделу қабілеті бар екенін көрсетті. Қазіргі әлемдегі геосаяси турбуленттілік жағдайында Қазақстанның көпвекторлы, прагматикалық сыртқы саясаты – еліміздің егемендігі мен ұлттық мүддесін қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде қала бермек.

Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстың терең тарихи тамырлары бар. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін екі ел тығыз экономикалық және саяси байланыстарын сақтап қалды. Ресей – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі және стратегиялық әріптесі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Ресеймен әріптестікті нығайтып, оның экономикалық, мәдени және саяси қолдауына сүйенді. Бұл қадам елдің халықаралық аренада өз орнын табуына және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ресей Қазақстанның ең ірі сауда серіктестерінің бірі болып табылады. 2022 жылғы деректер бойынша, екі ел арасындағы сауда айналымы 24 миллиард АҚШ долларына жетті. Ресейлік бағыт Қазақстанның энергетикалық секторында ерекше маңызға ие, себебі елдің мұнай мен газ экспортының бір бөлігі ресейлік құбыр жүйесі арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, екі ел өнеркәсіп, көлік, ауыл шаруашылығы және жоғары технологиялар саласында ынтымақтастықты дамытуда [178].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған негізгі платформа. Бұл ұйым екі елге еркін сауда, капитал қозғалысы және еңбек күшін интеграциялау мүмкіндігін береді. Қазақстан үшін ЕАЭО аясындағы ынтымақтастық оның экономикасын әртараптандыруға және экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Қазақстан мен Ресей аймақтық қауіпсіздікті нығайтуда бірлескен күш-жігер жұмсайды. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) – бұл ынтымақтастықтың негізгі механизмі. Қазақстан ҰҚШҰ-ға мүше бола отырып, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосады. Ресеймен әскери және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, екі ел терроризмге, экстремизмге және трансшекаралық қылмысқа қарсы күрес бойынша бірлескен іс-шараларды жүзеге асырады. Бұл ынтымақтастық Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы беделін арттырып, оның жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету қабілетін күшейтеді. Ресей мен Қазақстан арасындағы саяси қарым-қатынастар сенімді әріптестікке негізделген. Мемлекет басшыларының тұрақты кездесулері және жоғары деңгейдегі диалог екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Ресеймен гуманитарлық және мәдени байланыстарды дамытып келеді. Елде ресейлік білім беру стандарттары енгізілген мектептер мен жоғары

оқу орындары жұмыс істейді, бұл екі елдің мәдени байланыстарын нығайтады [179].

Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы оның жаһандық және аймақтық өзгерістерге бейімделу қабілетін көрсетеді. Ресей Қазақстан үшін маңызды экономикалық және саяси серіктес болғанымен, ел өзінің сыртқы саясатында тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Қазақстан Ресеймен қарым-қатынасты нығайта отырып, Қытай, АҚШ және Еуропалық Одақ сияқты басқа да ірі державалармен серіктестікті дамытуда.

Қазақстанның көпвекторлы саясаты аясында Ресейлік бағыт елдің халықаралық аренадағы орны мен рөлін айқындайтын маңызды элемент болып табылады. Бұл бағыттың тарихи тамырлары терең, ал экономикалық, саяси және мәдени байланыстар Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауға және халықаралық қатынастарда тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, Ресеймен қарым-қатынастағы икемділік Қазақстанның аймақтық және жаһандық өзгерістерге бейімделу қабілетін көрсетеді.

Жоғарыда аталған барлық фактілер Қазақстанның АҚШ пен Еуропалық Одаққа, сондай-ақ Ресейге экономикалық тәуелділігін көрсетеді. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты елдің геосаяси орналасуы мен экономикалық мүдделеріне сәйкес келетін прагматикалық бағыт болып табылады. Бұл саясат Қазақстанға жаһандық және өңірлік деңгейде тұрақты серіктестік орнатуға, түрлі мемлекеттермен теңгерімді қарым-қатынастарды сақтауға мүмкіндік берді. Ресей, Қытай, АҚШ және Еуропалық Одақ сияқты ірі акторлармен әріптестікті дамыту Қазақстанның сыртқы саясатының басты басымдықтарының бірі ретінде қалыптасты. Мұндай тәсіл елдің экономикалық даму мүмкіндіктерін кеңейтіп, инвестиция тарту, технологиялық даму және сауда байланыстарын нығайтуға септігінің тигізді.

3.2 Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының жүзеге асуында Азия аймағының рөлі.

Қазірде Қазақстан Республикасы өзінің ерекше орнымен және көпвекторлық сыртқы саясат стратегиясымен танымал. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан әлемнің ірі державаларымен, аймақтық орталықтарымен және халықаралық ұйымдармен тең құқылы және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылып келеді. Бұл стратегияның маңызды бағыттарының бірі - Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас, ол "Қытай векторы" деген атауға ие болды. Қазақстанның геосаяси жағдайы, экономикалық мүдделері және ішкі тұрақтылықты сақтау қажеттілігі көпвекторлы дипломатияны елдің сыртқы саясатының негізгі құралына айналдырды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты көпвекторлылықпен, бейбітшілікпен, тепе-теңдікпен және прагматизммен ерекшеленді. Прагматикалық көпвекторлы саясат Қазақстанға жаһандық қоғамдастыққа интеграциялануға, ұлттық мүдделерін барынша тиімді ілгерілетуге және ішкі даму мәселелеріне, оның ішінде экономикалық мәселелерді шешу үшін тамаша сыртқы жағдайлар жасауға мүмкіндік берді: Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша Орталық Азиядағы сөзсіз көшбасшы. Қазақстан үшін, әсіресе, Мәскеу, Бейжің және Вашингтон арасындағы қарым-қатынаста теңгерімді саясат жүргізу, аймақтық және

жаһандық оқиғаларда белсенді бейтарап сыртқы саясат стратегиясын қабылдау – сыртқы саясатының негізгі бағытына айналды. Бұл теңгерімді саясат оның аймақтық және халықаралық аренадағы геосаяси ұстанымын да нығайтты. Осы тұрғыдан алғанда, сыртқы саясаттың түйінді тұстарын ескеретін болсақ, түркі әлемінде де, әлемдік саясатта да қарқынын арттыруда айтарлықтай жетістіктерге жеткенін айта кеткен жөн. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен Орталық Азия елдері арасынан бірінші болып табылатыны да назар аударарлық. Екінші жағынан, Азиядағы ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі Астана конференциясы және ШЫҰ сияқты маңызды халықаралық платформаларда болуы оның геостратегиялық ұстанымдарын нығайтып келуде.

Оксфорд университетінің зерттеушісі, Хэлфорд Джон Маккиндер 1904 жылы Geographical Journal-да жарияланған мақаласында «Әлемдік арал» деп аталатын жерді - Сібірден қазіргі Украинаға дейінгі аумақты өз бақылауына ала алатын болса, басты әлемдік державаға айналады және басқа елдерге үстемдік етеді деп қорытындылаған еді. Британдық географ бұл аймақты «Пивоттық аймақ», «Ядро», «Жүрек жері» немесе «Континентальдық ядро» деп атайды. . Маккиндер атап өткен, «Heartland» ұғымы аясында Орталық Азия мен Шығыс Еуропаны меңзеген.. Бұл тұрғыда солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын көпір болып табылатын Қазақстан географиялық орналасуы мен бай табиғи ресурстарына байланысты Орталық Азияның «орталық» еліне айналды. Сондықтан, Қазақстанның көпвекторлы саясатының қалыптасуына құрылымдық сипатта алғышарт қалыптасты. Бұл тұрғыда, Азия континентіндегі елдермен байланысының мәні өте зор.

Қазақстан бастапқы кезеңнен-ақ өңірлік ынтымақтастықты қызу қолдаған мемлекет болды. Алайда ел екі түрлі өңірлік интеграция үлгісі арасындағы тұжырымдамалық (және нақты) қайшылыққа тап болды. Оның бірі — тәуелсіз мемлекеттер арасындағы тең құқылы негізде жүзеге асатын Орталық Азиядағы ынтымақтастық үлгісі болса, екіншісі — Ресейдің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан, үстем ұлттық құрылымдар құруды көздейтін еуразиялық интеграция еді.

Еуразиялық экономикалық одақтың кейіннен құрылуы Қазақстан үшін елеулі қиындықтар туғызды. Путин мұндай одақ идеясының авторы ретінде Назарбаевты атап көрсеткенімен, олардың Еуразиялық ынтымақтастыққа қатысты көзқарастары түбегейлі айырмашылыққа ие екені бірден байқалды. Назарбаев егемен мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығына негізделген ұйымды көздесе, Путин бұл құрылымды Еуропалық Одақ пен Кеңес Одағының гибридіне ұқсас, Мәскеу басымдыққа ие болатын үстем құрылым ретінде елестетті.

Қазақстан үкіметінің ішінде Еуразиялық одаққа кірудің артықшылықтары мен қауіптері туралы қызу пікірталас жүрді, көптеген шенеуніктер бұл шешім елдің егемендігіне қауіп төндіреді деп санады. Алайда Назарбаев Қазақстанның басқа жолы жоқ деп шешіп, ұйымға қосылуға келісім берді.

Алайда көп ұзамай «сатып алғаннан кейінгі өкініш» сезімі пайда болды: Қазақстан Еуразиялық одаққа мүше ретінде өз нарығын ресейлік тауарларға ашуға мәжбүр болды, ал Ресей Қазақстан тауарларына солай жауап қатпайтыны анық болды. Бұл жағдай рубльдің девальвациясы нәтижесінде бағасы

төмендеген ресейлік тауарлардың Қазақстан нарығына көптеп енуіне әкеліп, отандық өндірушілерге залал тигізе бастады. Нәтижесінде Қазақстан сауда соғысын бастап, бұл келеңсіздікті шектеуге тырысты.

Сол себепті Қазақстан үшін Орталық Азиядағы ынтымақтастыққа қайта бет бұру мүмкіндігі туғанда, ол оны қуана қабылдады. Мұндай мүмкіндік Өзбекстанның ұзақ уақыт бойғы президенті Ислам Каримов 2016 жылы қайтыс болғанда туды. Оның орнына премьер-министр Шавкат Мирзиёев келіп, Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған белсенді бастамаларды дереу қолға алды және Ташкентті өңірлік ынтымақтастықтың көшбасшысына айналдырды.

Содан бері бүкіл Орталық Азияда жаңа өңірлік ынтымақтастық рухы қалыптасты – бес мемлекет арасында бұрын-соңды болмаған деңгейде кеңесу мен өзара әрекеттестік орнықты. Алайда бұл ынтымақтастықтың негізгі әлсіз тұсы – арнаулы институттардың болмауы, бұл, бәлкім, екі онжылдық бұрын ыдыраған Орталық Азиялық ынтымақтастық ұйымының (ОАЫҰ) тағдырына байланысты болар.

Орталық Азия мемлекеттері өзара байланыстарды нығайтуды көздеген тұста, басты сын-қатер – бұл байланыстарды өңір мемлекеттері үшін әлі де маңызды болып отырған Ресей мен Қытай сияқты державалармен қарым-қатынастардың ықпалынан оқшаулай алу қажеттігі болмақ.

Бастапқыда Қазақстан Орталық Азия мен Еуразиядағы өңірлік модельдердің арасында қайшылық жоқ деп есептеді, керісінше, оларды өзара толықтыратын үдерістер ретінде қарастырды. 1994 жылы Мәскеуде сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Назарбаев бұрынғы кеңестік мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың экономикалық артықшылықтарын сақтап қалатын Еуразиялық экономикалық одақ идеясын ұсынды. Алайда іс жүзінде Қазақстан Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықты ілгерілету бағытында әрекет етті. Сол жылы Қазақстан мен Өзбекстан бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөнінде келісімге келді, оған Қырғызстан да бірден қосылуға ниет білдірді. Бұл өз кезегінде кейіннен Орталық Азиялық экономикалық одақ (кейінірек Орталық Азиялық ынтымақтастық ұйымы – ОАЫҰ) болып қайта құрылған құрылымның пайда болуына алып келді. Назарбаев 1997 жылы АҚШ Президенті Билл Клинтонмен кездесуі барысында бұл ұйымның құрылуын ерекше атап өтіп, Қазақстанның оған ерекше мән беретінін көрсеткен.

Алайда кейінгі жылдары Орталық Азияның оңтүстігіндегі қауіпсіздік мәселелері өңірлік ынтымақтастықтың дамуына тосқауыл болды. Сонымен қатар Ресейдің Орталық Азиядағы ынтымақтастықтан гөрі кең ауқымды еуразиялық интеграцияны ілгерілетуге бағытталған күш-жігері, әсіресе 1999 жылы Владимир Путин билікке келгеннен кейін, бұл үдерістерді одан әрі күрделендірді. Қазақстан трансконтиненталды мемлекет ретінде, Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды бағытта орналасқанын атап өтуіміз қажет. Қазақстан аумағында 11 халықаралық транзиттік дәліздің белсенді жұмыс істеуі, елдің маңызды көлік транзиттік хабына айналғандығының дәлелі. Еуразия құрлығының ортасында орналасқан Қазақстан барлық геосаяси теориялар бойынша «жүрек аймақ» (heartland) ретінде анықталып, Ресейдің оңтүстік бағыттағы саясаты үшін маңызды географиялық аймақ саналса; Қытайдың «Бір

белдеу – бір жол» бастамасы аясында Батысқа шығу стратегиясында негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда соңғы 25 жылда жыл сайын 14,9%-ға өсіп отырғанын ескерсек, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы Қазақстан экономикасына 25 миллиард доллардан астам кіріс әкеледі деп болжамдай аламыз. Бұл бастама аясында, тауар тасымал уақыты мен шығындарын қысқартуда, Қазақстан маңызды артықшылыққа ие. Қазақстанның транзиттік маршрут ретіндегі рөлі Орталық Азия елдеріне Мәскеу және Бейжіңмен қатынастарын орнатуға мүмкіндік қалыптастыруда. Нәтижесінде, Қазақстан Ресей мен ҚХР байланысында маңызды саяси қатысушыға айналды.

Оңтүстік Азиядан Өзбекстан арқылы тартылып отырған "Мазари-Шариф–Кабул–Пешавар" теміржол желісі Астананың географиялық тұрғыдан маңыздылығын одан әрі арттыра түседі. Каспий теңізіндегі Ақтау мен Құрық порттарының Әзербайжан, Грузия және Түркия бағытындағы маршрут арқылы Орталық Азияны Батыс әлемімен байланыстыратының артуы, Қазақстанның сыртқы саясатындағы азиялық бағыттың сәт сайын ерекше маңызға ие болып келе жатқандығының дәлелі. Қазақстанның геосаяси орналасуы - елді солтүстікпен оңтүстікті, шығыс пен батысты жалғайтын көпірге айналдырып, жкөпвекторлы сыртқы саясат Астанаға маңызды ойыншы ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саясатының азиялық бағытындағы өңірлік қауіпсіздікке байланысты мәселелердің бірі – Транскаспий дәлізі. Бұл дәліз Қытайдан (тіпті Оңтүстік Азиядан да) Еуропаға дейін созылатын жаңа әрі қуатты балама сауда жолы. Қазіргі жағдайда Бейжің үшін теңіз жолдары жеткілікті деңгейде қауіпсіз деп айту қиын. АҚШ-тың Тынық мұхитындағы ықпалының артуы, Тайвань төңірегіндегі мәселелер және Арктикадағы бәсекелестіктің күшеюі Қытайды анағұрлым қауіпсіз саналатын құрлық дәліздеріне бағыттауда. Қытайдың батысқа құрлық арқылы шығу стратегиясы Ауғанстан секілді тұрақсыз өңірлерге қатысты алаңдаушылық тудырудып отыр. Осы тұрғыда, Транскаспий дәлізі Бейжің үшін ең қауіпсіз маршрут ретінде қарастырылады.

Ресей мен Украина арасындағы дағдарыстан кейін жаһандық геосаяси жағдай жылдам өзгере бастады. Батыс әлемі Ресейдің агрессиясына санкциялар арқылы бірлесіп жауап бере отырып, Орталық Азия елдерімен, оның ішінде Қазақстанмен жоғары деңгейдегі кездесулер өткізу арқылы өңірдегі ықпалын күшейтіп жатыр. "ЕО–Орталық Азия" және "Германия–Орталық Азия" жоғары деңгейдегі саммиттерінің өткізілуі Қазақстанның геостратегиялық және геосаяси маңыздылығының артқанын көрсетеді. Батыстың Ресейге балама іздеу үдерісінде бұл елдің рөлі энергия ресурстары мен Ресейді айналып өтетін транзиттік бағыттар тұрғысынан маңызды. Батыс Орталық Азия аймағында белсенділік таныта бастаған сәтте, Қытай, Үндістан және Ресей тарапынан да Орталық Азиямен жоғары деңгейдегі кездесулер ұйымдастырылуда, бұл жағдай өңірде бәсекелестік орта қалыптастырып, векторлар арасындағы өзара баланс қалыптыруға алғышарт қалыптастырды.

Көпвекторлық дипломатия халықаралық қатынастардағы маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Екіжақты дипломатия екі мемлекет арасындағы ресми қарым-қатынастарды білдірсе, көпжақты дипломатия бірнеше

мемлекеттің қатысуымен жүзеге асырылады . Көпвекторлық дипломатия ұғымы бұдан да кең мағынаны қамтиды. Ол мемлекеттің бірнеше ірі державалармен немесе халықаралық қатынастардың маңызды орталықтарымен бір мезгілде тең құқылы және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған сыртқы саясат стратегиясын білдіреді . Бұл стратегия мемлекеттің геосаяси тәуелділіктен қашуға және бірнеше күш орталықтары арасында өз ұлттық мүдделерін көздей отырып маневр жасауға мүмкіндік береді . Көпвекторлық дипломатия тек қана екі немесе одан да көп мемлекетпен қарым-қатынас орнату емес, сонымен қатар осы қарым-қатынастарды теңестіру және әрбір серіктестіктен ұлттық мүдделерді барынша тиімді пайдалану болып табылады.

Әртүрлі зерттеушілер мен мектептер көпвекторлық дипломатияға әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы, кейбір сарапшылар көпвекторлық саясатты прагматикалық және теңдестірілген қарым-қатынастар құруға бағытталған дипломатиялық стратегия ретінде қарастырады . Бұл саясат идеологиялық емес, ұлттық мүдделерге негізделеді . Көпполярлы әлемде көпвекторлық дипломатия бейімделу стратегиясы ретінде қарастырылады . Ол "хеджирлеу" саясатымен ұқсастықтарға ие, себебі екі стратегия да тәуекелдерді азайтуға және пайданы көбейтуге бағытталған . Дегенмен, көпвекторлық дипломатия бейтараптық пен қатыспаудан өзгешеленеді, өйткені ол бірнеше державамен белсенді қарым-қатынасты көздейді . Көпвекторлық дипломатияның негізгі мақсаты - мемлекеттің халықаралық аренадағы дербестігін сақтау және әртүрлі күш орталықтарымен тиімді қарым-қатынас орнату арқылы ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету. Бұл тек қана сыртқы қауіптерден қорғану емес, сонымен қатар экономикалық және саяси пайда табуға бағытталған белсенді стратегия.

Қазақстан мен Қытай арасындағы тарихи байланыстар терең тамырларға ие. Ежелгі дәуірден бастап Ұлы Жібек жолы арқылы екі ел арасында сауда-экономикалық және мәдени алмасулар жүргізіліп келді . Қазақ хандығы мен Қытай империялары арасында да әртүрлі кезеңдерде қарым-қатынастар орнаған . XX ғасырда Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болған кезде де Қытаймен белгілі бір байланыстар сақталды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара мәселелері бейбіт жолмен шешілді, бұл қазіргі қатынастардың берік негізін қалады . Қазақстан мен Қытай арасындағы тарихи байланыстар Ұлы Жібек жолы дәуірінен бастау алады және ғасырлар бойы сауда-экономикалық және мәдени алмасулармен сипатталады. Шекара мәселесінің бейбіт жолмен шешілуі қазіргі қатынастардың берік негізін қалады [223].

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар саяси сенімнің жоғары деңгейімен және өзара қолдаумен сипатталады . Екі ел "мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік" деңгейіне жетті . Жоғары деңгейдегі тұрақты сапарлар мен кездесулер өткізіліп тұрады . Қазақстан мен Қытай халықаралық ұйымдар шеңберінде де тығыз ынтымақтастықта . Экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамуда, Қытай Қазақстанның басты сауда серіктесіне айналды . Мәдени-гуманитарлық алмасулар да кеңейіп, білім, мәдениет орталықтары және туризм салаларында ынтымақтастық дамып келеді . Қазақстан Қытайдың ішкі мәселелеріне қатысты өзінің ұстанымын білдіріп келеді, мысалы, Тайвань және Синьцзян мәселелері бойынша Қытайды қолдайды . Қазіргі

уақытта Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар саяси сенімнің жоғары деңгейімен, экономикалық ынтымақтастықтың қарқынды дамуымен және "мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік" мәртебесімен сипатталады. Қытай Қазақстанның басты сауда серіктесіне айналды, бұл екі ел арасындағы өзара тәуелділіктің артқанын көрсетеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың даму перспективалары өте зор. Екі ел де сауда айналымын одан әрі ұлғайтуға және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделі. "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясындағы ынтымақтастықты жалғастыру, инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру (көлік дәліздері, құбырлар), энергетикалық ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын іздеу (жаңартылатын энергия көздері, атом энергетикасы), жоғары технологиялар, цифрлық экономика және жаңа индустриялар саласындағы ынтымақтастық, мәдениетаралық диалогты және гуманитарлық байланыстарды нығайту - бұл бағыттардың барлығы екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға ықпал етеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың даму перспективалары өте зор. Екі ел де сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі тереңдетуге, "Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясындағы ынтымақтастықты жалғастыруға және жаңа технологиялар мен индустриялар саласындағы өзара іс-қимылды кеңейтуге мүдделі. Біріншіден, Қазақстан мен Қытай географиялық жақын орналасқан және ұзақ ортақ шекараға ие. Екіншіден, екі ел арасында экономикалық өзара тәуелділік артып келеді, Қытай Қазақстанның басты сауда серіктесіне айналды. Үшіншіден, Қазақстан мен Қытай өңірлік қауіпсіздікке қатысты ортақ мүдделерге ие. Көпвекторлық дипломатияның бір бөлігі ретінде Қазақстан Қытаймен теңдестірілген және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Бұл ретте Қазақстан Ресей және Батыс елдерімен қарым-қатынастарын да ескеруі тиіс. "Қытай векторы" Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясының ажырамас бөлігі болып табылады және Қытаймен тең құқылы, өзара тиімді және прагматикалық қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Бұл вектор Қазақстанның өңірлік және жаһандық саясаттағы дербестігін сақтауға және ұлттық мүдделерін ілгерілетуге көмектеседі. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты елдің халықаралық аренадағы орны мен мүдделерін қорғау үшін прагматикалық және теңгерімді тәсілдерді қолдануды көздейді. Осы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – Қытаймен ынтымақтастықты дамыту. Геосаяси орналасуы, экономикалық әлеуеті және саяси тұрақтылығы Қазақстанның Қытаймен көпвекторлы дипломатия аясында стратегиялық серіктестік орнатуын негіздеді.

Қытай – Қазақстанның ең ірі көршілерінің бірі және әлемдік саяси-экономикалық жүйедегі жетекші ойыншы. Екі елді Еуразияның орталығындағы географиялық жақындық пен тарихи байланыстар біріктіреді. Қытай мен Қазақстан арасындағы 1700 шақырымдық ортақ шекара және екі елдің экономикалық өзара тәуелділігі Қытай векторының маңыздылығын арттырады. Қазақстан Қытаймен қарым-қатынасында диалог пен келіссөздерге басымдық береді. Екі ел өзара тиімді жобаларды ілгерілетуде және экономикалық ынтымақтастықты дамытуда. Қазақстан "Бір белдеу, бір жол" бастамасына белсенді қатысады және оны өз ұлттық даму бағдарламаларымен ұштастырады. Сыртқы саясатта Қазақстан Ресеймен және Батыспен қарым-қатынастарды

ескере отырып, теңдестірілген саясат жүргізеді . Қытайдың жұмсақ күшін пайдалануға байланысты қоғамдық пікірді ескеру және ұлттық мүдделерді қорғау да Қазақстан үшін маңызды . Қазақстан көпжақты платформаларды, әсіресе Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ), Қытаймен ынтымақтастықты дамыту үшін пайдаланады . Қазақстан Қытаймен қарым-қатынасында диалог, өзара тиімділік және теңдестірілген саясат принциптерін ұстанады. Ел "Бір белдеу, бір жол" бастамасына белсенді қатысады, бірақ сонымен бірге қоғамдық пікірді ескереді және Ресей мен Батыспен қарым-қатынастағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың негізгі салалары
Энергетика

Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың негізгі салаларының бірі энергетика болып табылады . Қазақстан өзінің бай энергоресурстарын, әсіресе мұнай мен газды Қытайға экспорттайды . Қытай Қазақстанның энергетика секторына елеулі инвестициялар құйды . Екі ел бірлесіп мұнай және газ құбырларын салып, пайдалануда . Соңғы жылдары жаңартылатын энергия көздері және атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық та дамып келеді .

Инфрақұрылым: Инфрақұрылым саласы да Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып табылады . Қытайдың "Бір белдеу, бір жол" бастамасы Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобалардың дамуына үлкен серпін берді . Транскаспий халықаралық көлік бағыты және Қытай-Еуропа жүк пойыздары сияқты жобалар аймақтық байланысты нығайтуға ықпал етуде [204] .

Сауда және инвестициялар: Сауда және инвестициялар Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады . Қытай Қазақстан экономикасына ең ірі инвесторлардың бірі болып табылады . Екі ел арасындағы тауар айналымы жыл сайын өсіп келеді . Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық та дамып келеді .

Қауіпсіздік: Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады . Екі ел терроризмге қарсы күрес, шекара қауіпсіздігі және әскери ынтымақтастық мәселелерінде өзара іс-қимыл жасайды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы ынтымақтастық бұл бағытта маңызды рөл атқарады .

Мәдени және гуманитарлық байланыстар: Мәдени және гуманитарлық байланыстар Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді . Білім беру, ғылым, мәдениет алмасу және туризм салаларында ынтымақтастық дамып келеді . Екі елде мәдени орталықтар мен "Лу Бань" шеберханалары ашылған . Туризмді дамытуға да үлкен көңіл бөлінуде .

Трансшекаралық су ресурстарын басқару: Трансшекаралық су ресурстарын басқару Қазақстан мен Қытай арасындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады . Іле және Ертіс өзендерінің бассейндерін пайдалануға байланысты суды бөлу және бірлесіп пайдалану, экологиялық қауіпсіздік және су сапасы мәселелері әлі де талқылауды қажет етеді . Болашақта бұл саладағы ынтымақтастықтың перспективалары зор .

Қазақстанның "Қытай векторы" елдің Орталық Азиядағы геосаяси тепе-теңдікті сақтаудағы маңызды рөлін көрсетеді . Қазақстан Ресей мен Қытайдың

ықпалын теңестіруде маңызды рөл атқарады, бұл аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі. "Қытай векторы" Қазақстанның Орталық Азиядағы басқа елдермен қарым-қатынастарына да әсер етеді, өңірлік ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. "Бір белдеу, бір жол" бастамасының өңірлік дамуға қосқан үлесі де зор. "Қытай векторы" Қазақстанның жаһандық саясаттағы позициясына да әсер етеді. Көпполярлы әлемде Қазақстан Шығыс пен Батыс арасындағы көпір ретінде маңызды рөл атқарады. Ел ШЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдарда белсенді рөл ойнайды. Қазақстан "орта держава" ретінде өзінің ықпалын арттыруға ұмтылуда. Қазақстанның "Қытай векторы" елдің халықаралық аренадағы дербестігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұл вектор өңірлік тұрақтылық пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар, "Қытай векторы" әлемдік саясаттағы Қазақстанның ықпалын арттыруға үлес қосады. Қазақстанның "Қытай векторы" елдің Орталық Азиядағы геосаяси тепе-теңдікті сақтаудағы және өңірлік ынтымақтастықты дамытудағы маңызды рөлін көрсетеді. Бұл вектор Қазақстанның жаһандық саясаттағы позициясын нығайтуға және оны Шығыс пен Батыс арасындағы сенімді серіктес ретінде танытуға мүмкіндік береді.

Ықтимал тәуекелдер: Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасында бірқатар ықтимал тәуекелдер бар. Олардың бірі - Қытайға экономикалық тәуелділіктің артуы. Қытайдың саяси ықпалының күшеюіне қатысты алаңдаушылық та бар. Қоғамдық наразылықтың өсуі (жер мәселесі, жұмыс күші, экология) және трансшекаралық су ресурстарын пайдалануға байланысты шиеленістердің туындауы да мүмкін. Сонымен қатар, Қытаймен тым жақын қарым-қатынас Батыс елдерімен қарым-қатынастардың нашарлау қаупін тудыруы мүмкін.

Ықтимал мүмкіндіктер: Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасында көптеген ықтимал мүмкіндіктер де бар. Олардың ішінде экономикалық өсу және инвестициялар тарту, инфрақұрылымдық жобаларды дамыту және транзиттік әлеуетті арттыру, сауда байланыстарын кеңейту және жаңа нарықтарға шығу, өңірлік ынтымақтастықты нығайту, жаңа технологиялар мен тәжірибе алмасу бар.

Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және Қытаймен тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін стратегиялық қадамдар

Қазақстан ұлттық мүдделерін қорғау және Қытаймен тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін бірқатар стратегиялық қадамдар жасауы керек. Біріншіден, экономиканы әртараптандыру және Қытайға тәуелділікті азайту қажет. Екіншіден, Батыс елдерімен және басқа өңірлік державалармен қарым-қатынастарды нығайту маңызды. Үшіншіден, Қытаймен қарым-қатынаста ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету керек. Төртіншіден, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселесі бойынша Қытаймен конструктивті диалог жүргізу қажет. Бесіншіден, ұлттық мүдделерді халықаралық құқық нормаларына сәйкес қорғау керек. Алтыншыдан, ШЫҰ және басқа да көпжақты платформалардағы ынтымақтастықты пайдалану қажет. Қазақстан Қытаймен қарым-қатынасында айтарлықтай мүмкіндіктерге ие, бірақ экономикалық тәуелділік, саяси ықпал және қоғамдық наразылық сияқты ықтимал тәуекелдерді де ескеру қажет. Ұлттық мүдделерді қорғау үшін Қазақстан экономиканы

әртараптандыру, басқа серіктестермен қарым-қатынасты нығайту және Қытаймен диалогты ашық жүргізу сияқты стратегиялық қадамдар жасауы керек.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық энергетика, инфрақұрылым, сауда, инвестициялар, қауіпсіздік және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды. Әрбір салада айтарлықтай жетістіктер бар, бірақ трансшекаралық су ресурстарын басқару сияқты кейбір мәселелер әлі де талқылауды қажет етеді.

Кесте 8- Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасындағы ықтимал тәуекелдер мен мүмкіндіктер

№	Тәуекелдер	Сипаттамасы	Мүмкіндіктер	Сипаттамасы
1	Экономикалық тәуелділік	Қытайға экономикалық тәуелділіктің артуы	Экономикалық өсу	Инвестициялар тарту, сауда байланыстарын кеңейту
2	Саяси ықпал	Қытайдың саяси ықпалының күшеюіне қатысты алаңдаушылық	Инфрақұрылымды дамыту	"Бір белдеу, бір жол" бастамасы аясындағы жобалар
3	Қоғамдық наразылық	Жер мәселесі, жұмыс күші, экология бойынша наразылықтың өсуі	Транзиттік әлеуетті арттыру	Аймақтық хабқа айналу
4	Су ресурстары	Трансшекаралық су ресурстарын пайдалануға байланысты шиеленістер	Өңірлік ынтымақтастық	Орталық Азия елдерімен байланыстарды нығайту
5	Батыспен қарым-қатынас	Қытаймен тым жақын қарым-қатынас салдарынан Батыспен қарым-қатынастың нашарлау қаупі	Жаңа технологиялар	Технологиялар мен тәжірибе алмасу

Қытайдың экономикалық қуаты мен Қазақстанның табиғи ресурстарға бай болуы бұл серіктестікті екі жақ үшін де стратегиялық басымдыққа айналдырды. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық серіктестікті жаңа деңгейге шығарды. Бұл бастама Еуразияның

көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту арқылы Қытай мен Еуропа арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуды көздейді. Қазақстанның «Нұрлы жол» бағдарламасы Қытайдың бастамасымен тығыз үйлестіріліп, елдің транзиттік әлеуетін арттыруға ықпал етті [197].

Қытай Қазақстанның ірі инвесторларының бірі болып табылады. 2022 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 20 миллиард АҚШ долларынан асты, ал Қазақстандағы Қытай инвестициялары инфрақұрылым, энергетика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларын қамтыды. Бұл ынтымақтастық Қазақстан экономикасын әртараптандыруға және халықаралық энергетикалық нарықтарда өз орнын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды серіктесі болып табылады. Екі ел арасындағы мұнай және газ құбырлары Қытайға тұрақты энергоресурстар жеткізіп, Қазақстанның энергия тасымалдаушысы ретіндегі рөлін күшейтті. Сонымен қатар, Қытай Қазақстандағы уран өндіру саласына инвестиция салу арқылы өз ядролық энергетикасын қолдау үшін ресурстарды тиімді пайдаланады. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) аясында қауіпсіздік және аймақтық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған. ШЫҰ шеңберінде екі ел терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресте өзара іс-қимыл жасап келеді. Бұл ынтымақтастық аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени гуманитарлық ынтымақтастық та қарқынды дамуда. Екі ел арасындағы білім беру, ғылым және мәдениет салаларындағы алмасулар халықтар арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді. Қазақстанда Конфуций институттарының ашылуы және Қытай студенттерінің қазақстандық жоғары оқу орындарында оқуы осы байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік берді. Қытай векторы Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатында маңызды орын алады. Географиялық жақындық, экономикалық және саяси серіктестік екі елдің мүдделерін үйлестіруге мүмкіндік береді. Қытаймен қарым-қатынас Қазақстанның халықаралық аренада тұрақтылығын сақтауға, экономикалық әртараптандыруға және аймақтық қауіпсіздікке үлес қосуға бағытталған.

Бұл вектор Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясының тиімділігін және жаһандық өзгерістерге бейімделу қабілетін көрсетеді.

Қытайгеографиялық тұрғыдан маңызды орындағы мемлекет. Қытай арқылы Азия-Тынық мұхит елдері, Моңғолия және Қазақстан арқылы Ресейге, Украинаға жетеді. Одан ары Еуропа нарығы. Қытай Халық Республикасы нарықтық экономикаға өткелі үздіксіз дамудың жолында келеді. Қазіргі заманда АҚШ-тан кейінгі екінші ірі экономика саналады. Оның өзіндік тарихы, экономикасы және геосаяси мүдесіне байланысты қалыптастырған тұрақты сыртқы саясаты бар.

Ал ҚХР-да Ұлы Жібек жолы жылы және Халықаралық туризмді тұрақты дамыту жылы болды. Екі елдің туристік мүмкіндіктеріне арналған көптеген форумдар мен көрмелер өткізіліп келеді. Алайда, Қытайдың өзге елдермен қарым-қатынасын дамыту АҚШ және Батыс елдерінің мүддесіне сай келмейді. Әсіресе Қытайдың Азия-Тынық мұхит елдерімен экономикалық интеграциясына көптеп алаңдаушылық білдіреді. Осыған қатасты Тынық

мүкіт аралды елдердің өз таңдауы болатынын және оған ірі ықпалды елдердің күш көрсетуін қаламайды. Арал елдерінің өз қалауымен кіммен дос болуын шеше алатынын көрсетеді деген ұстанымды негіз етеді. Ал Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынасты дамытуда АҚШ-тың мақсаты да осы тектес ұстанымда.

Қытай – Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі серіктестердің бірі. Қазақстан басшылығы Қытайды сыртқы саясаттағы оң тепе-теңдікке негіз болатын басты держава ретінде анықтады. Бұл саясат Қытайдың халықаралық аренадағы ықпалы артқан сайын оның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты кеңейтіп, өңірдегі басты сыртқы акторға айналатынын, әрі Мәскеуге қарсы тепе-теңдік рөлін атқара алатынын дұрыс болжап отырды. Орта мерзімді перспективада бұл саясат Қазақстанның егемендігін нығайтуда шешуші рөл атқарды. Алайда ұзақ мерзімде туындайтын басты мәселе – бұл өңір Мәскеудің гегемониясын Бейжіңнің ықпалына айырбастап алу қаупі бар ма деген сауал.

Ұзақ мерзімге жету үшін алдымен қысқа мерзімдік міндеттерді басқару қажет. Сондықтан Астананың Қытаймен тұрақты әріптестік орнатуға ұмтылуы – кездейсоқтық емес. Бастапқыда бұл қатынас көбіне экономикалық сипатта болды. Сарапшылар Қытай Орталық Азиядағы экономикалық ықпалын күшейтсе, қауіпсіздік саласы Мәскеудің қарауына қалдырылған «бейресми еңбек бөлінісі» бар екенін атап өткен. Бұл сипаттаманың толық шындыққа сай келмегенін талқылауға болады. Алайда бір нәрсе айқын: Қытайдың Орталық Азиядағы мүддесі тек экономикамен шектелмейді. Шын мәнінде, Қытайдың өңірдегі басты басымдығы – экономикалық емес, қауіпсіздік мәселесі: Шыңжаңдағы түркі текті ұйғыр сепаратизмінің Орталық Азия аумағында қолдау табуына жол бермеу.

Бұл Қытайдың Орталық Азиядағы қауіпсіздікке ерекше мүдделі екендігін көрсетеді және Қытай мен Ресей мүдделері арасындағы жиі ескерілмейтін айырмашылықтың – тіпті болашақтағы ықтимал қайшылықтың – негізін қалайды. Бұл екі держава Батыс ықпалының өңірде күшеюіне жол бермеу мүддесінде ортақ көзқарас ұстанғанымен, Оңтүстік Кавказ, Украина, Молдова мен Қырғызстан мысалдары көрсеткендей, Ресей бұрынғы кеңестік елдерді тұрақсыздандырудан бас тартпайды. Мұндай тәсіл «бақыланатын тұрақсыздық» деп аталады – Владимир Сокордың сөзімен айтқанда, «Мәскеу жергілікті қақтығыстарды өз мүддесіне сай араласу үшін әдейі қоздырып, тараптарды бір-біріне айдап салып отырады». Ал Қытай, керісінше, Орталық Азиядағы кез келген тұрақсыздыққа қарсы, себебі мұндай жағдайлар Шыңжаңдағы ұйғыр сепаратизміне қолайлы орта қалыптастырады деп есептейді.

Қазақстан Қытайдың Орталық Азиядағы саясаты үшін ерекше рөл атқарады, себебі оның дамыған экономикасы және Қытай мен Еуропаны жалғайтын басты құрлықтық дәліз ретіндегі орны маңызды. Қытай Пәкістан арқылы және Қырғызстан мен Өзбекстан арқылы теміржол тарту секілді балама бағыттар салуға ұмтылғанымен, Қазақстанда салыстырмалы түрде дамыған инфрақұрылым бар және ең бастысы – біртұтас құқықтық кеңістік Қытай шекарасынан Каспий теңізіне немесе Ресейге дейінгі жолды қамтиды. Бұл жолмен Қытайдың басты сауда серіктесі – Еуропаға тауарлар тасымалдана

алады. Осы себепті Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасындағы «түйін» ретінде сипатталады.

Шын мәнінде, Қытай көшбасшысы Си Цзиньпин бұл ауқымды бастаманы алғаш рет 2013 жылы Қазақстан астанасында сөйлеген сөзінде жариялады, бұл Бейжіңнің Қазақстанға қаншалықты мән беретінін көрсетеді. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы Қытай басшысының «қолтаңбалы саясаты» немесе «жеке жобасы» деп аталғандықтан, бұл Қазақстанға стратегиялық көзқарас елдің тұрақтылығын қамтамасыз етуге деген міндеттемені де білдіреді. Мұны 2022 жылғы қаңтар оқиғаларынан кейінгі және Ресейдің Украинаға басып кіруі кезіндегі оқиғалар, сондай-ақ ресейлік мемлекеттік БАҚ-та Қазақстанға қарсы бағытталған ақпараттық шабуылдар аясында байқауға болады. 2022 жылдың қыркүйегінде Си Цзиньпин COVID-19 пандемиясынан кейінгі алғашқы шетелдік сапарын дәл Астанаға жасап, сол жерде сөйлеген сөзінде былай деді:

«Халықаралық жағдай қалай өзгерсе де, біз Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын қорғау жолындағы ұмтылысын үнемі қолдаймыз, елдің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету мақсатындағы реформаларыңызды толық қолдаймыз және кез келген сыртқы араласуға қарсы тұрамыз.»

Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың өрлеуі елдің қысқа және орта мерзімді тұрақтылығы мен өркендеуі үшін шешуші маңызға ие. Алайда бұл серіктестіктің өзіндік құны да бар. Қазақстан қоғамында Қытайға қатысты едәуір алаңдаушылық бар, оның бір бөлігі кеңестік үгіт-насихат кезінде қалыптасқан синопобиямен байланысты. Ресейдегідей, Қытайдың Орталық Азия аумағына көз тігуі мүмкін деген қауіп те бар — бұл жағдай Қытайдың Қазақстанда ауылшаруашылық жерлерін жалға алу әрекеттеріне қарсы жаппай наразылықтарға алып келді. Соның нәтижесінде үкімет шетелдік субъектілерге жерді жалға беруге немесе сатуға тыйым салатын заң қабылдауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдары Шыңжаңдағы этникалық ұйғырлар мен қазақтарға қатысты Қытайдың саясаты, әсіресе оларды жаппай «қайта тәрбиелеу лагерьлеріне» жіберу әрекеті Орталық Азияда наразылық туғызды. Бұл әсіресе этномәдени тұрғыдан Шыңжаңмен ең тығыз байланысты ел — Қазақстанда қатты сезілді.

Алайда шынайы жағдайда Қазақстан бұл мәселеде шектеулі мүмкіндіктерге ие, себебі Астана Қытайдың Шыңжаңдағы саясатына қарсы оппозициялық топтардың өз аумағында әрекет етуіне жол бере алмайды. Дегенмен, Шыңжаңдағы жағдайдың даму барысына байланысты бұл мәселе Қазақстан басшылығы үшін күрделі проблемаға айналуға, өйткені қазіргі заманауи технологиялар бұл оқиғалар туралы ақпараттың қазақстандық қоғамға таралуына тосқауыл қоюды мүмкін етпейді.

Қоғамдық пікір Қытайға қарсы бағытта өзгере бастаған сайын, бұл жағдай Қазақстан үкіметінің Қытайдың аймақтық рөлін ескеретін геосаяси тепе-теңдікті сақтап қалу стратегиясын жүзеге асыру қабілетін сынаққа түсіреді.

Дипломатия ұлттық мүдделерге қол жеткізу және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет етеді. Олар үшін бұл күштер тепе-теңдігіне қол жеткізуге және қауіптердің алдын алуға бағытталған кең стратегияның бөлігі. Жаһандану, техникалық жетілдірулер, саяси үдеріс ойыншыларының рөлін күшейту нәтижесінде дипломатия қазіргі заманның жаңа

мүмкіндіктеріне, қиындықтарына бейімделуге мәжбүр болды. Қазіргі кезеңде, дипломатия арқылы сауда, адам құқықтары, терроризм және климаттың өзгеруі сияқты көптеген мәселер қозғалады [215]. Қытай дипломатиясы Қытай Халық Республикасы басқа елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу үшін қолданатын әдістер мен стратегиялар. Ол елдің сыртқы саясатын, оның халықаралық қатынастар стратегияларын және өзінің ұлттық мүдделерін жаһандық деңгейде ілгерілету үшін жүзеге асыратын дипломатиялық қызметін қамтиды. Бірнеше сөзбен айтсақ, Қытай дипломатиясының көптеген негізгі белгілері мен мақсаттары бар, олардың ішінде «араласпау» саясаты, «Бір белдеу - бір жол» бастамасын жүзеге асыруы және аймақтық дипломатия. Қытай дәстүрлі түрде басқа елдердің ішкі істеріне араласпау саясатын ұстанады. Бұл дегеніміз, Орталық Азиямен дипломатиялық қарым-қатынаста Қытай аймақ елдерінің ішкі саяси процестеріне араласпауға тырысады. Ал, «Бір белдеу - бір жол» бастамасы (BRI) Қытайдың соңғы дипломатиялық күш-жігерінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Орталық Азия Қытай мен Еуропа арасындағы инфрақұрылым мен сауда жолдарын дамытуға бағытталған Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасының маңызды элементі болып табылады. Аймақтық дипломатия бойынша, Қытай Орталық Азия аймағында ынтымақтастық дипломатияның саясатын жүргізеді. Ол көршілерімен экономикалық байланыстарды тереңдетуге ұмтылғаны белгілі. Замануи Қытай дипломатиясы стратегиялық жоспарлауды, мәдени аспектілерге назар аударуды және басқа мемлекеттермен сындарлы қарым-қатынас жасау жолдарын іздеуді қамтиды. Әлбетте, Қытай мемлекетінің дипломатиясы оның әлемдегі орнын нығайтуға әрі ұлттық мүдделерді ілгерілетуге бағытталған сыртқы саяси стратегиясын құрайтын тарихи дәстүрлердің, идеологиялық бағдарлардың және замануи геосаяси мақсаттардың үйлесімі негізіндегі бірнеше негізгі бағыттар мен қағидалармен сипатталады. Осындай дипломатиялық нығайтудың бір түрі мемлекеттер арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту болып табылады. Ынтымақтастықтың бұл түрі экономикалық, технологиялық инновациялар, мәдени және білім беру бастамаларымен алмасу, ғылым, инфрақұрылым, энергетика, ақпараттық технологиялар және т.б. салалардағы ынтымақтастықты қамтиды. Соңғы кезде қоғамдық пікірге әсер етуге және елдің шетелдегі бейнесін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық дипломатия тұжырымдамасына аса назар аударылды. Бұл аспект өзара әрекеттесу мен серіктестіктің жаңа түрлерін қамтиды [220].

Қытайдағы «стратегиялық серіктестік» ұғымының дамуы оның дипломатиялық саясаты мен халықаралық қатынастарының маңызды аспектісі болып табылады. Қытайға өз ықпалын кеңейтуге және халықаралық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. 1980 жылдардың басынан бастап, Дэн Сяопиннің басшылығымен реформалар мен ашықтық кезеңінде Қытай стратегиялық серіктестік тұжырымдамасын қамтитын халықаралық ынтымақтастықтың жаңа түрлерін белсенді түрде іздей бастады. Бұл экономикалық реформаларды ілгерілету, инвестициялар тарту және сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейту үшін қажет болды. 1990 жылдары «стратегиялық серіктестік» ұғымы Қытай мен басқа елдер арасындағы терең

және өзара тиімді қатынастарға сілтеме жасау үшін қолданыла бастады. Бұл ынтымақтастық әдеттегі экономикалық өзара әрекеттесуден асып түсетінін және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды қамтитынын білдірді. Соңғы үш онжылдықта Қытай дипломатиясы елдің сыртқы саясатының негізгі құралына және үкіметтермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен екіжақты қатынастардың даму индикаторына айналды. Қазіргі таңда ҚХР билігі Қытайдың ОА елдерімен ынтымақтастығын күшейтуге ерекше назар аударады. Қытайтанушы К. Сыроежкиннің айтуынша, Орталық Азия аймағында ҚХР сыртқы саясатының негізгі сипаттамалық белгілерінің бірі – мемлекеттерге сараланған көзқарас [217]. Бұл ҚХР әр елдің жеке әлеуетінің ерекшеліктерін ескеріп өзара тиімді қарым-қатынас орнатқанын білдіреді. Мақаланың мақсаты ҚХР-ның стратегиялық мүдделер жүйесіндегі ОА аймағының орнын және олардың дипломатиялық қатынастарын қарастыру болып табылады. Стратегиялық серіктестік тек экономикалық немесе әскери ынтымақтастықтан гөрі кеңірек аспектілерді қамтитынын анық. Ол өзара мүдделерді, ұзақ мерзімді мақсаттарды қамтиды және белсенді өзара әрекеттесу мен бейімделуді қажет етеді. Мұндай серіктестіктер акторға халықаралық аренада өз мақсаттарына тиімдірек қол жеткізуге және өз ықпалын нығайтуға мүмкіндік береді. Қытай үшін стратегиялық серіктестік тек экономикалық ынтымақтастықты ғана емес, сонымен қатар саяси, әскери және мәдени өзара әрекеттесуді қамтитын көп қырлы құрал екенін атап көрсетеді.

Бұл Қытайға халықаралық ұстанымдарын нығайтуға, ұзақ мерзімді мақсаттарға жетуге және жаһандық аренада тұрақты одақтар құруға мүмкіндік береді. Сондай ақ, Қытайдағы стратегиялық серіктестік тұжырымдамасы реформалар мен ашықтық саясатындағы халықаралық ынтымақтастықтың жалпы формаларынан дамып, ХХІ ғасырда Қытай дипломатиялық тәжірибесінің маңызды элементіне айналды. Ол саяси өзара іс-қимылды, экономикалық дамуды және мәдени алмасуды қоса алғанда, ынтымақтастықтың кең спектрін қамтиды және Қытайдың халықаралық аренадағы позициясын нығайтуда шешуші рөл атқарады. ҚХР мен Орталық Азияның бес Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнаған уақытта көптеген жетістіктерге қол жеткізілді және экономика, білім, ғылым және т.б. салалардағы ынтымақтастық бағдарламалары бастамаланды. Бүгін, Қытай Орталық Азияда шешуші рөл атқарады, аймақ мемлекеттерімен экономикалық, саяси, мәдени және стратегиялық өзара іс-қимылға белсенді қатысады. Оның ықпалы мен инвестициялары инфрақұрылымды дамытуға, сауда байланыстарын нығайтуға, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және аймақтық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді, бұл Орталық Азияны Қытайдың сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігі етеді.

Орталық Азия елдерінің саяси және экономикалық жүйесіне ҚХР ықпалын күшейтетініне қарамастан «Бір белдеу, бір жол» бастамасы – әлемдік ЖІӨ-мі 50%-дан астам құрайтын 148 елді қамтитын тарихтағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба. Мұндай ауқымды жобаға қатысу ОА елдері үшін экономикалық және саяси пайда әкеледі. Алайда, мұндай ынтымақтастық Орталық Азия елдері үшін елеусіз пайда әкелуі мүмкін. Осыған байланысты ОА аймағы тұрақтылыққа және өзінің даму жолдарын өз бетінше таңдауға,

экономиканы қалпына келтіруге және өзінің әлемдік ауқымдағы тиімді жағдайының барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін шоғырландыруды сақтап, нығайтуы қажет. Осылайша, сыртқы факторлардың қолындағы құрал болмау үшін Орталық Азия аймағының елдері өзара және өздерінің жақын көршілерімен шынайы ынтымақтастыққа ұмтылуы, әлемдік экономика үшін өсіп келе жатқан рөлін түсінуі және қолда бар мүмкіндіктерді ұтымды пайдалана отырып, өндіріс пен өнеркәсіпті жаңғыртуы қажет. Өзара тиімді қарым-қатынастарды құру үшін осы бағыттағы сараптамалық қоғамдастықтың, бизнес-құрылымдардың, мемлекеттік аппараттың, университеттердің өзара іс-қимылының жаңа платформалары мен тетіктерін күшейту және құру талап етіледі.

ОА елдеріндегі ҚХР дипломатиясы бірлескен даму мәселелерінің барлық кешенін шешу үшін қажетті шарт ретінде аймақта және әлемде тұрақтылықты сақтауға мүдделілікті, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде көпвекторлы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты, ШЫҰ кеңістігінде ұзақ мерзімді бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі өзара іс-қимыл, сондай-ақ Орталық Азия аймағын бейбітшілік, ашықтық, амандық және толық үйлесімділік аймағына айналдыру мақсатында ынтымақтастықты нығайтуды көздейтінін назарға алған жөн. Орталық Азиядағы Қытай дипломатиясы айтарлықтай экономикалық және стратегиялық пайда әкеледі, сонымен қатар бірқатар қауіптер мен тәуекелдерді тудырады. Бұл қауіптерге экономикалық тәуелділік, саяси ықпал, стратегиялық бәсекелестік, және әлеуметтік өзгерістер жатады.

Қазақстанның «оң тепе-теңдік» пен көпвекторлы сыртқы саясат тұжырымдамасы — біржақты бағыт емес. Керісінше, бұл тәсіл өзге державалардың да «қатысуына» тәуелді: егер басқа елдер Қазақстанмен байланыс орнатып, көпвекторлы саясаттағы өз рөлін атқаруға ниетті болмаса, Астананың бұл елдермен қарым-қатынас деңгейін Ресейдің өңірлік үстемдігіне қарсы тиімді тепе-теңдік орнататындай етіп көтеруі мүмкін болмайды.

Бір кезеңде Ресейдің Қазақстан мен Орталық Азияға қысымының күшеюі және Батыстың өңірден ішінара алшақтауы Қазақстан стратегиясының ұзақ мерзімде тиімділігіне күмән туғызғаны рас. Алайда соңғы жылдар бұл саясаттың орындылығын ғана емес, Астананың күрделі жағдайында бұл модельдің қолжетімді ең сәтті нұсқа екенін көрсетті. Бұл табыстың бірнеше негізгі себептері бар.

Біріншіден, Қазақстан ішкі саяси реформалары арқылы халықаралық әріптестер үшін анағұрлым тартымды серіктеске айналды. АҚШ, ЕО және Қытай тараптары Қазақстандағы реформалар күн тәртібінің ынтымақтастықты кеңейтуге қосымша серпін беретінін атап өтті. Әрине, Қытай мен Батыстың бұл үдерістерге деген көзқарасы әртүрлі: Қытай оларды экономикалық тұрақтылық тұрғысынан бағаласа, Батыс саяси реформалар мен олар арқылы ашық саяси жүйеге көшу мүмкіндігіне баса назар аударады.

Екіншіден, Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың дамуы маңызды рөл атқарды. Жалғыз құрлықпен шектелген мемлекет ретінде Қазақстанның сыртқы державалардың тұрақты назарын аударуы қиын болатын. Алайда

Орталық Азия елдері өзара келісіп әрекет ете бастағанда және бұл өңір тұтас бір халықаралық аймақ ретінде қарастырыла бастағанда, сыртқы державалардың мүддесі де өзгерді. Осы контексте АҚШ, ЕО, Түркия, Үндістан, Жапония мен Парсы шығанағы елдерінің белсенділігі арта түсті. Қазақстан бұл процесте Өзбекстанмен бірге өңірлік ынтымақтастықтың жетекші қозғаушы күші ретінде көрінді, бұл өңірге сыртқы инвесторлар мен серіктестер үшін тартымдылық қосты.

Үшіншіден, бұл өңірден тыс державалардың өз мүддесімен түсіндіріледі: әсіресе Батыс елдері Орталық Азияны геосаяси тұрғыдан қарастырып, Ресей мен Қытайдың толық үстемдігін болдырмауға мүдделі.

